


ШАЙМАРДАН ҚАЛИАҚПАРОВ

КЛИМЕНТЬЕВКА

АДОЛЬФ

ЯНУШКЕВИЧТИҢ

ІЗІМЕН



СЕМЕЙ - 2008

94 (574) 112

К 26

ШАЙМАРДАН КАЛИАҚПАРОВ

АДОЛЬФ ЯНУШКЕВИЧТІҢ ІЗІМЕН

Тарихи очерк

2/3.

СЕМЕЙ - 2008

ББК 63.3 /Қаз5/
К17

Қалиақпаров Ш.

Адольф Янушкевичтің ізімен: Тарихи очерк. - Семей,
“Интеллект”, 2008, 106 бет

ISBN 9965-9455-2-7

1846 жылы Омбыдан болыстыққа таласты шешуге арнайы комиссия келді. Ол Семейден Қақ ауылына барып сонда мәжіліс өткізді. Оның құрамында А. Янушкевич те бар еді. Адольф көргенін, естігенін күнделігіне түсіріп, хатқа жазып еліне жіберіп отырыпты.

2003-ші жылы құрамында осы шығарманың авторы бар топ сол комиссияның ізімен өтті. Янушкевичтің жазғандары толықтырылып, тұңғыш этнографиялық зерттеу бастауын алды.


Шығарманың тілі жеңіл. Семей өңірі тарихын зерттеушілерге, жалпы оқырмандарға арналған.

ББК 63.3 Қаз5

Қ 05030209-05
00/05/-08

ISBN 9965-9455-2-7

“Интеллект” баспасы, 2008



Бұл шығарманы аяғын жаңа ғана
тәй-тәй басып келе жатқан болашағы
алда жиенім Ақерке Қайратқызына арнадым

Автор



АЛҒЫ СӨЗ

Кәрі тарих ұшы-қиыры жоқ шалқып жатқан теңіз сияқты. Оның тереңіне сүңгіп, түбінде жарқырап жатқан асыл тасын анықтау қолына қалам алған әрбір азаматтың мақсаты, арманы. Ғасырлар қойнауына саяхат жасау өте қиын және жауапты. Олай дейтініміз қағазға түскен әр дерек келесі ұрпақтың еншісі. Дұрыс болмаса, тарихты бұрмалап алуға болады. Оған үділген сайын сұрақтар бірінен соң бірі туа береді, шыға береді... Жүрсең де, тұрсаң да маза бермейді, түн ұйқысын келтірмей жауабын сұрап, тіленіп тұрады.

Қазақ жерін, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін шетелдіктерді қашан да қызықтырған. Соның бірі поляк Адольф Янушкевич. Ол өзіндік көзқарасымен көргенін, естігенін қызық көріп, тамсанып отырып дәптеріне түсіріп отырған. Содан бері бір жарым ғасырдан артық уақыт өткен скен. Оның жазғаны бізді тек бүгін ғана қызықтырып отырған жоқ. Басқалар оған баяғыда назарын аударып, өздеріне керек тақырып тауып, соны зерттеп жазып жатыр. Ондайды ақпарат беттерінде кездестіріп тұрамыз. Жазып жүргендер Янушкевичтер жүріп өткен жердің, елді мекендердің азаматтары емес. Ал, біз үшін осы жердің жерін жерлеп, суын сулап жүрген тұрғындарға Янушкевичтің Күнделігі мен хаттарына көңіл бөлмеуіміз ұят та ғой деймін. Басқаларға қарағанда бұл жердің тарихы бізге жақын және етене таныс. Сондықтан да біздің топ Янушкевичтің ізімен өтуді дұрыс деп санады.

Бұл мақсатымызды жүзеге асыруға Кенжеғазының баласы Қанат жеңіл мәппинесін шопырымен беріп көңілімізді көтеріп жіберді емес пе! Тағы бір сәті түскені – жол бастауға Кенжеғазының келіскені. Ол Әбетей ауылының тумасы. Бұл жер оның ата қонысы. Біз жүретін жердің ойы мен






шұңқырына дейін біледі екен. Ол болмаса, жүрісіміз де нәтижесіз болып шығар ма еді.

Янушкевичтің бұл шығармасы 1861 жылы Францияда поляк тілінде жарық көріп, ешкімге керексіз боп жатып қалған екен. Кейіннен орыстың ұлы жазушысы И.С. Тургенев бірінші болып іздестірген соң ғана жылдар өтіп орысшаға аударылады. Орысқа керек болғанда, қазаққа неге керек болмасын. Осылай орысшадан қазақшаға, қателеспесем, екі мәрте аударылады. Зерттеулер жүргізіле бастайды, жазушылар мен тарихшылар еңбектерінде сол деректерге сілтеу жасайды.

Біздің жүргеніміздің құндылығы жер-су, елді мекен аттары мен сол кезде болған кісілерді анықтап, арызданушы Қойшыбай мен болыс Бейсекенің арасындағы алауыздықты зерттеп, олар туралы ел аузында қалып, енді жоғалып бара жатқан әңгіме-деректерді қағазға түсірдік. Бұл арада біз тек тарихи деректерге ғана сүйендік, біреуді мақтап, екіншісін жамандаған жоқпыз. Естігенімізді келтірдік. Сондықтан арымыз таза, күнәдан аулақпыз. Жылдар өтіп біз де бүгін аға ұрпақ жасына жеттік. Өткен күннің куәгері ретінде өмірден түйгенімізді, естігенімізді жадымызға сақтап, соны болашаққа арнап жеткізбекпіз. Бұл біз үшін парыз. Келесі ұрпақ бізден қалған мұраны айтып жүреді. Өз жерінің, елінің тарихын білген неге жаман болсын?!

Біз алған тақырып шеңберінен шықпауға тырыстық. Тек оқырманға түсінікті болу үшін кей жерде этнографиялық мағлұмат бере кетуді дұрыс көрдік. Олай дейтініміз Қызылсу мен Шардың арғы-бергі жағасында тұрып жатқан жұрт өгей емес, көктен түскен жоқ, өзіндік тарихы бар және ол ашылмаған. Теренге үңілмедік. Зерттей келе өзімізге бір жаңалық аштық. Ол – қазақ пен жоңғар шапқыншыларының соғысымен байланысы, халықтың зауал шаққа ұшырап үдере





қоныс аударуы. Ашқан жаңалығымызды дәлелден көрейік.

Белгілі шежірелерден байқағанымыз: бір жерде өсіп-өнген атаның ұрпағы түгелдей таратылады екен де, арғы бабаларының есімдері бір-бірлеп ғана көрсетіледі. Осы жолы да солай. Дәуітхан Халелұлының қолындағы шежіреде арғы аталары Ақбайға дейін былай дараланып келеді: Керей, одан Ашамайлы, одан Тарышы, одан Ақсары, одан Ақымбет, одан Бейімбет, одан Ақбай, одан Амалдық деп тізбектеледі. Осыдан кейін Амалдықтың ұрпақтары түгелдей тармақтанып кетеді. Қарап отырсақ, Керей ұрпағын таратқанда, бұл шежіренің белгілі ғалым Мұхаметжан Тынышбаевтың шежіресінен айырмашылығы бар. Тынышбаевта Тарышы жоқ, оның орнына Ысмайыл. Бұлардың ара қатынасы қалай? Анықтауды талап етеді. Жоғарғы аталарда қателіктер бола береді, таластар да туып жатады. Оны шежірешілер арасынан көріп жүрміз. Дәуітхан Халелұлының шежіресін басқа шежірелермен салыстырғанда бірсыпыра айырмашылықты кездестірдік. Бірақ оларды келтірген жоқпыз, біздің тақырыпқа жатпайды. Жоғарғы ата-текті дұрыстап шығарып алу үшін қолдағы шежіре әлі де зерттеуді талап етеді.

Д.Халелұлының шежіресінде аталары Амалдықтың балалары Атантай, Әйтiмбет, Қожамбердi, Жолбықай деп аталып, әрi қарай ата тармағы өрбiп жүре бередi. Осылай зерделеу кездейсоқ па? Әрине, жоқ. Бұл Амалдық ұрпағының осында өсiп-өнгенiн дәлелдейдi. Олай болса жас Амалдық осында өзi келiп бiрден ұрпақ жайып жiбердi деу қисынсыз. Ендеше ол әкесiмен, атасымен және туыстарымен келген деп жорамалдауға болады. Кәрi атасының келуi күмән туғызса, әкесiнiң келуi әбден ықтимал. Осылай деп түйiндесек Амалдықтың әкесi Ақбай бастаған топ мұнда қай жылы келдi екен?






Жоңғар шапқыншылығының аяқталу мерзімі он сегізінші ғасырдың ортасына таяу десек, біз зерттеп отырған мерзім қай жылға келеді екен? Соған назар аударып көрелік. Ол - шамасы сол ғасырдың отызыншы жылдарының арғы-бергісі. Дәлелдеп көрсейік. Демографтар адамзаттың әр буын арасын жиырма бес жыл деп санайды. Осы арада Дәуітхан Халелұлының шежіресіне сүйенейік, себебі өзі шежіреші болған соң ата-тегін қатесіз біледі деп санаймыз. Ол былай екен: Ақбай, одан Амалдық, одан Жолбықай, одан Мендібай, одан Тоқаш, одан Ебей, одан Бәйке, одан Шұбарбай, одан Халел, одан Дәуітхан, одан Шалқарбек, одан Дастан. Он екі ата болды. Ақбай мен Амалдықтың арасы жиырма бес жыл деп саналатындықтан, Амалдық пен Дәуітханның немересі Дастанның арасы екі жүз жетпіс бес жыл. 2007-ден 275-ті алса 1732-ші жыл болып шығады.

Осы жорамалдауымызды дәлелдеу үшін тағы бір ата арасын санайық. Ол – осы аймаққа сыйлы азамат болған Мәуітхан Ахметұлының ата-бабалары мен ұрпағы болсын. Оның арғы атасы Маңғытай, одан Есенғұл, одан Нарбота, одан Өмір, одан Темірқұл, одан Сәмеке, одан Орынбай, одан Жүніс, одан Ахмет, одан Мәуітхан, одан Бекет, одан Арман, Шыңғыс және Талғат. Он екі ата. Он бірді жиырма беске көбейтсе, екі жүз жетпіс бес жыл болады. 2007-ден 275-ті алса, 1732-ші болып тағы да шығады. Яғни, біздің жорамалдауымыз көңілге қонатындай.

Біз болсақ Ақбайлар бастап келген елдің келу мерзімі 1730-шы жыл деп шамалап отырмыз. Себебі айтылып отырған жыл осы жердің қалмақтардан тазартылуымен байланысты. 1726-шы жылы жеңіліске ұшыраған қалмақ бірден кете қойған жоқ. Олардың қолы біраз ғана сарбаздан тұрған жоқ және тез жүріп кететін мәшинедес емес. Жаудың күші Жасыбай көлі жағынан Ертісті бойлап қашқаны аян.





Осы жерде де қазақтар жаумен шайқасқан. Оған себеп - өңірімізде әр жерде кездесе беретін қалмақтардың зираттары. Бұл жерді мекендену тек жаудан тазартылғаннан кейін ғана басталды деуге болады.

Біз осылай Қойшыбай мен Бейсекенің арасындағы тартыстың басын кіріспемен ашып, осы жерді мекендеп отырған халықтың тарихына көз жүгіртуден бастадық.

Біз шамамыз келгенше поляк Адольф Янушкевичтің жазғандарын толықтырдық, бастаған зерттеулерін қолдадық. Осылай алдымыздағы ұрпаққа білгенімізді ұсынып отырмыз.





ЯНУШКЕВИЧ КЕЛЕР АЛДЫНДА

Күнделікті ісіміздің бәрі де ертең тарихқа айналатыны хақ. 158 жыл бұрын Семей өңірінде болған Отанын жанындай сүйетін, оның егемендігін аңсаған поляк революционері, жазушы А.Янушкевич өзінің күнделіктерінің осылай болатынын ойлады ма екен? Әй, қайдам?!

Жиырма сегіз жастағы Адольф Ресей патша өкіметіне қарсы 1830 жылы Варшавада болған азаттық көтеріліске қатынасып, ауыр жараланып тұтқынға түседі. Екі жылдан соң дворян атағынан айырылып, өлім жазасына кесіледі. Бірақ бұл үкім қайта қаралып мерзімсіз уақытқа Сібірге жер аударылады. Он екі жыл Есіл мен Омбыда айдауда болады. Тек 1841 жылы ғана жеңілдік беріліп Сібір қазақтары шекаралық басқармасындағы қазақ бөлімшесіне канцелярист қызметіне тағайындалады.

1843 жылдан бастап дүркін-дүркін экспедиция құрамында қазақ даласына қатардағы халық және мал санақшысы қызметімен шығып тұрады. Осылай ол 1846 жылы алты ай бойы Омбы шекаралық бастық генерал Вишневскийдің экспедициясының құрамына еніп, Омбы-Семей-Аягөз-Шыңғыстау-Қарқаралы-Баянауыл-Омбы маршрутымен атқа салт мініп, арбаға отырып жүріп өтіпті. Омбыдан шыққан экспедицияның алдында бірнеше міндет тұр еді. Бастысы – Ұлы Орда басшыларымен Лепсі өзені бойында кездесу.

Ұлы Орда деп қазақ халқы өзінің ұлы ханы Әз-Тәуке дүние салған соң оның орнын басқан немересі Болат ханның ұлы Әбілмәмбет хан отырған шаңырақты атаған болатын. Енді заман өзгеріп солтүстіктегі алпауыт елге бодан болып бас иген соң Ұлы жүз жері Ұлы Орда атанып кеткен. Әз-Тәукеден кейін Әбілқайыр бастаған Кіші





жүз рулары Ресейдің қолтығына кіріп, қазақ елі бірлігінің сөгілгені белгілі. Он жетінші ғасырдың басында Батыс Сібірдің Ресейге қосылуы аяқталды. Патшалықтың ендігі бағыты Үнді, Қытай, Ауғанстан мен Персияға жол ашу еді. Ол үшін жолда Ұлы Дала жатыр. Бұл мақсатты іске асыру үшін патшалық Ресей алдымен Ертістің жоғарғы ағысын қолға түсіруді көздеді. 1715 жылы Батыс Сібірдің шекаралық қауіпсіздігін нығайту мақсатында “Сібір бекініс шегі” құрылды. Омбы, Темір, Ямышев, Семей, Өскемен және Петропавл бекіністерінің салынуымен Ресейдің ресми шекарасы кеңіп қазақтың Орта жүзінің жеріне жетті. Біріне бірі жалғас жатқан әскери қамалдар мен өзендер бойындағы бекіністер Орал өзенінен Өскемен қамалына дейін созылып, үш жарым мың қашықтықты қамтыды. Бұл қамалдар мен бекіністер кездейсоқ салынған жоқ еді. Ресей өкіметі бұл шекті әскери құрамаға теңеп, оның басшысы етіп 1840 жылы генерал-майор Христиан Киндерманды тағайындады. Осылай маңдайының соры бес елі қазақ тағы бір құрсауға ілінді.

1830-шы жылы Ертістің жағалауынан он шақырымдық шеп бекітіліп, жергілікті халық осы жерден көшірілмек болады. Бұл шешімді қолдаған Өскемен өңірінің аға сұлтаны Қозыбайдың Тілеубердісі қолын қойыпты. Осы шешімге әр жерден паразылық білдірген азаматтардың ащы дауыстары шығып жатты. Соның бірі Өскемен қаласының жанындағы Желдіөзектің тумасы Байқадам би бұл туралы былай депті:

*“Рұқсатсыз орысқа берді жерді,
Қағазға қолын қойып Тілеуберді.
Тегі ботен билесе ел оңар ма?..
Кім басады кеудеге толған шерді.”*

Виктор Ивашкевичтің тобы Семейге келген кезде Ұлы жүз әзірше Қоқан хандығының нелігінде қалған. Содан





бері талай су ағып Орта жүздегі хандық патшаның 1822 жылғы “Сібір қырғыздары туралы Жарғысымен” жойылды. Ұлттық мемлекеттілікке енді бет түзеп келе жатқанда, отаршылдық құрығына түсіп, хандықтан айырылып қазақ жері губернияларға бөлінді. Жетпіс-сексен шаңырақ бір ауыл болып есептеліп, он-он екі ауыл бір болыс, он бес-жиырма болыс бір округ боп құрылды. Орта жүздің Уәли ханының дүниеден озуымен Шыңғыс тұқымдарының мемлекет басқаруларына шек қойылды. Округта бас әкім – аға сұлтан, болыста – волостной управитель [қазақтар болыс деп атады], ауылда – старшындар басқаратын болды. Сол Жарғымен Семей ішкі округі Омбы облысына кірген болатын. 1838 жылы бұл әкімшілік орган жойылып, оған қараған ішкі округтар көршілес губернияларға ауысты. Енді Семей мен Өскемен округтері Том губерниясына қарасты Бий уезіне қарады. Ру-руға бөлініп, жіктеліп отырған қазақтарға, оның азғантай оқығандары патшаның жергілікті малайлары болуға таласып, қырық пышақ болып қырқысуына осылай жол ашылды. [Осыған қарап отарлаушылардың жүргізген саясатының пәрменді болғанын аңғаруға болады.] Міне, соның бірі болыстыққа таласқан Нартайлақ Айтпай Дәулеттің немересі Қойшыбай Бексейітұлы еді. Патша Жарғысының күшіне енгелі бері жиырма жылдан астам уақыт өтті. Жоғарыда орындалған саяси әрекеттердің нәтижесінде жергілікті халық бодандыққа еніп, Ресей өкіметінің қоластына кірді. Оның жүріс-тұрысы, патшаға деген көзқарасы, салық төлеуі әкімшіліктің бақылауында болды. Округте тәртіпті сақтау үшін және кесілген жазаны орындайтын казактар бөлімшелерінен тұратын әскери отрядтар бар. Мұның үстіне бұрынғы Дорджикент елді мекенінің орнына салынған қарулы әскері бар гарнизон Семей қамалында күнделікті жауынгерлік дайындықта





тұр. Келісшек қамал орнын зерттеуге келген арнайы экспедиция жеті буддалық шеркеу орнын тауып жаңадан салынатын қаланың атын "Жеті шатыр" деп қойып үлгерген еді. Осылай шет жерден келген лауазымды адамдар қазақ жерінде өздерін қожайын санады. Өздеріне ұнаған аттарды қоя бастады. Тәуелсіздік көтерілісіне шықса, өзіне қарсы осы қамалдан өлім оғының атылатынын білсе де, аңғал қазақ солдаттардан да, олардың қару-жарақтарынан именіп жатқан жоқ. Орысты көрсе шет айналып жүре берді.

Пағшалық Ресейдің жүргізіп отырған саясатын революционер Янушкевич білетін. Оның келетін жеріндегі саяси ахуал осындай болатын.

Аталмыш экспедицияның Виктор Ивашкевич бастаған бір тобы бастапқыда Орта жүз жеріне бет бұрған еді. Мұнда Адольф Янушкевич те бар-тын. Бұл ұжымның мақсаты: Семейдің күншығысында жатқан Қақ ауылына барып Батыс-Сібір генерал-губернаторының атына Қойшыбайдың қазіргі болыс қызметін атқарушы Бейсекенің үстінен жазған арызын қарап, ақ-қарасын анықтап, шешімін шығарып қайту еді.

Ара қашықтығы қырық-слу шақырым болатын, аттары тек тарих пен әдебиетте ғана аталатын, әйгілі Қызылсу мен Шар өзендерінің арғы-бергі жағалауларын Ашамайлы Керейдің Ақымбетінің балалары Бегімбет, Бейімбет пен Кәрікұлақтың ұрпақтары "ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама" зауал шағынан бері мекендейтін. Қиын қыстау заманда елін аман сақтап қалуға бел байлап көш бастаған Бегімбеттің Маңғытайынан тарайтын немерелері Арыстан, Есенғұл мен Қабаш, Бейімбеттің Ақбайының Амалдығы және Кәрікұлақтың Тойшысы болатын. Содан бері бір ғасырдан артық уақыт өтті. Ел арасындағы түрлі даулар беделді ақсақалдардың ақылымен шешіліп жатағын. Осылай ай-





рандай ұйып отырған елдің арасында өшпес ошпенділік сөз шықты. Қызылсу жағасында отырған Қойшыбай, Шар бойын мекендеген Бейсекемен болыстыққа таласты. Қойшыбай өткен сайлаудың қортындысын жоққа шығармақ. Оны тоқтатпақ болған Бәке би, Дәулеттің Малыбайы мен Алыбайы, Төбет батырдың Баққарасы сияқты ауыл ақсақалдары: “Екеуің де бір Есенғұлдан тарайсындар. Сен Нартайлақтан болсаң, Бейсеке – Нарботадан. Ағайын арасына іріткі салма, елді дүрліктірме. Істі насырға шаптырмай-ақ қой. Айтқанға көн. Дауды өзіміз де шешеміз” деп Қойшыбайға басу айтып еді, оған ол көнбеді. Көпті көрген, талай елдің жерін басып, суын сулаған, Меккеге барып мұсылмандықтың бесінші парызын өтеп, қажы атанып келген аталас Қайыптың Изенінен тарайтын Кетік те: “Алла әкімшілікті қалағанына береді. Сен қателестің. Сабаңа түсіп жоғары орынға арыз жазбасаң, Алла Тағала кешіреді. Күнәға батпа. Алла Тағала кең, жарылқаса, кейін де болыс боларсың” – деп тоқтам айтқанына да болмады.”Әй, Қойшыбай! Айтпай мен Қайып ағалы-інілі. Сондықтан сен маған алыс емессің. Інім ретінде айтайын, тыңда сөзімді, - деген қарт Төти.- Төрімнен көрім жуық. Мен саған жаманшылық ойламаймын. Сүттей ұйып отырған ағайынның аузына алалық түседі. Жік салма, қаймағын бұзба. Бұл ежелден келе жатқан қағида. Бізден бұрынғы Төле би, Қазыбек би мен Әйтеке би аталарымыз ел арасын бұзбауды бізге аманат етіп тапсырып кеткен. Төле би көп жасап, даналығымен халқына сыйлы болған. Сол да-нышпан:

*“Бейбіт елде сән болар,
Бүлінген елде дау болар.
Даудың түбі жау болар,
Жаудың түбі шаң болар,
Шаңдатып жау айқасса,
Айта жүрер күн болар,” депті.*





Осының өзі тоқтамға келуге жетіп жатыр. Біз соғыспасақ та артыңнан: “Қойшыбай өйтіпті, Қойшыбай бүйгіпті” деген жаман сөз қалады. Ұрпағыңның артынан ереді. Алдында біз сияқты ақылшы ағаларың тұрып, солардың тілін алмағаның елден ұят. Үлкенді тыңдау, үлкеннің тілін алу бұрыннан келе жатқан қағида. Хан Тәукенің Жарғысында ауыл арасындағы дауды шешу билігін билер мен ақсақалдарға берген. Бейсекемен сені кездестірейін. Қарама-қарсы отырғызып бір мәмлеге келтірейін,” деген. Төғидің сөзін бөлмей тыңдаған Қойшыбай: “Ауыр айттыңыз ғой, аға. Арыз қағаздың Омбыға кеткеніне көп уақыт өтіп кетті. Губернатордың шешімін күтіп жатыр. Жүріп кеткен істі енді тоқтата алмаймын” деген. Төғи бұл өңірге беделі түспеген бұрынғы болыс, ел ағасы болған адам. Сөзге шешен, тапқыр, орақ тілді Төғи туралы әңгімелер тірісінде соңынан еріп жүрген. Ол қазір ел билігіне баласы Рақышты, қыран балапанын тәрбиелегендей, баулып, қасына алып, жиын алдында сөз сөйлетіп сыннан өткізіп жүр.

Ағайындардың айтқанына көнбеген Қойшыбай, осы арадағы Арғын, Найман, Керей мен Уаққа танымал, беделі де, сөзі де жүріп тұрған, шешендігімен ел аузында жүрген Бейсекеге қарсы шықты. Ол да өзін Бейсекеден кем санағысы келмеді. Халқымызға тән “өзі білетін” қайсарлыққа салып: “Оның білетінін мен де білемін. Ол басқарған елді мен де басқара аламын” деп өзін өрге сүйреледі. Малы өсіп, жайлауы кеңіп “мен мұңдалатып” өзі аттас ауылының қасындағы төбенің басына, жерлестері мен көрші ауылдар тұрғындары Жаратқанға тәуіп етсін деп төбесі қаңылтырмен жабылған сегіз қырлы мешіт салдыртты. Имам етіп осы өңірге белгілі діни оқымысты татар Жүністі отырғызды. Манайдағы ауылдарға баратын қосымша молдаларды тапты. Ауыл балалары да шет





қалмады. Оларға арнайы Делбегетейдің түбіндегі Асқаралы ауылынан оқуды жаңа ғана бітірген жас молла Ақышты [аты кездейсоқ алынды] әкесінен сұрап алып келді. Ол жай молла емес, Мұхаммед пайғамбарымыздың ізбасары болған халиф әулетінен тарап, Тұранды дінге мойын ұсынтуға келген түп атасынан бермен қарай абыздықты кәсіп еткен жалғыз үйі қожадан еді. Сақал-мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан молла жоғарғы жаққа арыз жазғанға да ыңғайлы екен. Жас болса да сөздің ыңғайын білетін, көзі ашық, көкірегі ояу, білімге сауатты. Сыртынан сынап жүрген бала өзінің айтқанын үндемей қабылдайды, үлкенді сыйлағыш. Демалыс күндердің бірінде екеулеп отырып: “Болюстыққа өткен сайлауда әділетсіздіктер болып Бейсеке [шын аты Бейсенбай] Еренұлы заңсыз әкімшілік қызметін атқарып отыр,”- деген дүмше қағазды бірден Омбыдағы генерал-губернаторға домалатты. Арызға өзін қолдаушылардың қолын қойғызды. Губернатордың сенімін арттыру үшін өтінішке дүниеден өтіп кеткен беделді кісілердің жалған қолдарын қойғызып, мөрлерін бастырған болатын. Өміршісі арқасынан қаққан соң жас молла өзін еркін сезіне бастады. Бірнеше күн бостандық алып Асқаралыдағы әке-шешесіне барып аунап-қунап қайтты. Қыста ауыл балаларымен бірге шана тебуге де рұқсат алды. Оқудан бос уақытта Төбет батырдың немересі Байсарының атымен аталатын ауылдың дөңінен сырғанаған шана Қызылсудың жарынан секіріп, мұздан желдсі есіп, келесі жағаға бір-ақ тірелетін. Қойшыбай ауылы кейіннен моллалыққа, Асқаралыда бастауыш мектепте мұғалім болған Ағзам Жабықбаевтың әкесі Жұмағожаны ұстапты. Жұмағожа Жабықбаев 1938-ші жылдың 27-ші ақпанында көктемдегі егін егу науқанындағы “зиянкестігі” үшін атылыпты. Қойшыбайды жақтап, қолтығына жылы су сеуіп қол қоюшылар да табылды. Қойшыбай арызын





жіберген күннен бастап тыным таппады, хабарын күтті. Арнайы комиссия барады деген хабар алғанда төбесі көкке бір елі жетпей қалғандай болды. Қалайша?! Жоғарғы мәртебелі губернатордың өзі Қойшыбайдың өтінішіне назарын аударған. “Қазақ даласынан оған талай хаттар келіп жатқан шығар. Бірақ менің арызыма назар аударғаны - өтінішімнің маңыздылығынан, дөп түсіп нақтылы жазғанымнан”, - деп Қойшыбай қуанып, бойына бір қуаттың енгенін сезді, көңілі көтерілді.

Осындай мазмұнды хат Бейсекеге де келіп түскен. Енді екі жақ та дайындыққа кірісіп кетті. Келетін мәртебелі қонақтарды түсіретін ауылды таңдау, сый-сияпатын әзірлеу, қонақ үйін тұрғызып, оны әшскейлеу, керек болса, серуенге шығарып, қайтарында астарына мінетін сәйгүліктерді таңдап әкеліп қою, ел арасынан би, болыстарды, игі жақсылары мен ақылгөй шешендерді тауып, олардың не айтатындарын талқылау деген сияқты көп шаруалар тұр еді. Әрине, қонақтарды қошаметтеп қарсы алу, орналастыру, күту өкіметтің ресми өкілі болыс Бейсекенің мойнында. Өз арызының оң шешімін күткен Қойшыбай да мұндай дайындықты жүргізе бастаған.

Өтетін мәжілісте екі жақтың да білетіні – сөз сайысы, тапқырлық пен қулықтың керектігі. Мұның бәрі де әйгілі. Ел арасында да бұл дау туралы әр жерде айтылып жүр. Екі кісінің басы қосыла кетсе болғаны әңгіме өткен сайлау мен қарсыластар туралы өрбиді. Олардың жүріс-тұрысы, атқарып жатқан істері мен сөйлеген сөздеріне дейін талқыланады. Қойшыбайды да, Бейскені де қолдайтын адамдары табылып халық екі топқа бөлінісіп алған. Екі жаққа да бір жеңілдік бар. Ол - бұлардың бірін-бірі білетіндігінде, сен кімсің дейтін емес және екі жақ та ел ішіндегі әлеуметтік жағдайға қанық. Екі ауыл арасын тек Ақдәулет қыраты






бөліп тұр.

Адольф Янушкевич қазақ сахарасында өзінің көргенін, түйгенін күнделігіне түсіріп, сонау Польшадағы туыстарына жеткізіп отырған. Өйткені Европадан басқа құрылыққа келген адамның әсері мүлде басқаша еді. Елді мекендері жиі орналасқан, табиғаты орманды және шөпті, ауа райы жұмсақ, ылғалы мол, адамдары басқа мәдениеттегі адамға феодалдық деңгейде өмір сүріп жатқан дала тұрғындары бұған тым жабайы көрінген. Жаңалыққа толы хаттарында ол қазақтың сайын даласы мен халқы туралы, тұрмысы мен әдет-ғұрпын европалықтармен салыстыра отырып көрсетеді, бұратана саналатын Ресей сияқты алып империяның шетінде жатқан халықтың табиғи шешендігіне, кемелдігіне, дәстүріне тәнті болып, жалынды, ыстық ықласпен жазады. Демек, ол көшпелі халықтың материалдық тұрмысы “төменде” болып, рухани жағынан “ғарышта” тұрғанына таңғалады. Саяхатшы өз тобын Ертістен өткенде Жаңа Семейде бейтаныс қазақ көпесінің тосып алып үйінде қонақ қылып жібергенін хабардар етіп, жергілікті халықтың кеңпейілділігін, қонақжайлылығын жеткізеді. Ол күнделігінде арызды қарау мәжілісінде шешендердің кезекпен сөз таластырғанын, қайсыбіреулерінің желпіне, айқышты сөйлегені соншалық, менің өзім қайран қалдым деп жазыпты. Ол: “Ежелгі Грецияда немесе Римде болса, старшина Тоқымбай мен Бейсекеннің өзі лаврдың астында қалған болар еді” дей келе, шешендерді Батыстың Демосфен, Цицерондарымен салыстырып, үлкен әсер алып қол соққанын айтады.

...Қазір біз арамызда аракідік кездесіп қалатын сөзі шырайлы, күрделі ойын аз сөзбен жеткізетін, сөйлегенде бәйге атындай құлпыратын, сөзі нардан түскендей салмақты, көкірегі ашық шешендердің мүдірмей сөйлеп, даналы сөздерді түйдек-түйдек тастағанда тандайымызды қағып





отырамыз да, соңынан осы өнерді анда-санда еске алуымызбен шектелеміз. Тоқымбай мен Бейсеке сияқты шешендер қазір де арамызда жүр, бірақ оларды кім әлсеге әйгілі шешендермен қатар қойып құрметтеп жатыр? Шешендік те ақындық сияқты білімдікті, сөз байлығы мен тапқырлықты талап етеді.

Янушкевич сол кездегі елге танымал болған Мәуке би, аға сұлтан Құнанбай, Барақ батыр, күйші және сазгер Тәттімбет, Түбек, Жанақ және Орынбай сияқты суырып салма ақындар, Жазық ақын және халық азаттық қозғалысының басшысы Кенесары Қасымов туралы құнды деректер береді. Көңіл толтырарлық тағы бір пікірі: ол - қазақ халқының болашағына сенімді. Осылай әлемге қазақ деген халықтың бар екенін жәрия етіп, оның дарынды екенін европалықтарға жеткізді. Бұл - қуанарлық жаңалық еді ғой сол кезде. Қазақ халқының әлем мәдениетіне қосатын үлесін жариялағаны үшін оның қолжазбалары француз, поляк, орыс, қазақ тілдерінде жарық көрді. Оның бұл еңбегі бізге, қазіргі ұрпақ үшін осынысымен өте құнды. Біздің көне халық екеніміз европалықтарға бұл да дәлел, Янушкевичтің қосқан үлесі осы.

...Янушкевичпен тағдырлас досы Виктор Ивашкевичтің тобы Семейге жеткен соң жоғарыда көрсетілген маршруттан ауытқып, Семейдің шығыс жағын бетке алып, Керуенкөлде түнеп Қақ ауылына барады.

“Бір жарым ғасыр бұрын қандай болған екенбіз, ол жазған жер-су аттары өзгеріске ұшырады ма екен?” - деген сауалдар еріксіз жолға жетеледі. Тағы да бір алға қойған мақсатымыз – саяхатшының жазғанын мазмұны жағынан толықтыру еді.

Біз де өзімізше экспедиция құрып Виктор Ивашкевич тобының ізімен жүрмек болдық. Біздің мақсатымыз басқаша,





ол: тура сол ізбен жүру, жер аттарын анықтау, өзгерістерді белгілеу. Қанат Өзханов берген “Ниваның” ролінде Евгений Хорошкевич. Одан басқа Кенжеғазы Өзханов, Жаңажол ауылынан қосылған Дәуітхан Халелов, тоғызыншы сынып оқушысы Әдия және мен, осы жолдардың авторы.

Янушкевичтер Семейде мамырдың 14-19, Қақта - 20-25-не дейін болыпты.

Біздің жолға шыққан сәтті күніміз 2003 жылдың 3 шілдесі.



СӨЙТІП, ЯНУШКЕВИЧ СЕМЕЙ ТУРАЛЫ НЕ ЖАЗДЫ ЕКЕН?

Янушкевич 1846 жылдың 17 мамырында інісіне жолдаған хатында: “Семей бір кездегі Омбы облысының орталығы болған...1716 немесе 1726 жылы осы аттас кішігірім бекініс 20 шақырымнан... осы жерге көшіріліп әкелінген. Жоңғарлардың қираған ескі қамалының орнына салынған бүгінгі Семейде 7000-ға тарта тұрғыны бар, олардың көбі татарлар, ташкенттіктер, бұхарлықтар. Сондықтан шіркеу біреу, ал мешіт алтау немесе жетеу. Қазақ тілі барлық жерде дерлік қолданылады,” деп жазыпты ол.

А.Янушкевич Семейді Сібір, Қытай, Ташкент, Қоқанд, Бұхарамен қатынас жол торабында тұрғанын айта келіп, оның өнеркәсібінен былғары заводы мен диірмендерін атайды. Әскерилерден – казактар бригадасын атап, өкімет дуанбасының қолында, дейді.

А.Янушкевич келгенде бекіністің жаңа қонысына отыз жыл шамасында болса, қазіргі Семей қаласы биыл өзінің 287 жылдығын атамақ. 300 мыңнан астам тұрғыны бар шаһар Шығыс Қазақстан облысындағы екінші қала. Қалада бір шіркеу, жеті мешіт бар. Негізгі тұрғындары қазақтар, одан кейінгі орында орыс, татар және басқа халықтар өкілдері.

Осыдан он-он бес жыл бұрын Семей облысы ауылшаруашылығы дамыған, Кеңес өкіметіне әйгілі алып ет-консерві, былғары-мех және ұн өнімдерін шығаратын комбинаттары, “Большевичка” өндірістік тігін бірлестігі, тоқыма, шұлық, аяқ киім фабрикалары, арнайы “промзона” болып шоғырланған ауыр өнеркәсіп орындарымен республика бюджетіне қомақты қаржы қосатын әйгілі аймақ болатын. Қазір заман өзгеріп, өз талабын қойды. Солардың орнына жаңа кәсіпорындары пайда болды. Семей облыстық тізгінін



Өскеменге 1997 жылдың 4-ші мамырында беріп, қала болып қалды. 2007-ші жылдың 21-ші маусымынан бастап еліміздің президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен Семипалатинск қаласы Семей болып өзгертілді.

Янушкевич болғаннан бері өткен бір жарым ғасыр шеңберінде қазақ әдебиеті дамып, әлемдік деңгейге көтерілді. Абай Құнанбайұлы дүниеге келіп, қазақ халқы жазба әдебиетінің негізін салды. Оның артынан бірнеше шәкірттері ерді. Солардың арасынан суырылып дала данышпаны аталған, ойшыл ақын Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы шықты. М.Әуезовтің әдеби шығармалары дүниесіздік классиктерінің қатарынан орын алды. Осы үш ғұлама Семей өңірін асқақтатып еліміздің рухани орталығы атандырды. Атаққа ие болу бар да, сақтап қалу оңай емес. Кнелі топырақ таланттардан кенже қалтырмады. Солардың ізін республикамыздың халық жазушысы, Семейдің құрметті азаматы Әзілхан Нұршайықов бастаған, Мұхтар Мағауин, Тұрсынхан Әбдірахманова, тағы басқа елімізге танымал қаламгерлер басты. Солардың қатарында тұрған жерлесіміз Медеу Сәрсекенің шығармалары шет тілдерінде де жарық көрді. Бұлардың соңынан келесі буын да өздерін қызықты шығармаларымен көрсете бастады. Ақын Тыныштықбек Әбдікәкімов пен Айгүл Кемелбаева поэзия мен проза жанрларында өздерін еліміздің оқырман қауымына танытып, келешектері мол ақын-жазушылар скенін көрсетіп келеді. Аты бүкіл елге танымал абайтанушы болған ғалым Қайым Мұхамедхановтың аты бұл жерде ерекше қошамстпен аталады. Сондықтан да Семей республикамызда рухани орталық деген атақты әлі де сақтап келеді.

Қазіргі Семей темір, әуе, су жолдары торабында тұр. Жаңадан салынған аспалы автокөлік көпірі шет елдері арасындағы қарым-қатынасқа маңызды зор коммуникациялық





құрылыс санатына енді. 2007 жылдың желтоқсан айының басында қолдануға берілген Шар-Өскемен темір жолы ғасырдың құрылысы болып саналады. Ол туралы шығармалар жазылатынына сенеміз.

Өткен ғасырдың екінші жартысында қала күрт өзгерді. Абай мен Достоевскийдің, тарихи-өлкетану, Невзоров отбасылар атындағы мұражайлары, облыстық Абай атындағы драмалық театр, неке кию, жастар сарайлары, зәулім биік қонақ үйлері, ескерткіштер қала көркін құбылтып жіберді. Көп қабатты тұрғын үйлер көшелер бойында салтанатты қатар түзеп тұр. Әсіресе Ертістің сол жағасындағы Жаңа Семей жаңадан түлеп, адам танымастай мүлде өзгеріп кетті. Оның әсем де көрікті Мухтар Әуезов атындағы орталық көшесі рухани бірлестігін жалғағандай, көпірден өтіп көне Семейдегі Шәкәрім даңғылымен жалғасты. Бұрынғы Комсомол даңғылы қазақтың кемеңгер перзенті, ақын, ойшыл, тарихшы һәм композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының атымен аталуына облыстық және қалалық Қазақ тілі қоғамдары да шет қалмады. Сол кезде облыстық Қазақ тілі қоғамын қара сөздің шебері Бәттәш Сыдықұлы басқарды. Қала тарихындағы бұл өзгеріске қалалық қоғамда қызмет атқарған менін де қатынасым болды. Бұл көше соңғы кезде кеңейтіліп, түрлі ғимараттар салынып, жарықтандырылып қаланың көрікті көшелерінің көшбасшысына айналды.

Қаладағы Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы мемлекеттік университеттен бастаған ондаған жоғарғы және арнайы білім ордалары елімізге келешекте еңбек ететін мамандарды дайындауда. Семей шаһары күннен күнге көркейіп келеді, “жаңадан салынды” деген сөзді жиі еститін болдық. Қала көшелеріне ондаған километр асфальт төселініп, аспалы шамдар бекітілген бағандар орнатылды. Шәкәрім даңғылы мен Қабанбай батыр көшесіндегі шамдар



түнді күндей етеді.

Қай қала болсын мемлекет дамуының көрсеткіші. Ондағы әр дәуірде салынған ғимараттарды көріп сол кездегі сәулетшілер мен құрылысшылардың сіңірген еңбектері мен ой-армандарын көз алдымызға елестетеміз. Сәулет өнерінің қандай деңгейде болғанын көреміз. Кейбіреуінің әссемдігін көріп таңғаламыз, екіншісіне көзіміз ортаяды. Қалаларды көріп бірімен бірін салыстырамыз, жүрген жерімізде айтып жүреміз. Сондай әсем қалалардың бірі қазіргі Санкт-Петербург. Одан біздің Семей он бес-ақ жас кіші. Екі қаланың көркемдігін салыстыруға да болмайды. Петербор туралы ауыз толтырып көп айтуға болады. Семей туралы ше? Өкінішке орай олай айта алмаймыз. Шексіз сайын далада қаламыз аз ғана жерді алып жатыр. Оның әдемі әр ғимаратын гүлге теңесек, бүкіл қаланы гүл шоғы деуге болады. Олай болса әр қала әр ұрпақтың өзінен кейін қалдырған асыл мұрасы. Қала көркін көріп біз әр дәуірде салынған ғимараттарды тамашалап өткенімізге көз жүгіртіп, қазіргіні көріп, келешегін болжай аламыз. Сондықтан біздің Семейіміздің көркі бұрын болған ата-бабаларымыздың бізге қалдырған ескерткіші. Қазір қала қалай көркейтіліп жатса, сондай етіп келесі ұрпаққа қалдырамыз.

Бәрін айт та, бірін айт. Өткен бір жарым ғасырдың еншісіне Қазақ сахарасында қоғамның екі мәрте өзгеруі. Оның ең сүбелісі республика атанып, шекарасын анықтап, егемендік алып, төрткүл дүниеде жүздеп аса мемлекеттермен терезесі тең дипломатиялық, саяси, мәдени, экономикалық қарым-қатынастардың орнатылуы.

Экономика нарықтық қатынас заңына бет бұрды. Тұралап қалған өнеркәсіп жаңа тыныс алып, жұмыс орындары ашылып жатыр. Цемент және кірпіш заводтары елордамыз Астанадағы құрылысқа қомақты үлестерін қосуда.





Енді міне автобус құрастырып шығаратын, сүт және нан заводтары, тоқыма және кондитер фабрикалары биылдан бастап өнімдерін шығара бастады. Қалада “Жібек жолы” және “Өндіріс” деп аталатын шағын аудандар бой көтермек. Өзен вокзалы жаңадан салынып, қағаз комбинатының құрылысы басталмақ. Таяуда ашылған “Ертіс” әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жер асты байлықтарын игерумен, жұмысы тоқтап қалған мемлекеттік кәсіпорындарды іске қосумен айналыспақ екен. Қазірдің өзінде, “қыстың көзі қырауда” дегенге қарамастан, қаланың әр жерінен салынған үйлер мен коттеждер бой көтеріп, құрылыстың қарқындап жатқанын көрсетеді. Қаладағы мектеп, аурухана мен банк ғимараттары, үлкенді-кішілі отызға тарта базарлар, үйлердің бірінші қабаттарында орналасқан дүкендер, ондаған адвокаттық және нотариалдық кеңселер, шаштараздар мен ақша ауыстыру нүктелері, көшеге шыға қалсаң бірі мен бірі жарысып қала тұрғындарын тасып жүрген “газельдерді” көруге болады. Міне, қазіргі қаланың тынысы осындай. Мұның бәрі еліміздің жағдайының өзгеріп, халықтың әлеуметтік тұрмысының жақсарып келе жатқанын байқатады.

...А.Янушкевич 22 мамырдағы хатында Ертістің сол жағасындағы Тушкин слободкасына өткенін, “судың кемерден асып биіктегенін” жазыпты. Семей туралы кітапты парақтасақ Тушкин емес Заречная слободкасы екенін анықтауға болады. Толығырақ айтатын болсақ бұл слободканың өзі Тарақты, Жоламан және Тінібай слободкаларынан тұратын. Янушкевичтердің өткен жері Тінібай слободкасының жері болуы керек, себебі мешіт сол маңда тұр.

Адольф болған қалада оның есімі атаусыз қалған жоқ. Құрмет тұтатын семейліктер Комсомол поселкесінің бір көшесін Адольф Янушкевич деп атады.

Сол кездегі кемеріне тірелген өзен суы деңгейінің





соңғы жарты ғасыр арасында көп төмендеп кеткенін қазіргі жоғарғы буын өкілінің есінде.

1933 жылғы "Прииртышская правда" газетінің 4-ші маусымдағы нөмірінде Жаңа Семейдің тұрғындар саны 1926 жылы алты мың деп көрсетіліпті. Олай болса 1846 жылы қанша болғанын көзге елестетуге болады.

Янушкевичтер қай жерден өтті екен?

Ертістің Жаңа Семей жағында әлі күнге дейін "қайық аузы" деген атау бар. Ол қазіргі өзен вокзалының тұрған жері. Қайық аузына қарсы Ертістің келесі жағы – медициналық академияның тұсы, бұл жерде бұрын қалалық саяжай болған-тын. Өткен ғасырдың қырқыншы жылының соңы мен слуінші жылдың басында осы жолдардың авторы сол жерден Ертістен талай өткен. Паром тоқтайтын айлақ өзеннің екі жағасында да тұрды. Пароммен атты-арбалар, жаяулар өтетін. Оны троспен, кейіннен моторкамен тартты. Янушкевичтердің осы жерден өтуі әбден ықтимал дей аламыз. Себебі Ертіс арнасын өзгерткен жоқ және енінің ең тар жері осы.

Янушкевич хатында: "Қазақ тілі барлық жерде дерлік қолданылады. Тіпті мұндағы сән-салтанаты асқан россиялықтардың тең жартысы, біздің әйелдеріміздің франзуша сөйлейтініндей, осы тілде еркін сөйлейді," депті.

Енді біз: "құрметті Адольф мырза, қазіргі жағдай ондай емес. Кешіріңіз. Тіл мәртебесі төмендеп, қазір керекті деңгейіне көтеріле алмай тұр," - деп марқұмның аруағына айта аламыз. Кейде, қаптап кеткен дүкендердің маңдайындағы ағылшын тілінде жазылған аттарын көріп: "Шіркін, біздің еліктейтін Америкада да дүкендер қазақша атала ма екен?!" деп ойлап қаласың. Қала тұрғындарының негізінсіз сөйлейтіндері орыс тілінде, әсіресе орысша оқитын жастар. Не боп барамыз? Тіл мемлекеттік мәртебесін алса да, осын-





дай мүшкіл халде. Халық болған соң ол өзінің тілімен, салт-дәстүрімен анықталады. Бәрінің шыңында тұрғаны тіл. Тіл жоғалса, халық атағы жойылады. Осы нақылды жадымызға қашан сіңіреді екенбіз?! Мұның өзі жалпы қоғамда ұлттық намысымыз бен санамыздың әлі де болса толыққанды қалыптаспағаны ма, және қазақшылдыққа жете алмай келе жатырмыз ба деген ой жетелей береді.

Семей қаласы бойынша Янушкевичтің көргенімен біздің аңғарған айырмашылығымыз осы. Қалай болса да, болашаққа адал үмітпен қараймыз.

Бізден кейінгі ұрпақ бұл тақырыпқа оралса, Семейдің жер үйлерінің жоғалып, көшелерінің асфальттанып, құм борандарының мүрдімге кетіп, тап-таза көшелермен жүретіндерін жазатын болар!





Адольф Янушкевич және оның 1875 жылы шыққан кітабының мұқабасы



Жол Керуенкөлінің жағасымен жүреді



Көлдің жиегін аңғаруға болады. Шығыс жақ



Әдия көлдің тубінен жiлiктi тапты, Керуенкөл



Суреттің шетінде Керуенкөлдің жағасы



*Керуенкөлдің кернеуінде. Солдан оңға қарай:
Ш. Қалиақпаров, Евгений Хорошкевич және Кеңжегазы Өзханов*



Осының бірі Янушкевич жазған Бозай зираты



*Жаңажол ауылының сырт көрінісі.
Бұрынғы Климентьевка*



*Янушкевич болган Қақ аулының орны.
Солдан оңға қарай: Әдия Өзханова, Ш. Қалиақпаров және Дәуітхан Халелов*



Қақ аулының алдында Үлкен көл болған



*Осы бұлақ Үлкен көлге құятын.
Солдан оңға қарай: Д. Халелов, Ш. Қалиақпаров және К. Өзханов*



Булақтан әрі кейінгі Қақ ауылы болған





Эбетей аулының сырты



*Терістаңбалыда. Мәдениет үйінің қасында. Экспедиция мүшелері,
солдан оңға қарай: Шаймардан Қалиақпаров, Әдия және
Кенжегазы Өзхановтар, Евгений Хорошкевич*



ТОРҒАЙ АУЫЛЫ

Бұлауылдың атын А. Янушкевич күнделігінде атамайды. Біз анықтадық. Тек “кешкісін Бозай зиратына таяу жердегі Керуенкөл шатқалындағы ауылға келіп жеткендерін” жазыпты.

Біздің Янушкевичтің күнделігінен білетініміз Керуенкөл көлінің аты ғана болатын. Янушкевичтер “Шәусіскеске апаратын керуен жолымен” жүрсе, біз сол қазіргі Семей-Алматы тас жолымен 3-ші разъездің тұсына келгенде, яғни он сегіз шақырым жүрген соң солға бұрылдык. Оң жағымызда Қаңсар тауы, алдымызда шөбі шүйгін жазық дала. Шөбі сирек, қарағаны мен ұшқаты аралас маңғаздана керіліп жатқан байтақ сары даладан, кенеттен көк майса алқапқа бұрылғанда өзбек ағайындардың шөлді құм даласынан Ферғана оазисіне енгендей ләззат аласың.

Бұл жердің тарихы тұнып тұр ғой, шіркін! Оны Янушкевич білмеген. Мүмкін, осы Қаңсардың қасындағы жазықта қалмақтармен сибан Құттыбай, айтпай Төбет пен тілестен Тәйке батыр мен ержүрек жас жігіт Бекжан бастаған қалың қол бел байласқан болар. Әйтпесе сол батырлар туралы аңыз бізге қалай келіп жетсін. Көктаудың Делбегетей тауы атанып кетуінің өзін біреу білсе, екіншісі білмейді ғой. Қалмақтардың қазақ жеріне көз тіккендері сонау он бесінші ғасырдың екінші жартысынан, хандық құрғанынан басталатыны тарихтан белгілі. Содан бері көрші отырған олар қазақ даласына біртіндеп кіре бастаған. Ендігі уақытта ауылдары аралас, малдары қоралас болып кеткен-тін. Кейбіреулері осы елге сіңіп қазақ руларына кіріп, енді өздерін қазақтан бөлмейтіндері де бар. Мұндай әр халықтың арасында бар. Қалмақ жастары да, қазақ жастары сияқты ат құлағында ойынап өскен емес пе. Аңға шықса да, серуендесе де





қолданатын көлігі байырғы жылқы. Жас Бекжан қасында ойын-сауықшыл жігіттер мен қыздар бар, келе жатады. Алдынан қасында жолдастары бар қалмақ жігіті Делбе шыға келеді. Делбе мен Бекжан арасында ергес бола кетеді-мыс. Найзасын қолына алып Бекжанға тежеп ұмтылған Делбеге Бекжан: "Делбе, кет, сй!" деп бетін қайтармақ болады. Ауылдас қазақ жігітінің ескертпесіне тоқтамаған Делбе қарсы шабады. Сонда Бекжан өзіне төнген найзаны қолынан қағып түсіріп, қалмақ жігітінің қаһарын қайтарған екен. Содан жерлестері осы жерді жас батырдың құрметіне "Делбе, кет, сй" деп атап кеткен. Кейіннен осы сөз тіркесі өзгеріп бірегей Делбегетей атанып, таудың атына айналып кеткен. Міне, осы бір сөз екі халықтың ортақ тарихының дәнекері болып қала берген.

Заты бөлек Делбе қалмақтың негізгі күші Көктауды жағалай қашқанда өз халқының қарулы күшіне қосылып, қазақ жасақтарына қарсы найзасы мен қанжарын алып шыққан. Көктау тауының дәмі жібермеген болар, Делбе Бекжан батырдың қолынан жекпе-жекте қаза табады. Бекжан батырдың сауыты Семейдің тарихи-өлкетану мұражайында сақталуда.

Ержан Сағындықов Көктаудың осылай Делбегетей аталуына күмәнділікпен қарайды. Меніңше бұл тұжырымды қабылдаған дұрыс сияқты. Әр оқиғаға тек екі ойлы көзқарас болса, онда тарихта нақтылы дәнеңе болмайды. Ел аузында ақиқаттың аңызға айналып кеткен деректері жиі кездеседі. Соның бірі Екібастұз сөзінің шығуы сонау Бұқар жыраудың әкесі Қалқаманның атымен байланысты екен. Батыр баба қыс түсе ел-жұртының бір бөлігін қазіргі Екібастұз маңына тұз өндіруге жіберіп отырыпты. Кейіннен елді ығыр қылмас үшін жастарды жіберіпті. Бірақ олар тұрмыс жағдайына төзе алмай кері қайтады. Жолда тұз тиелген керуеннен екі





түйе жүгімен жоғалып кетеді. Қыс өтіп сол жерге оралғанда жолда әлгі жоғалтқан екі түйенің басы табылады. Содан сол жер Екібастұз аталып кеткен екен. Көмірдің табылуы Қосым Пішенбасвтың атымен байланысты болған. Мұның өзі Семей өңіріндегі “Бақыршық” алтын кен байлығының Бақыршық қажының атымен байланыстырылмай келе жатқаны сияқты. Екібастұз атының шығуы да бұрмаланып, жоғарғы деректен мүлде алшақтап кетіпті. Мұның бәрі кеңес заманы кезіндегі халықтың тарихын жаңадан жасаудан туған. Себебі бұрын қазақ елінің тарихы болмаған деп миымызға құйды емес пе. Қазір Екібастұз аты белгілі кеншілер мен энергетиктер қаласы. Және Астанаға баратын жолда тұрғандығынан Екібастұз қаласының атын жиі еститін болдық. Біз де осылай Делбегетей тауының аталуын қабылдауымыз абзал. Сонда ғана тарихымыз белгілі бір сүре жолға түсе алады.

Тас жолдан кейінгі келе жатқанымыз қалың да биік түрлі түсті көк шөптің арасын жарып салған соқпақ қара жол. Ол біраздан соң көлдің жағасын қуалап кетті. Бәріміздің ойымыз Янушкевич өткен жер. Дәл осы біз жүріп келе жатқан жолмен сол экспедицияның құрамы жүрді ме екен?! Солай болса ғой, шіркін! Ескі ізді басқан қандай жақсы! Сонда он тоғызыншы ғасырға сапар шеккендей болар едік! Сол кездің адамдарымен кездесіп, солардың өмірінде болу біз үшін бір қиял. Әрине, бұл мүмкін емес. Он тоғызыншы ғасыр мен жиырма бірінші ғасырда өмір сүрген адамдардың кездесуі мүмкін емес. Оларды бізден жақсы немесе жаман тұрды деп айта алмаймыз, себебі дәуіріміз басқа. Бізге қызығы – қалай тұрғандары...

Біз үшін солардың заманы үлгі емес, сабақ болып саналады. Өткен дәуір қайта айналып келмейді ғой, алға жылжу табиғи құбылыс. Сонда да Виктор Ивашкевичтің тобының ізімен жүрсек сол қиялымызға жақындағандай сезімді көңілге





уялатады. Біздің жүріп келе жатқан жолымыз дәл сол болмаса да, көлдің жағасымен жүргенде ойымыз тоятпағандай болады. Янушкевич те көлдің жағасымен жүргенін жазыпты ғой. Жолай біз әңгіме-дүкен құрып Янушкевичтің келген кезінде бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді ғой, дейміз. Янушкевич те барымташылардың шабуылына куә болыпты. Сол туралы күнделігінде де жазыпты, - деймін жолға шығар алдында оның күнделігін бірнеше рет оқыған мен.

Тамыздың басы. Шоп әлі көк, жер нәрін бойына әбден сіңіріп құлпырып тұр. Мәшиненің терезесін ашып көкіректі толтыра даланың кәусар ауасын жұтамыз. Мұның өзі көңілді көтеріп, жалғыз жанды ән салуға, топ жүргіншіні еріксіз өзара әңгімеге шақырғандай. Осындай тыныштықты бұзған Кенжеғазы.

- Мына жерде бұрын көл болған, - дейді ол сол жағымыздағы тақырланған, кей жерінде ойдым-ойдым қамыс өсіп тұрған, су қойнауы болған, алаланып жатқан жерді қолын созып көрсетіп.

Біз көл жиегінің мұқалған сілемін артқа қалдырып тіршілік нышандары бар жалғыз үйдің қасынан өтіп барып тоқтадық. Тас жолдан ауыл жұрнағына дейін жеті шақырым екен.

Осы жерде бірден ауыл өмірінің бейнесі көз алдымызға елестеді. Есік алдындағы аулада ойнап жүрген екі бала. Есмерелерін қадағалап, жіп иіріп отырған әже, түтіні бұрқырап тұрған самауыр, кір жайып жатқан келіншек, үйдің қасындағы арба, көлеңкеден шығып бізді абалап қарсы алып тұрған қара ала ит. Осының бәрі бала кезімізді есімізге түсірді.





- Міне, Торғай ауылы осы. Ана жатқандар үй орындары, - деп дөңнің беткейіндегі томпақтанған іргетас белгілері мен өркештеніп жатқан күлтөбе орындарын Кенжеғазы көрсетті. Біз ауыл орнын араладық. "Төргі, ауыз бөлмелері, тошала, қора" деп тұжырымдадық біз төрт-бес үй орындарын көріп. Ауыл алдында көл алақанда жатқандай. Бір кездері кейде буырқанып, кейде күн көзіне шағылысып айнадай жарқырап жататын көл ауыл тұсында ернеуін тік бұрыштатып скі қол боп жайылған екен. Біреуі солтүстік-шығысқа созылса, екіншісі – солтүстік-батысқа бет бұрған. Ауылдан төмен солтүстік-шығысқа қарай қабырғалары тастан қаланған зират көрініп тұр. Бұл Янушкевич жазған Бозай зираты. Былжырын жаңбыр суы шайып, азнаған жел кемірген соң босаған тастар әр қоршаудың маңында шашылып жатыр. Мұның қайсысы Бозайдікі? Әйтсеуір осы көп бейіттің бірі. Өлгендер өздерінше бір ауыл боп көрінеді. Жарықтықтар! Одан төменірек ұзын мал қорасы. Қасында таспен шегенделген құдығы бар. Оның суын Бағасвтар отбасы ауызсу мен мал суаруға қолданады. Құдық бұрынғы қалпында! Бәрі де әнеукүні Бекет Айдаров суреттеген көрініс!

Міне, біз осылай Янушкевич болған ауылдың атын анықтадық. Ол – Торғай ауылы болып шықты. Ұмыт болған, қазіргі ұрпағы білмейтін Бозай марқұмның атын жаңғыртып, кім екенін тарих қойнауынан алып шықтық. Енді оның ата тегін анықтауға кейіннен тоқталамыз.

Торғай ауылының орнын Кенжеғазы Өзхановтан басқа бір жігіт растаған. Ол: "Әкем "Скотонпортта" істеп, Қытайдан, Монғолиядан мал айдайтын. Сонда жазғы каникулде бірге жүретінмін. Торғай ауылына талай тоқтағанбыз. Қасында көлі мен мал қорасы бар" деп еді дембелше келген, көзі күлімдеп, ажарынан жылу шашырап тұратын жігіт





ағасы. Ол Делбегетейдегі мал айдау трассасының бойында тұрған Есенқара ауылының тумасы Ішкі Істер министрлігінің подполковнигі, жоғарыда аталған, Бекет Айдаров деген азамат еді. Бекеттің айтуын еске алып тұжырымдасақ көлдің құрып кеткеніне 40-50 жыл өтті деп жорамалдауға болады.

ҮшіншірастаушыбұрынғымұғалімӘйтімСмағұлқызы: "Торғай ауылы біздің атамыздың атымен аталған. Біз Керей ішіндегі Ақымбеттен, оның Беріпсалы тармағынан тараймыз. Беріпсалыдан Түрікпен, одан Ноғайбай, Ыбрай, Ысқақ және Торғай. – Қазақты алғаш рет майданның қара жұмыстарына алу жөніндегі патшаның "июнь жарлығы" 1916 жылы шыққаны тарихтан белгілі. - Ыбрайдың Омар деген баласы болған. Ол 1916 жылы Санкт-Петербургқа оқоп қазуға барыпты. Түрікпеннің төрт ұлынан осы өңірге белгілі, беделді болғаны Торғай. Ол би, болыс болыпты. 1885 жылы Қарамола съезіне қатысқан. Абайды қолдаған. Торғайдан Смағұл туған. Смағұлдан менің ағайым Нұр. Нұр сол өзін айтып отырған Торғай ауылында туған. Торғай да, оның баласы Смағұл да болыс болған. Романовтар әулеті оздерінің Ресейді басқарудағы 300 жылдығын атағанда біздің әкеміз Смағұлды Петербургке шақырыпты. Содан медаль әкелген. Оның бетінде патшаның суреті, екінші жағында "1913 год. Дома у Романовых" деген жазуы бар-тын. Оны шешеміз кеңес өкіметінен қорқып тас қораның қабырғасына тығып, топырақпен майлап тастағанын айтқан. Сол медальді мұра етіп апайымыз Әнипа сандықтың түбінде ешкімге көрсетпей сақтаған", - деп өте бір құнды естелігін айтып берді.

Медальмен ойнағанын Әнипаның немересі Жұмагүл Сабыржанқызы да мәлімдеді. Бірақ әжесі дүние салған соң медальдің қайда қалғанын білмейді екен. Медальдің болғанын және онымен қызының ойнағанын Жұмагүлдің шешесі Салиқа Қаржаубайқызы да есіне түсірді.





Осылай ұлы Абайды Қармола съезінде қолдаған тағы бір беделді адамның есімі ашылды. Ол – Торғай Түрікпенұлы екен.

Нұр Смағұлұлы сол аймақтағы ауылдарға белгілі, сыйлы адам болды. Ол Жаңа Жол жетіжылдық мектебінің директоры болып көп жылдар қызмет атқарды. Тіпті балалар саны азайғанда бастауыш мектептің мұғалімі болып зейнеткерлікке шыққанша істеді. Откен ғасырдың отызыншы жылдарының басында болған ашаршылықтан кейін салынған мектептің соңғы мұғалімі Нұр Смағұлұлы болды. “Оны салуға қатынасқан ағаш ісері Қабанбай Тобықбайұлы өз қолымен барлық есіктері мен терезелерін жасап, тобесін шатырлап жауыпты.” Мұны оның баласы Қабатай мақтанышпен есіне алады.

Қабатай ақсақалдың тағы бір дерегі: “Әкем Бірінші Дүниежүзілік соғысқа Нарва түбінде қатынасыпты. Ол майданға шақырылмаса да, кетіп бара жатқан жолдастары Қызан, Ыбрай мен Мәділерге еріп кетіпті. Бәрі де Баженовқадан аттаныпты.” Көзі қырағы оқырман байқап қалған болар Баженов елді мекенінің сол кезде болғанын. Осылай біздің жоғарыда келтірген деректеріміз дәлелдене түсті. Ал енді Қабатай Тобықбасқа келетін болсақ, ол осы өңірден шыққан тұңғыш шахтер. Лениногор және Бақыршық түсті кен орындарында жұмыс істеп зейнеткерлікке шыққан.

Қабанбайдың әкесі де ел аузында ерекшелігімен қалыпты. Тобықбай туралы қазіргі Жаңажол ауылының тұрғыны Сайлаубек Әзімханұлы: “Тобықбай ағамыз ізшіл, сойылмен ұрып жығатын айлалы және күшті болыпты. Оның үстіне батылдығын қос. Жазып жүрсің ғой, жәйі келген кезде біздің ағамыз туралы тұртіп қой” деген бір кездескенде. Сайлаубек жоғары білімді мұғалім, сол ауылдың интеллигенциясына жатады. Оның ұлы атасы Жиенқожа мен





Тобықбай бет немере. Тобықбайдың әкесі Жақсылық пен Жиенқожаның әкесі Боздақ ағалы-інілі. Сайлаубектің атасы Нұрмағамбет пен Кәбді бір ата-анадан. Кәбді молла өз және көршілес ауылдардың кішкене ер балаларын сүндетке отырғызатын хирургтік өнері бар-тын. Кәбді елге қадірлі және сыйлы ақсақал еді. Соғыста қаза тапқан немере інісі Әзімханның отбасына қорған болды. Білмейтін кісілер осы Сайлаубектерді Кәбдінің немересі деп жүретін.

Нұр Смағұловтың халық ағартушылық қызметіне бітірген еңбегі зор. Ол торы биесін қанатты арбаға жегіп ап жап-жақтағы ауылдарды аралап жүріп балаларды жинайтын. Бұл кез "орысша оқысаң наныңды тауып жейсің, қызметте де өлесің. Қазақша оқысаң түкке жарамай қаласың" деген заман еді. Осылай көп жастар қазақша оқуды менсінбей, орысша оқуға тырысатын. Бұған әке-шешелері мұрындық болып еді. Сондықтан Нұр мұғалімнің балаларды қазақша оқытуға бет бұруы кейде алдымен ата-аналардан, содан кейін балалардан қолдау таппай жататын. Қазақтың бетін қазақылыққа, ана тіліне бұру Нұрекең үшін оңайшылыққа түспейтін. Өз жолына тартқан ол талай жастарға дұрыс бағыт берді. Түзу жолға салды. Қазақша бастауын мектеп бітіріп орысша тағы да бірінші кластан бастап, өсе келе өзінен кіші балалардан ұялып, оқуды жалғастырмай қалып қойғандар қаншама болды.

Ұзын бойлы, тік денелі, кең жауырынды, ашық жүзді, үлкен көзді, кең мұрынды келбетті адам еді Нұрекең. Оның кісіге қарағанда жалт етіп нұр шашып жарқырап кететін қоңыр көздері, онымен жүздескен адамның көңілінде мәңгі қалатын. Нұр Смағұлұлы сол ауылдың сыйлы адамы болды. Беделі зор, оған қарсы сөз айтатын адам болмады. Қайта одан ақыл сұрап, дұрыс жолдан адасқан адамдар арасындағы шиеленісті шешіп, ақыл-кеңес беретін еді. Өзі





басқарған мектеп ұжымында да дауысын шығарып қатты сөйлегенін көрмедік. Оның ойланып сөйлеуі, байсалды мінезі, анық та көңілге қонымды сөздері қай адамды болсын салауатты өмірге жетелейтін. Оның мінез-құлқы басқаларға өнеге еді. Нұрекеннің көзі тірісінде осындай адам екенін кейбіреулер ұқты, қайсыбірі түсінбеді. Енді жылдар өтіп, ой таразысынан екшелеп өткізіп, Нұрекеннің сондай адам болғанын еске алып отырмыз. Нұр Смағұлов сияқты адамдар бұрын да болған. Қазір сондай азаматтарды “зиялы” деп атап жүрміз. Баспасөз беттерінде “зиялы”, “тұлға” деген сөздердің мағынасын талқылап жатады. Әртүрлі пікірлер айтады. Негізінен бұларға қазақ интеллигенциясын жатқызып жүр. Сайып келгенде жаңағы екі сөздің де түбірін жақсы адамдарға жатқызады. Өзгешелігі – кімдерді жатқызу керектігінде.

Біздіңше “зиялы” дегеніміз білімді, мәдениетті, салауатты, сөзіне тұрақты, айтқанын уақытында орындайтын, сенімді, ақыл-ойы өз ортасынан озық, өнегелі, маман несі, беделді, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тарихын бойына сіңірген, басқаға ақылшы, әділ, байсалды адам деп түсінеміз. Мұндай қасиеттердің бәрін бір адамның бойынан түгелдей табу мүмкін емес шығар. Бар, бірақ аз. Қазір жоғары білімсіз адамды зиялы деп көзге елестете алмаймыз. Күнделікті өмірімізде халық қамын ойлаған талай интеллигент адамдарды көріп, естіп, мақалаларын оқып жүрміз.

Зиялы адам қазақ халқы үшін таңсық емес. Олардың жиынтығын зиялы қауым деп атаған және қоғамның онсыз болуы мүмкін емес. Жаппай оқымаған кезімізде де болған. Тіпті жап-жас балалар арасынан да шыққан. Осы ойымызды дәлелдеу үшін бір мысал келтіре кетейік. Халқымызға әйгілі Асанқайғы туралы ежелден келе жатқан бір әңгіме бар. Ол мынандай. Шүршіттің Ежен деген ханы көрші қонған





қазақтарға: “Аттарын кісінетпесін. Далада жүрген қазақтың айғыры кісінесе, қорадағы биелерім құлын тастайды. Егер айтқанымды орындамаса, кісінеген айғыр иесінің басы айдауда, малы талауда болады” деп өкім етіпті. Естіген жұрт күйзеліске түседі. Жұртын қара уайымнан құтқармақ болған он екі жасар Қасен/Асанқайғының шын аты/ қырық жел маяға отырған нөкерлерімен Шүршітке аттанады. Шаһарға кіре салысымен жолда үріп шыққан иттердің бәрін атып тастайды. “Мұның не?” деп сұраған адамдарға: “Жауабын ханыңнан ал!” деп жүре береді. Әлгіні естіген хан Қасеннен сұрағанда: “Бұдан кішкене кезімде әкем қой бақтыратын. Бірісінде қойыма қасқыр шауып, қырып тастады. Сонда айғайлап көмекке иттерді шақырдым. Қырдаң да, шаһардаң да бір ит келмеді. Сонда өзіме кездескен иттерді атуға ант қойып едім. Соны істедім” депті. Хан отырып: “Қазақтың мидай даласында жүріп сенің айғай салғаныңды біздің шаһардағы иттер қайдан естісін?” депті. Сонда Қасен тұрып: “Сіздің қорадағы бие біздің айғырдың кісінегенін естисе, менің сондай қашықтықтағы айғайымды сіздің иттер қалай естімейді” деп жауап қайтарыпты. Осылай он екі жастағы бала Қасен Шүршіттің Ежен ханын айтқанынан қайтарыпты. Біз осыдан баланың сөзтапқырлығын, ақылдылығын аңғарамыз. Қазыбек бидің: “Ерден ердің несі артық, сптестірген сөзі артық” дегені осындайдан шыққан шығар.

Ерте заманда бұл өңірде жоғары білімді адамның болғаны бізге беймәлім. Сонда да беделі күшті, ұйымдастыру қабілеті мол, сөзге шешен, аузы дуалы адамдар көп болды. Олардан халық киелі сөз естуге мұқтаж еді. Сөзге арқау болып отырған Қызылсу мен Шардың арғы-бергі жағасында мұндай адамдар, Құдайға шүкір, болған. Олар: елін, жерін найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған терістаңбалы Жарылғап, тілес Тәйке мен Бекжан, айтпай Төбет, сибан





Құттыбай батырлар. Топ алдында қайқайып отырып қара қылды қақ жарып әділ шешім шығарып отырған Белдеубай мен Рақыш төбе билер, Тана, Қабдрахман мен Қарымсақ билер, дін жолында жүріп Меккеге барған Жалбағай, Қуанышбай, Бақыршық, Кетік, сибан Көркембай қажылар, бейбіт күнде ел бастап, өкіметтің саясатын іске асырған Топай/шын аты Тоқбай/, Ноғай мен Үйтаяқтың Сағындықтары, Бейсеке, Рақыш, Керейбай, Әділғазы сынды болыстар болған. Бұлардың әрқайсысы қоғамның, елінің дамуына өз үлестерін қосты, халқының көз алдында болып, оның өміріне, алға жылжуына ықпалын тигізді. Зиялы қауымы болып саналды. Енді міне мындап дүниеден өткен жерлестеріміздің арасынан саналы аттары ерекшеленіп ел аузында қалып отыр. Өкінішке орай бұл адамдардың көбісінің аттары ғана бізге мәлім. Ел аузында тек кейбіреулерінің ғана айтқан сөздері, тындырған істері сақталған, көбісінікі белгісіз.

Зиялы адамның орнын анықтау үшін оның орнына ел басқаруға, дауларды шешуге жалқау, қу, өркөкірек, өтірікші, ұрлықшы, барымташыл, бос сөзге әуес, менменшіл, айтқан сөзінде тұра алмайтын, босбелбеу адамды тағайындады делік. Сонда қоғам қай бағытпен дамиды, жастар қандай тәрбиесі алады? Нәтижесінде не күтуге болады? Онда қоғамда сшқандай тәртіп болмай, халық мүшкіл халге жетер еді. Жастарымыз да надандыққа тәрбиеленіп, қуыс кеуде болып шыға келер еді. Дана халқымыз:

Ақ көңілден би қойсаң,

Бұрылмас сөзге арадан.

Қара жүректен би қойсаң,

Аузы кетпес парадан, - деп адал кісімен наданның арасын айырып берген екен.

Әрине, қоғам тек зиялылар мен надандардан тұрады екен деп ұқпау керек. Бұрын да, қазір де жақсы адамдар





өте көп. Олардың көбі топ жарып алға шыға бермейді. Кәдімгідей өзімізбен қатар өмір сүріп жатыр.

Әр қоғамның өзіне тән зиялысы болады. Зиялылар сол дәуірдің көрсеткіші. Сол зиялылардың арасынан тұлғалар шыққан. Тұлғалар зиялылардан жоғарғы сатыда тұрады. Олар аз және дүниеге жылдар аралатып келсіді. Мысалы, қазіргі Абайымыздың жоқтығы дәлел. Мұндай мысалдарды әркім келтіре алады. Олардың арасынан мемлекет басшысы, данышпан, көсем, Қабанбай мен Бөгенбай батырлар сияқты қолбасылар шығады. Елі мен жерінің, халқының мұң-мұқтажын тыным таппай қамын ойлайтын және нәтиже келтіретін, слін өркениетікке сүйрейтін, халқына жаршы боп жүретін, слі мен халқын әлемге танытатын тұлғалар қазірдің өзінде бар. Тәуба! Мұндай ұл-қыздарынан халқымыз кенже емес. Қазақтың басын қосқан Абылай хан, әлем философы Әл-Фараби, діндар Ахмет Яссауи, қазақ әдебиетінің классигі ұлы Абай, ағартушы Ыбрай Алтынсарин, алаштың мақтанышы Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов, классик жазушы Мұхтар Әуезов, ғалым академиктер Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұлан, арамызда жүрген біртуар Олжас Сүлейменов пен Мұхтар Шаханов... Бұлар халқымыздың ар-ожданы, төрткүл дүние қазақ халқын осылар артқылы біледі. Солардан халқымыз өмір сүру бағыт-бағдар алады, оларға ұқсауға тырысады.

Әр адам осылардан тәрбие ала отырып, өз ата-тегінен қонған, қанымен келетін ілімді қосады. Тектік демеші... Ол шежіремен байланысты. Он сегізінші ғасырдың соңы мен он тоғызыншы ғасырдың басында өмір сүрген, тірі кезінде-ақ Европа мен Америка оқырмандарының сүйікті жазушысы болған Вальтер Скотт: "Әрбір шотландықта шежіре бар. Ол – оның абыройы мен кемшілігі сияқты өзінен еш уақытта ажырамайтын дәулеті" депті. Осы күнге дейін көркем





сөзімен оқырман қауымды жаулап алған ұлы жазушының бұл айтқанына алып, қосу артық болар. Ұлы адам өз жұмысын тарихта қалам деп атқармайтын шығар. Таңдап алатын халық. Ол өзіне керекті ұлы қасиеттерді іздейді. Соған кім лайықты болса, соны тарих беттерін парақтап, тауып алады. Сол кісінің сөздерін келтіріп, шығармаларынан үзінді оқып береді. Қоғамдық құбылыстарға баға беріп, солардың өсиеттерін қолдана отырып дамудың бағыт-бағдырын ұсынады. Ұлы адамдар бұл өмірдегі адамға компас, қоғамды алға тартатын локомотив.

Зиялы қауым мен тұлғалардың ара жігін өзімізше осылай ашқан соң, заңды сұрақ туады: “Сөз етіп отырған өлкеде сондай адамдар бар ма сен?” деген. Әрине бар. Барлығына тоқтала алмайтындықтан қатарымызда жүрген кейбіреулерін атай кетейік.

Егер Семей зиялыларын атайтын болсақ дарынды ағартушы Нұр Смағұлов мұғалімнің алдынан дәріс алған Ертіс өңіріне әйгілі, өз мамандығының корифейі журналист “Семей таңы” облыстық газетінде бөлім бастығы, жауапты хатшылықтан редактордың орынбасарлығына дейін көтерілген Ілияс Мағаунияұлы Исахановты ешкім де бөліп тастамайтын болар. Ілекең істеген кезде “Семей таңы” облысымызда сүйікті газетіміздің болғанын көпшілік оқырман біледі. Мазмұнды, әр жанрды қамтыған, сапалы газетті күнделікті өмірге әкелу ондай жұмыс емес. Мұның өзі журналистер қауымының жұмысын ұйымдастыра білуді, жауапты хатшының талапкерлігін, талғампаздығын, оның ізденімпаздығын, білімділігі мен кәсіби шеберлігінің жоғарғы сатыда болуын, мұқалмайтын ұстарадай, дайын тұруын талап етеді.

Нұрсекеннен тәлім-тәрбие алған, сол мектептің үздік оқушысы болған, тоқсаныншы жылдардың басында





еліміздің экономика министрі қызметін атқарған, соңғы кездері әлемнің бірнеше елінде Қазақстан өкілі болып жүрген Тілеуқан Самарқанұлы Қабдрахмановты атамасқа болмас. Халқымыз бен мемлекетімізді бөтен елге таныстырып, барлық қатынастарды шешіп, іске асыру өте жауапты және мәртебелі. Тілеуханды есімізге алғанда: "адам өзін-өзі тәрбиелеп, өзін-өзі қамшылап, өз еңбегімен өніп-өсіп отырғанда ғана тұлғаға айналады" деп түйе аламыз. Мектепті, университетті қызыл аттестат пен дипломға бітіру көп еңбекқорлықты талап етеді. Қызмет атқару басқа талапты керек етеді. Министр лауазымына жету де әркімнің қолынан келе бермейді. Мұндай азаматтар таңдаулы.

Ұстазының жолын қуып мектеп директоры болған Дәуітхан Халелұлы - сыйлы әке, ардақты ата, құрметті ауыл ақсақалы.

Нұрекеннің өз кіндігінен туған ұлы Айтқазы да жоғарғы білім иесі болып, селолық кеңестің төрағасы қызметін көп жылдар атқарды.

Ел қатарлы өмір сүріп келе жатқан, онға таяу бала тәрбиелеп қоғамға қосқан ардақты әке Уалхан Рахметоллаұлы ауылда тұрып жатыр. Уәкеңмен бір класта оқып, бір партада қатар отырғанымызды кездескенде есімізге алып қоямыз. Балалық шақ тәтті-ау! Сол кездегі қойған концерттерімізге, ойнаған пьесаларымызға бүкіл ауыл жиналатын. Клубта электр жарығы болмады дегенге осы кездегі жастар сенбейтін де шығар. Мектепте комсомол ұйымы жұмыс істеп, ауыл жастарын қоғамдық жұмыстарға тартатын. Тракторшы, сиыршы жастар оқушылармен бірге жүретін. Құрдастарының алдында гармонымен ән айта-тын біздерді сүйемелдейтін Талғат тұрды. Мектептегі қоғамдық жұмысты жүргізетін, пьесаға режиссер және оны қоюшы міндетін атқаратын орыс тілі пәнінің мұғалімі





Күлән Қасиева болатын. Осы ардақты мұғаліміміздің басқаруымен қойылған "Әлпештеудің әлегі" деген пьесамыз есте қаларлықтай жақсы өтті. Көрсермендерге ұнады, жылы қарсы алды. Әлі де есімізде.

Мен де Нұр Смағұлов бастаған ұжымда оқығанымды мақтаныш етемін. Қазір ол ауыл да, мыңдаған жастарға білім беріп өмір жолына аттандырған мектеп те жоқ. Тек қана желмен, жауын суымен мүжілген ауыл үйлерінің орны сақталып, онда тұрған адамдардың естерінде қалып тарих қойнауына енді. Елді мекенге белгі беретін бір белгі бар. Ол – ауылдың шетінде тастан қаланған зират. Жүріп бара жатқан біз жолда тоқтап, жерленген аруақтарға зиярат еттік.

Әйтім Смағұлқызы айтқан патша әскерінің солдаты Омар Ыбрайұлына байланысты сөздің жалғасы болып тұр. Бақыршықта Қырықбай Жақсыбайұлы деген қарт тұрады. Оның әкесі де жоғарыда айтылған Петербор маңында болыпты. Неміс әскері Ресей орталығына тақағанда бұратана халықтар қалаға қорғаныс бекінісін салған. Олар түрлі орлар қазып, торлар мен кедергілерді қойып, солдаттар атыс жүргізетін окоптарды қазған. Қазақ солдаттары денінен орысша білмейді екен. Білетін бірін-саранның ішінде Жақсыбай Баянжанов болған. Ол орыс тілін алтын іздеп келген келімсектерден үйреніпті. Қырықбай ақсақал: "Ол тоғыз жүз адамға бригадир болыпты. Жер үйде жатады екен. Жәй да ылғалы мол Балтық бойы жерде жатқан қазақтарды ауруға шалдықтырады. Бел ауруы көбейіп, өкпе ауруына шалдығады. Менің әкем бөлінен шойырылып жүрсін алмай қалады. Мыңдаған жерлестерінің ауыр жұмыста жүргендерін естіп, кездесуге Ресейдің Мемлекеттік Думасының депутаты Әлихан Бөкейханов келіпті. Келе сала солдаттармен кездесіп хал-жағдайларын білген соң әскери бөлім басшыларымен кездесіп әкемдерді казармаға





ауыстыруға көмегін тигізіп кетіпті. Сол кезде әкем небәрі жиырма бір жастағы қайраты қайнап тұрған жас жігіт екен. Онда “пан”, “господин” деуші едік, елге келсек “товарищ” дейді екен дейтін әкем,” – деп құнды дерек берді. Міне, бұл да осы өңір тарихы. Халқының есінде мәңгі қалатын көсем Әлихан Бөкейхановпен кездескен адамдар тізімі осылай анықталуда.

Янушкевич Торғай ауылында “он бес минуттың ішінде киіз үй тігілгенін”, “қымыз ішкендерін” жазыпты. Омбыдан келген қонақтарды қарсы алуды ұйымдастырған осы Торғай ауылының тұрғыны және болысы Торғай болды деп пайымдай аламыз.

Торғай ауылындағы жоғалып бара жатқан үй орындарын, күл төбелерін, тұрмыс қалдықтарын көрген соң артымыздағы жалғыз үйге қайта оралдық. Онда Серікхан Бағасвтың отбасы тұрады екен. Серікханның жұбайы Қарлығаштың айтуынша, мұнда “Байбол” шаруа қожалығы орналасқан. Қожайыны өздерінің және жеке меншік малмен өрісте, оның көмекшісі үйде екен. Екі баланы қарауға, шаруашылығына көмектесуге Қарлығаштың анасы Семейден келіпті.

Қарлығаш үйіне кіргізіп сүт қосылған сусын көжесін ұсынды. Бөлменің ұзындығымен бірдей тақтай стол мен орындық, ас бөлмесінде газ плитасы, жатын бөлмесінде екі темір төсек тұр. Басқа ештеңені байқамадық. Жас жанұя көрінеді, екі баласы да екі-үш жаста ғана екен. Бұл көрініске біз өзімізше баға бердік. Олай дейтініміз: бұрын жоғалып кеткен Торғай ауылының жаңадан жаңғыруы. Бір үй болса да, келешектің нышаны деп жорамалдадық. Серікханның жер алуына қарағанда оның келешекке бет бұрғаны. Сенімінің барлығы. Сенім бар жерде даму бар. Бүгінгі жұпыны тұрмыстағы Бағасвтар отбасының келешек-





те өрлеп, өркендемеуіне кім кепіл? Ләйім солай болғай!

Серікхан Бағаевтың жанұясымен қоштасып, “мол қаз-үйрек пен бөдене шуылы” Янушкевичті ерте оятқан, “көлдің қопа қолтығында үйрек, қаз, аққу ұяларының көптігі сондай, тіпті, аяқ басар жер жоқ” Керуенкөл көлінің жағасына келдік. Жолдан шаршап келген Янушкевичтің ұйқысы таза ауада тез қанған сияқты. Жарқыраған жазғы таң. Түнгі тыныштықтан маужырап мүлгіп тұрған жас желек, еркелей ескен қоңыр салқын таңғы самал Адольфті киіз үй ішінен далаға шақырады. Үй ішіндегі қараңғылық тамұқтай көрініп, сырттағы жұмақтай көрініс күнмен жағаласа оянып тіршіліктің аясына енген құстар дауысы Адольфті ерте тұруға әсерін тигізсе керек. Сол кезде болған көлдің жағасы мен тақырланып жалтырап жатқан түбі, әр жерде шоғырланып өскен қамыс су айдынының болғанын дәлелдейді. Көл орнының бұл аймағы адамзаттың сақтап қалмағанына өкпелегендей қабырсып, кеуіп, құлазыған сұр өңімен көмек сұрап жатқандай. Әттеген-ай, дегің келеді. Әдия көлдің ортасынан жануардың сүйектерін тауып, жоғары көтеріп жағада тұрған бізге көрсетті. Евгений мылтықтың патронын тауып, әкеліп берді. Мұның бәрі де бұрын көлдің болғанын дәлелдеп тұр.

Көл және елді мекен орындарымен қоштасып машинаға отырып жолға шықтық. Біз де Янушкевич жазғандай “Керуенкөлдің жиегімен жүрдік.” Осыған қарағанда солардың ізімен келеміз. Мүмкін, осыншама жылдан соң олардың арба дөңгелектерінің ізін біздің “Ниваның” дөңгелектері басып келеді.

Біз көлдің шетіне жеткенде, артымызға қарап тағы тоқтадық. Бұл қимастығымыз елі, бірақ ешкіміміз де тіс жарып дәнеңе демедік. Енді байқадық: көлдің бір шеті Делбегетейдің Қаңсар тауына жетер-жетпес боп бітеді екен.





Кім білсін: қазақ батыры Бекжан жоңғарлардың Делбе батырын осы жазықта өткен шайқаста атынан түсірді ме екен. Әйтеуір халық аузында қалған аңызға қарағанда Тәйке мен Бекжан батырлар шапқыншыларға қарсы жігіттерін жинап қол құрып, қалмақтарға қарсы тұрыпты.

Алқапқа көзін тігіп тұрған Кенжеғазы:

- Көл көлемді жерді алып жатқан екен. Байқайсыз ба? Шамасы отыз шаршы километрдей, - деп түйді, бұрын жылқышы болып осы алқапты ат тұяғымен талай дүбірлеткен Кенжекең. Желмен жарысқан жүйрік аты есіне түсіп кетті ме екен?! – Кеттік, - деп машинаға отыра салысымен Евгенийге жол бағытын көрсетті. Асау аттай жүлқынған жеңіл машинамыз жүйткіп алға ұмтылды.

...Жаңғыз Төбе мен Шардан бері қарай Көктау тауының оңгүстігіне дейін алып жатқан кеңістікті бұрын Бура елі мекендеген екен. Янушкевичтің "Бозай бейіті" деп жазғаны осы елдің тумасы.

Қазіргі Жаңғыз Төбе станциясының қасында "Сіләм тауы" атты тау бар. Жанында Төре ауылы деген елді мекен болған. Ағайынды Сіләм мен Білэл Ибрагимұлдары ақ патшаның қолынан қылыш алған Қылыш төренің шөберелері, Шығай хан мен Ұзыноқты Оңдан, Барақ пен Ханбаба сұлтандардың ұрпақтары. Сіләм сұлтан осы өңірде төрелік еткен, "төбссіз жер болмас, төрссіз ел болмас" деген мақалдың айтылуы сонымен аяқталған іспеттес. Сіләм төре ел аузында осылай сақталса, інісінің баласы Қали Біләлов кезінде Қазақ ССР Жоғарғы және арнаулы орта білім министрі, кейіннен өмірінің соңына дейін Қазақ ССР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары міндетін атқарған жоғарғы лауазымды адам болған. Осындай азаматтарымен қоса Бура елі Абылай ханмен ел тағдырын шешуде үзеңгілес болған батыр, би Қонақайымен де белгілі





Делбегетей Тілес Матай ұрпағының мекені. Бұл жерде Абылай ханның Шығай деген ұлынан тараған ұрпақтары әлі күнге дейін қоныс құрып отыр.

Қыраттан қарағанда Бозай зираты дәл алдымызда жатыр. Бозай деген кім? Жоғарыда айтқанымызды орындай кетейік.

Жоғарыда аталған Көктаудың келесі бетінде жатқан Керуен көлінің қасына келіп Бозай бай қоныстанса керек. Бурадан аттары шыққан, бұл өңірге белгілі байлар Бозай мен Боздақ болыпты. Бозай Бураның ішінде Ақтаз. Ақтаздың шын аты Елшібек екен. Ат қойғыш қазкем Елшібектің қасы ақ болған соң Ақтаз деп атап кетіпті. Елімізге танымал халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов ағамыз Бураның ішінде Қаратаз тармағына жатады. Қаратаздың шын аты Байқошқар. Байқошқардан шыққан Можан деген қолы ашық кісі болыпты. “Қаратазда Можан бар, қайнап тұрған қазан бар” деген сөз қалыпты артынан. Мәтел боп кеткен бұл сөзді Шалабай жақта жиі айтатын көрінеді. Можанның мүрдесі Қызылсу бойындағы Қостөбе ауылының қасындағы зиратта жатқан көрінеді. Қазіргі Шалабай мен Қостөбе ауылдары іргелес жатыр, екеуі де бір кеңестік шаруашылықтың бөлімшелері болған. Елі Құдас Матай Шалабай атындағы кеңестік шаруашылығында “қазақтың ақбас” атты мүйізді қарамал тұқымы шығарылып, бүкіл Кеңес Одағына танымал, өндірісі өрге домалаған шаруашылық болады. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары зоотехник қызметін атқарған Шамасұрхан деген азамат өздерінің бір мың алты жүз килограмм салмағы бар бұқаны, бір мың үш жүз килограмм тартатын снырды Мәскеудегі Бүкілодақтық көрмеге апарып, талай шет ел адамдарының таңдайларын қаққызғанын бүгінгі күні есіне алады. Бір жақсысы: қазақтың ақбас тұқымы қайта





колға алынып, өсірілс бастапты. Жергілікті тұрғындар бұл оң жұмысты республикамызға белгілі кәсіпкер Зейнолла Кәкімжановтың атымен байланыстырып отырған көрінеді.

Сөзімізді түйіндеі келсек Меңдіғұл ауылынан барған Жақсыбай мен Торғай ауылының тұрғыны Омардың тағдыры сонау Петерборда түйісіп, қазақтың адал ұлы Әлихан Бөкейхановпен жүздесіпті.





АҚТҰМСЫҚ

Қыраттан асқан соң алдымыздан алақанда жатқандай айқындалып, ыңырана көсілген жазық кең дала бейнесі жарқырап шыға келді. Күнге шағылысқан селеу жайқалып теңіз суындай толқиды. Осындай көрініс біздің жерге ғана тән құбылыс. Кеңес Одағының бірсыпыра республикаларында болып мұндай ғажапты көрген емеспін. Селеу піскен кезде ашық күнге шағылысып әсем көрініс берсе де, тұяқты малға зияны көп-ақ. Әсіресе, қойға. Тығыз жүнге енген селеу, қойдың терісінен өтіп етіне қадалады. Сонда қойды “буып” тастайды, арытады. Кейде өліп кетуі де мүмкін. Талай жолдарды көрген Евгений машинаны айдап келеді. Біраз жүрген соң жол үшке бөлінді, көлденең кесіп өткендері де бар. Жерді ой-шұңқырына дейін білетін Кенжеғазы Хорошкевичке жүріс бағытын көрсетіп отыр. Еш белгісі жоқ байтақ далада жолды айыра білу тек осы жерде өскен қазақ баласына ғана тән қасиет. Айтып отырғанымыз Кенжеғазы Өзханұлы. Жүйткітіп келеміз. Ақтұмсық ауылының тұсынан дәл түстік. Қалың қарағанның ортасында ескі жұрт орындары көрінеді. Ауылдың болғанын мен де білемін. Бұрын осында сиыр фермасы, бес-алты бақташылар мен сауыншылар үйі болатын. Оразалы Сембаев пен Қасен Бектұрғановтардың және басқа отбасылардың тұрғанын көргенмін. Жездеміз Оразалы Сембаев бөлімше меңгерушісі болып, күнде Ертіс жиегіндегі Бұлаққа ат арбамен сүт таситын. Жүргіш торы биесі жер апшысын қуырып он сегіз шақырым жерді бір сағатқа жеткізбей алып баратын. Жарықтық төрт аяғын сілтегенде бойын созып жерге жатқандай тербелуші еді. Оразалы ат сүйгіш еді. Торы биесінің арқасы тақтайдай тегіс семіз, жүні жылтырап тұратын. Күтіміне қарай биесі де жүргенде қожайынының айызын қандырушы еді. Ол қомыт-сайманы





мен ер-тұрманын әшекейлеп, өрмелеп, күмістеп қоятын. Ат қадірін жолда қарсы жолаушыны көрсе, елді мекенге жеткенде сынайтын. Ол кезде Оразалының аты ауыздығымен алысып, бар жүрісіне салып, желдей өсілуші еді. Мұның өзі байтақ далادا жатқан Ақтұмсық ауылының ерекшелігін көрсетіп тұрғандай еді. Оны көрген адам: “Мына келе жатқан Ақтұмсықтағы Озан емес пе!” дейтін.

Қазір мұнда “Нұрым” шаруа қожалығының жазғы жайлауы. Басқаратын Қабидолла Сарқытов. Ауыл шетіне тоқтаған машинаның қасына жас әйел келді. Ол өзін Қабидолланың қызы Мейрамгүлмін деп таныстырды.

Торғай ауылындағы Серікхан Бағаевтың үйінде электр жарығы жоқ болса, мұнда бар. Мейрамгүлдің айтуы бойынша әке-шешесі Қытайдан тарихи отанына оралыпты. Енді қой, сиыр, жылқы ұстайды екен. “Телсвизорымыз Алматыны да, Семейді де көрсетеді” деді. Біз уақытымыздың тарлығынан үйге кіре алмаған соң, Мейрамгүл бір баланы жіберіп құрт алғызып, дәм таттырды. Келіншектің ұлт дәстүрін білгеніне риза болып, әрі қарай аттандық. Мұндай құрметті Янушкевич те көрген шығар.

Ауылдың маңы мен мал өрісі кілең қалың бетеге шөп, жарықтықтың жұмсақтығы сондай, мәшинеден түскен біз құдды кілемде тұрғандай сезіндік. Қыста мал жайылысына қолайлы. Елді мекеннің неге осылай аталатыны шөпті, ақ селеулі даланың қараған арасына тұмсықтанып енгенімен пайымдадық. Янушкевич болған кезде Ақтұмсық бір ата баласының қонысы болғанына күмән жоқ.





ТАЛДЫ ҚОРҒАН

Янушкевичтер “аттарын ауыстырып жегу үшін, төте, жақын ауылдарға жиі бұрылыпты.” Соның бірі жолда тұрған Талды Қорған ауылы. Сол кезден ауыл жылдан жылға өсіп 50-60 түтінге жетіп көбейіп, қазір азайып, сегіз үй ғана қалыпты. Өткен заманда 37 жыл кеңестік шаруашылықтың бөлімшесін басқарған Мақат Жұмабаев ақсақал 12 мың қой, 2 мың сиыр мен 300 жылқының болғанын, 1400 гектар суармалы шөп еккендерін және 50 гектар жерге картоп салғандарын мақтанышпен есіне алды. Бұрынғы мектеп, дүкен, почта, кітапхана, моншаның болғанын айтты. Қызы Ғалия бөлімше есепшісі болып істепті. Қазір Жұмабаевтар әулетінің 150 гектар жері бар. Одан шөп жинайды, картоп салады. Электр жүйесі тартылған. Шағын қожалықтардың бірікпей, машина мен трактор станцияларын құрмайынша аяқтарынан тік тұрып, ауыл шаруашылығы өндірісін кеңейтіп, өркендей алмайтынына Мақат ақсақалдың сенімі мол.

Бұл ауылда Ивашкевичтің тобы сусындап жолға шыққан болар.

Біз Мақат ақсақалмен әңгімелескенше Ғалия дастарханды әзірлеп үлгеріпті. Лажысыз үйге кіретін болдық. “Трактор жалдап шөп шабамыз. Жүн тапсыратын жер жоқ. Семейден келген саудагерлер он теңгеден алып кетеді. Біз алатын өнімдерді қабылдайтын орын болмай, біздің ісіміз тұралап тұр. Тіпті жақын жерде мал өнімдерін өңдейтін кәсіпорынның керектігі өзі сұранып тұр,”- дейді шай құйып беріп отырған Ғалия. Осылай біз тағы бір қонақжайлылықтың және аяғына жаңа ғана тәй-тәй басып келе жатқан жаңа қоғамға деген көзқарастың куәгері болдық.

Мақат Жұмабаевтардың жанұясымен қоштасын жолға





шықтық. Бағытымыз Қақ ауылы.

Біз жүріп өткен Торғай, Ақтұмсық, Талды Қорған ауылдары бұрынғы Шоқпатар Керей елінің мекені болса керек деп тұжырымдадық.

...Янушкевич: “Бірнеше сағат жол жүріп, ақыры, біз ағысы қатты Шарды жүзіп өтіп, айқымбет-суан-керей қоныстарының ішіндегі Қақ жайлауына келіп тоқтадық” депті. Жолшыбай аттарын осындай ауылдарда ауыстырып отырыпты.

Түзете кетейік: “айқымбет-суан-керей” емес “Ақымбет-Сибан-Керей.”

Ел аузындағы аңызға айналған әңгімеге сүйенсек жоңғарлардың ығыстыруымен Алтайдағы Ашамайлы Керей Көкшетау ауады. Ат тұяғы жеткен жерге қоныс тебе бастағанда көш басына өкпелеген беделді біреуі бір болыс елді ертіп осы Қызылсу мен Шар бойына алып келеді. Ауып бара жатып жерұйығын ұнатып кетсе керек. Алдымен Маңғытайдың Есенғұлының Нарбота мен Нартайлақ ұрпақтары көш бастап келіп, кейіннен Ақымбеттің басқа ұрпақтары да ат бастарын бұрған болуы керек. Олай дейтініміз: Нарбота мен Нартайлақтың қазіргі ұрпақтары Амалдық пен Тойшы ұрпақтарының дәл ортасында орналасқан. Бұл, әрине, бұрыннан келе жатқан ақиқат. Басқадай да шешімнің болуы мүмкін. Алдымен бұл өңірге Амалдық бастаған көш келіп басы Ертіске тіреліп, соңы Шар жағасына тоқтап, жеткен жерлерін иемденіп, кейіннен келген көшті өздерінің сол жағына, шығыстағы Қызылсу бойына жіберген болар. Осылай да болуы мүмкін. Қалай болса да ағайынды азаматтар жерді озара бөлісіп қоныстанады. Айта кетейік, біз тағы бір пікірдің куәсі болдық. Оны айтқан Есенғұлдың Ақбурасынан тарайтын Әнуарбе ақсақал. Балалық шағын Бұлақтың қасында болған, қазі





жоқ, Құршарда өткізіпті. Кейіннен Шыбындыда тұрыпты. Әйтеуір осы жердің тумасы. Ол: “Әкем: ”Амалдық көштің соңында келіпті. Жер болмай, Нарбота мен Ақбура туыстарына жер қалдырмағандары үшін өкпелепті. Сөйтсе ол осы скеуінің ортасынан жер алмақ екен. Амалдықты өкпелетпес үшін әлгі скеуі оған жерді өз қоныстарының дәл ортасынан бөліп беріпті. Қақтан бері қарай болса керек. Інілерінің ағаларына қолқа салып, амалын тауып, осылай жер алғаны үшін оны Амалдық деп атапты. Біздің атамыз Ақбураның жері - Шымқора екен”деп еді” деді Әнекең. Бұл көңілге қонарлық және басқа ешкімнің аузынан шықпаған дерек болды.

Бізге бас болып келе жатқан Кенжеғазы Өзханов ата қонысы Қақтан әрі он шақырым жерде болғанын, Қақ ауылында тұрғанымызда оңтүстік жақты нұсқап көрсетті. Янушкевичтер өткізген жиналыста Кенжеғазының аталарынан Қошықтың қатынасуы мүмкін. Шардан өте бере шығысқа қарай Амалдық Керей елінің қоныстары болған.

Сөйтіп, Янушкевичтердің келген жері Амалдық Керейдің жері.

Саяхатшылар жүзіп өткен бұрынғы Шардың суы қазір тізеден аспайды. Өткен ғасырдың қырықыншы жылдарының аяғында Шар көктемде тасығанда кемерінен асып, өзектерді суға толтырып тастайтын еді.

“Қаққа жету үшін олар Сарымсақ, Кезбастау, Басқараған ауылдардың үстімен жүрген. Олай дейтініміз бұл тұста басқа жол жоқ”, - деді Климентьевкадан қосылған Дәуітхан Халелов. Басқарағанға Қақ тиіп тұр. Бұрын Басқарағанның солтүстігінде Әбетей ауылы болатын. Сондағы мектептің аты “Жаңа Жол” еді. Әбетейде Амалдықтың Атантай, Әйтiмбет, Қожамберді және Жолбықай атты балаларының ұрпақтары ауыл жабылғанша тұрды.





Басқараған ауылы көптен бері жоқ. Қай жылдары елді мекеннің тұрғындарынан айырылып, ауыл қасындағы төбе ақсақалдарын жоғалтып жетімсірегенін кім білсін? Мен білген өткен ғасырдың екінші жартысында онда ешкім тұрмады. Тек аты ғана аталатын. Сол кездері әрбіреуі жеке ұжымдық шаруашылық құрып отырған ауылдар бірігіп, кеңестік ұжымдарға айналған соң Эбетей, Қақ, Теренқұдық, Ақбейіт, Жармақ елді мекендері жабылып қалды. Сонда білдік: ауылды біріктіретін мектеп пен дүкен екен ғой. Алдымен мектеп жабылса болғаны, балалар оқитын орын болмаған соң ата-аналары мектебі бар жерге көшіп кетеді екен. Барлық кіші ауылдардың географиялық картадан өшкенін осыдан көрдік.

Бұл аймақтың өмірін бүкіл қазақ халқының тарихынан үзіп-жұлып алуға болмайды, бәрі де бір тағдырдың шеңберінде мың өліп, мың тірілген. Отаршылдықтың үстемдігі мен өктемдігін басынан кешірген. Колхоздандырудың тауқыметін көріп, бар малдан айырылып ашаршылыққа ұшыраған, жүдеп-жадап тамақ іздеп босып кеткен, қыршынынан қиылған, басқа өңірге барып аман қалған, репрессия жалыны шарпып өткен, Ұлы Отан соғысында боздақтарын құрбандыққа берген.

Қазақта “су ішкен құдығына түкірме, күн туып қайта су ішуің мүмкін” деген терс мағыналы сөз бар. Қоғамның тағдыры адамның тағдырымен бірдей, адамда жақсы да, жаман да қасиеттер болады. Олай болса, қоғам да солай.

Қай елде болсын үздік техника ең алдымен армияда болады. Сол техниканы игеру үшін соған сай білікті офицерлер керегі айдан анық. Оларды дайындайтын жоғарғы оқу орындары әлемдегі алпауыт елдердегі ең үздік әскери оқу орындарымен бір қатарда тұруы абзал. Сондай дәрежедегі Ленинград әскери академиясында білім алып, офицерлердің





ең жоғарғы сатысындағы дәрежесін алған мен Кеңес өкіметін қалайша түгелдей жамандайын. Сол заманда білім алып, қоғамның барлық саласында жоғарғы дәрежелі атаққа жеткендер аз болған жоқ. Қазір де ел басқарудың тізгінін ұстаушылар кеңестік дәуірден шыққандар. Олардың да өкпесі жоқ шығар.

Армансыз өмір болған ба? “Әкесіз жетім жарты жетім, шешесіз жетім толық жетім” деген ғой. Үмітқан Қалдыбайқызы әкесіз өскен. Әкесі Қалдыбай Борабайұлы отыз жетінші жылғы репрессияға ілініп, содан семьясына оралмапты. Қалдыбай түрмеде жатқанда әйелі босанып қыз тауып, әкесінің соңынан ерген үміті болсын деп атын Үмітқан қойыпты. “Сонда мені әкеме көрсетуге түрмеге апарыпты, қырқымнан шықпаған сәби екенмін. Түрмедегілер шешемді әкеме жақындатқызбапты. Сосын шешем орауда жатқан менің қолымды анадайдан көрсетіпті. Нәрестенің басынан сипап, маңдайынан ніскегісі келді ме скен? Еміренген әкем сол күйінде қала беріпті. Сөйтін, әкем соңынан қалған жалғыз баласының өңін де көре алмапты. Көрсө көзінің алдында атылғанға дейін жүрер ме едім?! Ол қысқа ғұмырында көрген жалғыз баласын “балам” дей алмады, мен болсам өмірімде “әке” деген сөзді айтпай өстім. Екеуміздің де көкірегімізде байланған шер тарқатылмастан кетті. “Малдың шөбін саттыңдар” деген жалған жаламен жиырма бес кісі, көбі Эбетейдікі, сотталып, солардан екеу ғана оралыпты. Олар - Әлімхан мен Рахметолла. Сол жылы әкемдер бағып-қаққан сиырлардың біреуі де шығынға ұшырамапты,” деп жетпістен асқан ана әкесін әлі күнге дейін армандайды.

Жасы сексеннен асқан Бибінар әже: “Бұрын Тереңқудық колхоз орталығы болды, Ақбейіт бөлімшесі еді. Соғыстан келген соң бастығы Самархан аға болды. Ол кісі Тереңқудық





ауылының бетке ұстар азаматы болатын. Ауылда өзінен үлкен Тәуірбай, Жұмағали деген ағалары тұрды. Солардың өздері жасы кіші Самарханды сыйлайтын. Самархан да інілік ізет білдіріп, оларға беттерін тілетіндей ауыр сөз айтып көрген емес. Мұның бәрі білімділік пен тектілік қой. Әкесі Қабдрахманды ел сыйлағандығынан Қапажан деп атаған екен, әділ би болыпты. Інісі Оразхан агроном болды. Тағы бір інісі Аязхан соғыстан қайтпады. Шаруашылық жаман болған жоқ. Әбетей өз бетімен жеке колхоз-тын. Менің жас кезім, оң-солымды әлі тани қоймағанмын. Самархан аға соғыстан келер алдында мен Қарағандыға шахта жұмысына кетпек болып дайындалып жатқанмын. Сол кісінің арқасында Қарағандыдан қалып, Өскеменге ГЭС салу жұмысына кеттім. Ауыр-ауыр тастарды қол арбамен тасыдық. Жасым жнырмаға келгенде тұрмысқа шықтым. Ақсақалым Қабдолла дала жұмысында болды. Трактор бригадасының бригадирі қызметін атқарды. Қыста қатты борандарда сонау Қызыл Күйғанға дейін барып қойшыларға жайылысты қалың қардан аршып беретін. Сонда қойшылар “маған бұрын келмедің” деп өкпелейді екен. Мен болсам, қыста колхоздың малын күттім. Жазда шапқан шөпті көпеледік, маяладық, бірішкемен қыс қорасына тасыдық. Күз түсе жердің бетін күрекпен қырып, қара топырағынан тазартып, сары топырағын жылан жалағандай жалтыратып қырман жасадық. Комбайнды қырманға әкеп қояды. Біз бидайды сабағымен комбайнға салып, дәнін ажыратамыз.

Арлы-берлі өткен жолаушылар біздің үйге соқпай кетпейтін. Әкең, Ақымар аға: “Шәмен жнырма бес жылдық әскери қызметте қалды. Қазір Ленинградта,” деген бір келгенде. Ана, ағаң Шайқан да біздің үйге түсіп жүрді. Жаптайдың қыздары да, - деп бірсыпыра кісілердің аттарын атап, олардың кімдерден тарайтынын ажыратып берді. - Көптеген адам-





дар біздікіне келіп көліктерін шалдырып, демдерін алып, тамақтанып аттанатын. Келген адамға қабағымызды шытынатпайтынымыздан ба? Дастарханымыздың қай уақытта болсын жаюлы тұратындығынан ба? Сол кезде кедейшілік қой, асып тұрған дәнеңеміз жоқ. Әйтеуір үйімізден кісілер жыртылып айырылатын...

Атамыз Әлеуке Нарботаның баласы. Ата қонысымыз Теренқұдық.” – деп өткен ауыр өмірін еске алады, дауысынан соғыста қаза болған ағаларына деген қимастық сезіліп тұр. Қазір Бибінұр Масақбайқызы балалары өсіп, қызын қияға, ұлын ұяға қондырып отырған әже. Былтыр балаларының туған күнін атағандарын тебіреніп есіне алды.

Бұрын кездейсоқ кездескен қариялар бала кезімізде тоқтатып, атымызды сұрамай, әкеміздің атын сұрап алып бүкіл үрім-бұтағымызды таратып беретін. Бибінұр Масақбайқызы сондай көнекөз қарттардың жұрнағы. Өйткені қарияның аталары осы өлкеде өрбіген. Аймақтағы ауылдармен қатынаста болған, сондықтан көпті біледі.

Бибінұр Масақбайқызы Әлеукенің Өтемісінен болса, жоғарыда өзі атаған Самархан Қабдрахманов Әлеукенің Өтеуінен екен.

Семей облыстық “Боздақтар” кітабінде әскери форма киген, басында фуражжасы бар атжақты, қыр мұрынды, тура қарап түскен жас жауынгердің суреті бар. Ол – Аязхан Қабдырахманов. “Қатардағы жауынгер. 1920 жылы Ебетей ауылында туған. 758 атқыштар полкы 631 дивизия құрамында соғысқан. 1941 жылы қыркүйектің 14-нде қаза тапқан. Қандалакша қаласында жерленген” деген жазу бар. Аязхан суретінің қасында тағы бір фото. Ол – Қабдырахманов Өзіхан. Қысқа шашы мандайында, ашық көзді, мұрыны түбінде қусырылған, үстіңгі ерні имектелген, сақал-мұрты тебіндемеген бала. Қомақтанып мойнын



жауып тұрған күзгі пальтоның ішінен ақ көйлектің жағасы көрініп тұр. Кәдімгі комсомол жасындағы жап-жас бала. Дерекке қарағанда ол 1922 жылы туыпты. 63-ші атқыштар полк құрамында майданда болып, 1942 жылдың мамырында қаза тауыпты. Аязхан сияқты Кандалакша қаласында жерленіпті. Жасына қарағанда Өзіхан Аязханнан екі жас кіші, яғни інісі болғаны.

...Аленді “Эбетей”, “Жаңа Жол” аттарына келетін болсақ мынандай ойға жетелейді. Қалмақ тілінен аударғанда “эбе” – жел, “тей” – тау болып аударылады екен. Олай болса, бұл ауылдың аты қалмақ сөзімен байланысты, яғни “Желді тау” деп аударылады. Ауылдың аты қасындағы Эбетей тауының атымен байланысты болғаны. Ауыл Қоныстану, Орталық және Қарамойыл деп аталатын үш бөлімнен тұрушы еді. Ал енді “Жаңа Жол” деген сөздің шығуына келетін болсақ, оның тарихын кеңес дәуірімен байланыстырған жөн. Өйткені ұжымдық шаруашылықтар құрылғанда, оның атын жаңа мағналы сөздермен байланыстырып жатты. Осылай Қойшыбайдың атындағы ауыл “Социалистік Шығыс”, қысқаша “Соцшығыс”, Мәйек ауылы “Авангард” деп аталып жатты. Мақсаттары жаңа қоғамға жаңа серпін беріп, халықты біріктіріп, еңбекке баулып, бәрін бір жеңнен бір қол, бір жағадан бір бас шығаратындай етіп тәрбиелемек болды.

Шар өзені мен Қақ ауылы арасының жері жазық, көбінесе шоғырланған қараған өседі, шөбі аласа және қалың болады. Сол қарағандардың бірі Бас Қараған аталған. Ауыл аты да осыдан алынған. Әйттім Смағұлқызы: “Эбетей тауының жан-жағында өсетін қалың да ұзын және білектей жуан, биіктігі кісі бойынан асатын қараған болатын. Мамыр айында гүлденгенде сап-сары боп даланы жайқалтып жіберуші еді. Арасынан барып гүл теруші едік. Қазір сол





қарағандар сиреп, кезінде ауыл тұрғындары отынға шауып алғындықтан азайып, аласарып және жіңішкеріп кетті,” – деп жарты ғасыр өткен жастық шағын есіне алды.

Эбетсей мен Қақтың ортасын көбіне шоғырланған қараған алып жататын. Мал жайылысы сол қарағандардың арасында ғана еді. Шөбі қою, аласа және жұмсақ. Көктемнің мамыражай жылы күндерінде жаңа туған қозылар, арқандап қойған бұзаулар шөпке іштерін қампитып алып жұмсақ шөптің үстінде тұмсықтарын бауырына тығып, күнге арқаларын төсеп ұйықтап жататын. Осылай құнарлы жерден мал екеш малда ләззат алатын.

Елуінші жылдардың басында біздің мектепке педагогикалық училищені бітірген үш жас маман келді. Олардың екеуі қыз, үшіншісі жігіт. Үшеуі де бойдақ. Сол кездегі балалар Күлән мен Мұқтарбек мұғалімдеріміздің қалың да, кісі бойындай биік қарағанның ішіне кіріп, көзден ғайып болғанын көруші едік. Қыз бен жігіттің бұл жүрістері біз үшін таңсық болатын, қызығушылықпен қарайтынбыз.. Сондағы жастар махаббатының куәгері болған сол қарағанның биіктігі енді ғана еске түсіп отыр.





ҚАҚ

Қазақ сахарасының бір түкпірінде жатқан Қақ ауылын сонау Омбыдан келетін топты қабылдауға неге белгіледі екен? Әрине, бұл шешімді қабылдаған болыс Бейсеке. Қақ таудың етегінде, күннің ашығында алдағы алқап алақанда жатқандай керіліп көрінеді. Жері жазық, ойдым-ойдым қараған, бетеге шөп көңілге тояттық тудырады. Ауылдың алдында толқыған суы, көктем мен күзде саңқылдаған құсы, жағасында жайқалған қамысы бар екі көл, көктемде қызылды-сарылы гүлге бөленген дала көздің нұрын алатыны сөзсіз. Қазіргі көктемнің соңғы күндерінде табиғат өңіне еніп құлпырып тұр. Қонақтарды қабылдағанға жайлы кез. Болыс ауыл ақсақалдарына Омбыдан келетін қадірменді қонақтарды қабылдау бағдарламасын алқа жиынында жеткізді. Бейсекенің бұл ұсынысын ауыл ақсақалдары да қолдаған. Қақтағы таудың тасын жарып шығатын бұлақтың суы көздің жасындай мөлдір, суық және тұщы, керуен жолына жақын, болыстыққа кіретін он ауылдың ішіндегі ең қолайлысы. Қақ деп аталуының себебі оның Қызылсу мен Шардың қақ ортасында орналасқанынан да болса керек.

Мен бұл жерде Қақ ауылының болғанын қасынан неше рет өтсем де білмеппін-ау. Білетінім – осы жерден әрірек таудың тұмсығында, бұлақтың бастауында тұрған қазіргі Қақ еді. Бұл ауылда елуінші жылдарда сиыр фермасы болатын. Көп-көрім ауыл тұратын. Қақтың оқушы балалары Эбетейдегі мектепке келетін.

Янушкевич өздерінің “Қақ жайлауына келіп тоқтағанын, мұнда ел билеушісі Бейсекенің алдарынан шығып қарсы алып, күн бұрын тігілген үлкен киіз үйге бастап кіріп орналастырғанын,” Қақтан інісіне жолдаған 22 мамырдағы хатында жазыпты.





Біз, бұрынғы Климентьевка, қазіргі Жаңа Жол ауылына соғып ауыл ақсақалы Дәуітхан Халеловты алғанымыз онды болыпты Ол – осы жердің тумасы, Амалдықтың Жолбықайының ұрпағы. Егер қасымызда Дәуітхан Халелов болмаса, біз бұрынғы Қақтан асып, кейінгі орнына баратын едік. Сондықтан қыраттың бергі бетіне жетіп тоқтадық.

Біздің топ та В.Ивашкевичтің тобы сияқты Қаққа жетті-ау. Бірақ бізді ешкім қарсы алған жоқ. Себебі Қақ жоқ. Оның орны ғана бар. Бірнеше жерден жел мен жауыннан, қыраттан аққан еріген қардың суымен мұжылған, күннің көзі қақтаған үйлердің ірге тастарын, қора қабырғаларының әр жерде шашылып жатқан қара жалпақ тастарын көрдік. Бұрынғы Қақ ауылы Эбетей тауының батыс беткейінде, Үлкен көлдің жиегінде болыпты. Бұл жаңалықты Дәуітхан ақсақал айтты. Үлкен және оған таяу Кіші көлдер суалған, бұларға құятын тау сілемінің келесі сайынан келетін, Шаттан бастау алатын бұлақтар жолай жерге сіңіп кететін болған. Ауыл ақсақалы мұның бәрін өз көзімен көрген соң айтып тұр ғой. Сонда бұл көлдердің елу-алпыс жыл бұрын болғаны. Неге жойылып кетті екен? Керуенкөлдегі сияқты көл жағалары да төмпешіктеніп көзге көрінбеді.

Ескі жұртты аралап үй орындарын көріп, тіршіліктің болғанына көзіміз жетті. Осыдан соң өзіміз білетін Қақ ауылына бардық. Ол жақын, бес жүз метрдей жерде, таудың тұмсығында тұр. Ауылдың орнында бір вагонды ғана көрдік. Мұнда Баженов ауылының тұрғыны, байырғы Бейсекенің ұрпағы болып келетін Орал Балтабаев басқаратын акционерлік қоғамның сиырлары, бақташысы Дүйсенғазы Табаров екен. Дәуітхан ақсақал Қаққа келген соң жайрандап кетті. “Мұнда жиырма шақты үй, мал фермасы болды. Меңгерушісі Жақып ақсақалдың бәйбішесі Күлбән еді. Өне жердегі Қызанның үйінің сыртында жылан құртша





қайнайтын. Ауылда Қанапия Мендібаев деген ақсақал болды. Ол күзде мизанның келгенін, оның жоғарылап немесе төмендеп кеткенін айтып, қыстың қатаң немесе жайлы болатынын айтатын. Кезінде мән бермеппіз-ау, сұрап алуымыз керек екен. Айтқаны келуші еді, әттең, ескермедік,” - деп бала кездегі аңғалдықты өкінішпен есіне алып, кімнің қайда тұрғанын айтып, үй орындарын қолын созып көрсетті. Ауыл таумен көмкерілген жазықта. Қырдың асау аңызғақ желі қыраттарды аймалап өтетіндіктен жері құнарлы, суға мол, шөбі шүйгін. Ауылдың ортасын бұлақ жарып ағып жата-тын. Бұлақтың сол жағасында, ауылдың бұрышында Қабит деген ақсақал тұрды. Бұрын ферма меңгерушісі болыпты дейтін. Елуінші жылдардың басында ол шөге бастаған қарт еді. Сақал-мұрты буырыл тарта бастаса да әлі үй шаруасына, малдарын қарағанға жарайтын мықты шал болатын. Есік алдында қолына бірде аша, бірде күрек ұстап бірдеңелерді бітіріп жүретін. Олардың отбасында төрт-ақ адам болатын. Жалғыз қызы Рәпикүл тұрмыс құрып, артынан Зияда деген қыз қалтырып дүние салды. Оқу жасына жетпей Зияда да, нағашы атасы Қабиттың қолында о дүниелік болды. Қолында Сэнтай деген жалғыз ұлы қалды. Сэнтай есіміне сай сәнді жігіт болатын. Орта бойлы, сұңғақ денелі, жұқа келген аққұба өңіне қыр мұрыны мен қиылған мұрты жарасып тұратын. Жасы отыздан асып кетсе де үйленбеген. Әке-шешесі “үйлен” деп қолқа салса, “артымнан еңіретіп жесір әйелді тастап кеткім келмейді”, деп келіншек алмай қойыпты. Сөйтсе, оның өкпесі ауырады екен. Осыны білген ол дүниеде өзін ғана бақытсыз етуге бел буыпты. Қабит ауыратын баласының қолын қақпаған. Астына сәйгүлік ат мінгізіп, жанына тазыны ерттірді.

Қыстың алғашқы күндерінің бірі еді.. Кеше ғана жауған ұлпа қар жердің бетін аппақ көрпесімен көмкерген. Қалың





қарды аңшылар сәттілікке жорамалдайды. Бүгін Сантай аңға шығып қанжығасына бір түлкіні байлап Қаққа Әбетейдің үстімен қайтып келеді. Ауылдың сыртындағы жазықта жалғыз аңшы ғана көрінеді. Сүліктей жаратылған болдыра бастағандығынан болар аяғын сылбыр басып келеді. Қара керінің үстінде басына түлкі тымақ, кеудесіне қыналы ақ тон киген, аяғында ақ киізден тігілген етік, сол қолының қарнында сойылы, оң қолына қамшы ұстаған тіп-тік қылып денесін ұстаған қожайыны отыр. Ол атының бұл жүрісін ұнатпағандай анда-санда қамшысын сипай тартып келеді. Осындайда қара кері “ұқтым” дегендей тізгінін алға соза тартып аяғын жылдамтады. Бұларға анда-санда қарап қойып, “қалмандар” деген ишаратпен ат алдында қожайынынан үйіне бұрын барғысы келген қара құмай, ұзын құлақтарын салбыратып бүлкілдеп келеді. Тынық дала, шөкімдей бұлты жоқ, аспаннан төгіліп тұрған ашық сәулелі күн осы көріністі көрмеде тұрған суреттей бейнелейді.

Сантайдың аңшылық қасиетімен қоса ән салу, домбыра тарту өнері айтарлықтай еді. Ептеп өлең де шығаратын қабылеті бар дейтін. Өнерлі жігіт ауылдарда өтетін той-думандардың ажары болыпты. Оның жүріс-тұрысы, жұмсақ мінезі, үстіне қылшық жуытпайтын тазалығы, домбыраны күмбірлетіп салатын қоңыр әндері Сантайды білетін жұртқа бұрынғының сері-салыларын көзге елестетін. Өкпеге түскен құрт жігіттің еркесін алмай тынбады. Артынан еңіреген әке-шешесі қалып, кейіннен олар да мәңгілікке жол шекті. Қайыптан Изен, одан Баққұм, одан Сарқұм, одан Көпіс, одан Қондыбай, одан Қабит, одан Сантай болатын. Осылай Қабиттың: “шаңырағым сөнбесе екен” деген тілегі қабыл болмай, Нартайлақтан тараған ұрпақтың бір ізі сөнді.

Янушкевич өздерінің келген себебін былай деп жазыпты: “Бірнеше қазақ өздерінің атынан және 45 ағайын





тумаларының атынан ел билеуші Бейсекенің үстінен шекаралық бастыққа шағым түсірген. Бейсекенің тізе батырып, жәбірлейтіндігін айтып, оның орнына старшина Қойшыбайды сайлауға мүмкіндік беруді өтінген... Бұдан бір жыл бұрын осы қызметке жанұшыра ұмтылып, бірақ аз дауыс алғандықтан жүні жығылған Қойшыбайдың қайтадан дуылдатып жүргені емес пе екен мұның бәрі? Шекаралық бастық осыған айрықша назар аударуды өтінген. Бұл іске біздің бірнеше күніміз өтті. Өштескен екі жақ күреске барын салды... Шешендер алма-кезек сөз таластырды” деп даудың қызу жүргенін көрсетіпті.

Осыдан әрі ол жиналыстың қалай өткенін баяндайды.

Виктор Ивашкевич отырғандардан хаттың авторы Қойшыбай, оның хатшысы мен жас молла екенін және шағымда жалған аттардың, тіпті өліп қалған адамдарының аттарының көрсетілгенін жиналыстың басында-ақ анықтап алады.

Янушкевич екі жақтың сеңдей сөгіліп, селдей құлаған түйдек-түйдек тастаған ауыр-ауыр сөз тартысын тәптіштеп жазады. Шешендердің сөз тапқырлығына, тиісті жерінде кірісе кететіндігіне таңғалады. Орта жастағы кедей старшина Тоқымбай Қойшыбайды кінәлап, ел ішінің шырқын бұзып, сонау Омбыдан арнайы комиссия шақыртқанын көлденең тартады. Осының нәтижесінде “үйлерін, малдарын, бала-шағаларын, күнделікті шаруаларын тастап, осыншама жұрт шалғай ауылдардан” келгендерін, тіпті кейбіреулердің “жаяулап жеткендерін” айтады. Сонда “күнделікті шаруаларын тастап” келгендер кім екен?

Мәжіліске болыс Бейсекеден басқа, іргесінде бір ауыл боп отырған Амалдықтан Қошық пен Бәйке, Қуанышбай кажыдан Қожа, Көде, Ұлтан, Ұлтарак. Байбұланнан





Кунгожа, Сәмекеден Орынбай, Иса мен Мұса, Сырыннан Мыржан, Нұрман мен Әкімжан, Жалбағайдан Ноғайдың Қорғанбайы мен Байторысы, көрші Теренқұдық ауылындағы Әлеукенің Өтеу, Өтеміс, Жанмырза мен Бостанынан тараған беделділері қатысқан. Осы өңірге белгілі қара қылды қақ жарып дау-дамайларды шешетін Тана бидің де атқамінерлері тізе қостырды. Бір сөзбен айтқанда болыстықтың игі жақсылары бас қосқан.

Қойшыбай - Нартайлақтан, оның ішінде Айтпай. Қуыстағы ауылдан Изен мен Боздақтың, Қарағанды ауылынан Байсарының, Қызылсу жағасындағы Айтпайлар, Табыл, Жанақ және Қожан ұрпақтары. Олардың ішінде өзі батыр, өзі шешен Төти, Төбет батырдың атқа мінер Баққарасы, Қойшыбай ауылымен іргелес жатқан Аршалы мен Төлентау болыстықтары басшыларының бірі Сағындық, Бетқұдық ауылының ақсақалы, Қойшыбайға аталас болып келетін Айтпайдың Рақымы. Болыстас көрші Қорқыт ауылынан сибан Құттыбай батырдың немерелері Баймұра мен Қара, Көркембай қажы елеулі қонақтардың бірі болып, олар да өз пікірлерін ортаға салды.

Әрине, бұл жиынға аузы дуалы, сөзі уәлі, қолында малы бар байлар шақырылды. Олар Бейсекеге қонаққа соятын малдарын ала келді. Ауылдардың атқамінерлері де күнде бола бермейтін мәжілістен шет қалған жоқ. Күндіз-түні мал соңында салпақтап жүрген кедей шаруаларға мұндай отырыстарда орын жоқ, әрине.

А. Янушкевичтің “суан-керей” деп жазғаны сибан керей жері Қойшыбай ауылына іргелес Аршалы және Төлентау болыстары. Мұны Нартайлақтың ішінде Табылға жататын Төтидің Рақышының немересі Ағзам Айғожаұлы аталарының жайлауы болған Аршалы болысының жері ту-





ралы толғауынан көруге болады:

*“Шығыста бір үлкен тау Дудығалы,
Қостөбе, Төлен тау мен тағы Аршалы.
Қарасу, Көрпе жерін мекен еткен,
Жағалай қоныс қонған елдің бәрі.
Жайлаған бұл қонысты Керей-Сибан,
Тараған екеуі де бір рудан,
Өкпелеп ағайынға бір себептен*

Ауыпты деген сөз бар Көкшетаудан”, - деп жоғарыда жазғандарымызды дәлелдеп береді. Яғни, жоңғар шапқыншылығынан зардап шеккен халық, аумалы-төкпелі зауал шаққа ұшырап, жаудан үдере қашып жаңа қонысты жаудан таза даланың солтүстігінен іздеген. Алтайдан ауған ел Көкшетауға жетіп ат табанын бір-ақ тіреген ғой.

Хандар мен шонжарлар, бейбіт күнде тоңмойын болса да, ел басына күн туғанда халыққа назарын аударатыны белгілі. Дүрбіт-Ойрат жағынан қатер төнген кезде Тәуке хан Арал маңында бүкіл Қазақ ордасын сауын айтып бірінші Құрылтайға шақырған еді. Енді міне, “ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама” жылы өткен соң 1726 жылы Ордабасында Әбілқайыр хан екінші Құрылтайды жинады. Елге аттары мәшһүр болған Қазыбек, Төле мен Әйтеке билердің ұсыныстарымен қазақ әскері жиналмақ болып, оның бас қолбасшысы етіп Әбілқайыр ханды, үш жүз әскерінің Бас Сардарлығына Бөгенбай батыр тағайындалады. Оның қасында қалмақтың қамалын бұзған керейдің Жарылғап, ақсары Шотана, Жәнібек ержүрек батырлар да болды.

Алғашқы үлкен ұрыс 1728 жылы Арқада, Сарысудың батыс торабындағы Бұланты өзенінің бойында өтіп, қазақ қосындары жеңіске жетті. Осы жолы жау қолы өте көп шығынға ұшырағандықтан бұл жер “Қалмақ қырылған” деп аталыпты.





Бұлапты бойындағы жеңіс жалғасын 1730 жылы Аңырақай майданында табады.

Бұл жаңалықтардың бәрі сайын далаға желдің гуіліндей тез тарап отырып еді. Соғысқа деген салықтан босатылған халық арқасын кеңінен жая бастаған-тын. Ендігі жерде жүрек түбінде жатқан ойын іске асырмақ. Көкшетау өңіріне көшіп келген елдің аңсасы әлі болса да Өр Алтай жаққа ауып тұратын. Міне, қысқан қыстан соң жадыраған жазға жаңа ғана келген көктем белгі берді. Осы мерзімде ел арасында қайтадан Алтайға оралу деген пікір бір толастамай, жоңғарларды жеңгеннен кейін қайтадан жанданды. Күн жылына атақты ақсақалдар мен беделді жігіттер тобы тағы жиналды. Маңғытайдан Арыстанның жанында Қареке мен Шора, Есенғұлдың қасында Нарбота, Нартайлақ, Наркелді, Ақбура мен Елшібек, Амалдықтың соңында Атантай, Өйтімбет, Қожамберді мен Жолбықай бар. Барлықтарының артында қаптаған елі тұр.

Олар айтылып жүрген пікірді талқылаған соң сөзді Ақбай, Дәуейі, Кәрікұлақ ақсақалдар атынан жасы үлкен Маңғытай алды:

- Біз кеткен соң адырап қалған жерді қазақ жерінен қашқан қалмақтар иеленеді. Сөйтіп өз жерімізден айырылып қалу қаупі төніп тұр, - деп әр азаматтың намысына тиетін қазақ жерінің мүддесін ортаға доп тастағандай ой тастады. Бұл сөзге бәрі елең ете қалды.

- Бытырап кеткен елдің басын қосу қиын. Мұны ойлап жүрген жалғыз біз емес, керейдің бас батыры Ер Жәнібек те. Оның Абылай ханға барып ақылдаспақ болып жүргенін ұзынкұлақ әкелді, - деді төрелік етіп отырған Маңғытайдың қасындағы Ақбай.

- Сонда хан не істемек? – деді отырғандардың ішіндегі ең жасы Елшібек.





- Өз атынан бір сұлтанды жіберсе, хан өкілінің маңайына халық жиналады. Ханның атағы бар, оның атынан үкім жүргізетін сұлтан болса, кім болсын бей-жай қалмас, - деген ойды төреші айтты.

- Олай болса, Алтайға жақын отыруымыз керек. Ертіс жиегіне қайтқанымыз жөн болады. Ертіс атағы әрбір қазақтың құлағына сіңісті, - деп ұсыныс жасады бағанадан бері үндемей отырған Нарбота.

Көшіп-қонғанды қолдамағандар да шықты.

- Жазықтағы қазақ Қожамберді жыраудың “Елім-айын” айтып зарласа, біз Алтайдың тауын күңіреттік. Жолда талай адам қалды. Аштан, жаяу жүріп зорыққаннан өлді. Енді соны қайталамақпыз ба? Ақ басты тауларды, сұлу табиғатты, жиған мал-мүлікті тастап басымыздың аман қалуын ойлап қаштық. Азып-тозып, енді ғана жыртығын жапқан елді тағы дүркіретеміз бе? Халықпен ақылдасу керек. Мүмкін қолдамайтын шығар? Жәнібектен хабар күтейік, - деп қойып қалды тосыннан, кешігіп келген Қабаш.

- Сен өзін қалай сөйлейсің? Көшейік деген сөз осында келгеннен бері ел аузында. Бәріміз қалмақтың жеңілгенін күтіп жүрдік. Көп отырсақ мүлде орнығып аламыз да, үйреніп алған халықты орнынан қозғай алмаймыз, - деп қызбаланып сөйлеген Жолбықай Қабаштың бетін қайтарардай жігерленіп айтты.

- Жолбықайдың “көп отырсақ бұл жерде қалып қоюымыз әбден мүмкін” дегенін қолдаймын. Мені тас жүрек деп ойламаңдар. Аштықтан жүре алмай жолда қалған балалардың, еңіреп, жалбарынып тастамауды өтінген кәрі-жастың жылаған дауыстары әлі күнге дейін құлағымның түбінде тұр. Көзден таса болса да, көңілден кетпес туыстардың қара топырақ төмпешіктерінің орны жадымда қалды. Қандай мұңлы, өкінішті болса да, алдымыздағы





ұрпақтың келешегін ойлағанымыз дұрыс деп ойлаймын. Осы жерге тамырды жібермей тұрғанда Ертістің жағасына көшу керектігін айтқандарды қолдаймын. Жәнібектен қазір хабар күту әлі ерте. Қалмақтармен соғыс біткен жоқ. Алтайға қайту керек деген батырдың сөзі – келешекті ойлағаны. Ертіс бойы - Алтайдың етегі, әрі қарай қашан көшсек те жақын. Біз бір нәрсені ұмытпауымыз керек. Ол – қазақтың жерін тарылтпау. Қалмақ әрі қашса, бір бүйірде қытай болса, екінші бүйірімізден орыстар қыспақ. Екеуі де қай жақтың әлсіреуін күтіп отыр. Кім жеңілсе, соның жеріне тап береді. Түсінемін, халыққа қайта көшу оңайға соқпайды. Сонда да көшу халқымыздың келешегі үшін керек, - деп әртүрлі пікірді қортындады алқа мәжілістің ақсақалы Маңғытай.

- Осы мәжілісте болған түйінді сөздерді әр азамат отырған жерінде халыққа айтып отыруын өтінемін. Қазірден бастап ел дайындалуы керек. Жолда ішетін тамақ, жүріске шыдайтын көлік, киетін киім, жүкті байлайтын жіпке дейін әзір болуын естеріне салып, қадағалап отырмаса болмайды, - деп бірін-бірі қостады Дәуей мен Кәріқұлақ.

Мәжіліс құрғандар Жәнібек Бердәулетұлының ойынан дөп түсіп еді. Жоңғарлар жеңіліс тапқаннан кейін керейдің бұрынғы ата жұрты Өр Алтай қаңырап бос қалған-тын. Сондықтан Ер Жәнібек Абылай ханға барып керейді Алтайға көшіріп, қоныстандыру мақсатын айтып, рұқсатын алған. Енді елді тез жинау үшін хан билігінің беделін қолданбақ болып Абылайдан Әбілмәмбет ханның нсмересі Көгедайды сұрап алды. Әбілфейіздің бұл баласы хан көтеріліп керейге адал еңбек етті. Жәнібекпен қосылып қолынан келгенін істеді де, бірақ алдарына қойған мақсаттарын түгелдей орындай алмады. Көгедай өз антынан таймады. Жасы жетіп дүние салды да, мүрдесі сол керей елінің жерінде мәңгілік орын алды.





Керейдің ішінде Жәнтекейдің ұрпағы көбінен тараған және атақтысы да, биі де, батыры да солардан шыққан. Жәнтекейден Сүйіндік, одан Алты, одан Сары, одан Бердәулет. Бердәулеттен бүкіл керейдің бас батыры болған Ер Жәнібек туған.

Шығыс Қазақстан облыстық “Дидар” газетінің 2005-ші жылғы қыркүйектің 27-індегі санында Жәнібек батыр туралы мынандай жолдар келтіріліпті:

*“Өмірі ел қамын жеп өлген кісі,
Дәл жасы 84-ке жеткен кісі.
Қабірі Қызылсу, Шар жағасында,
Артынан ту қалдырып кеткен кісі”.*

Осыған қарағанда, кім білсін Ер Жәнібек Қызылсу мен Шар бойына орын теуіп қалған Ашамайлы Керейдің Ақсары мен Ертісті өрлей қоныстанған Құрсары ұрпақтарын Алтайға қайтаруға келген сапарында дүние салды ма екен?

Қайта көшудің орындалмайтын себебі де бар еді. Жоңғар соғысынан кейін сағынып күткен бейбітшілік орнады. Балалар жетіп, өсіп-өне бастады. Ауыздарында дуалы сөздері бар, елді аузына қаратқан бұрынғы көшбасшылар қартайып дүние салды. Ендігі ұрпақ туған жеріне үйреніп көшкісі келмеді. Кейіннен бұрынғы ата-бабалардың аттары көмескіленіп, ата санау осында көшбасы болып келген ақсақалдардың атымен аталатын болды. Қазіргі ұрпақтың есінде Тойшы, Нарбота, Нартайлақ, Қожан, Амалдық, Шокпатар аталарының аттары сақталған. Ұрпақ өскен соң қазіргі буын ата санауды бұлардың балаларының атымен атап жүр. Мәселен, Нарботадан Әлеуке болып бөлініп, одан Өтеу, Өтеміс, Жанмырза мен Бостаннан тармақтанады. Аталардың ұмытылып бара жатқандығы сондай, тіпті мен сұраған адамдардың





біреуі де жете білмеді. Бұл жерде ешкімді де кінәлай алмаймыз. Істің мәні осылай болған соң айтып отырмыз. Сұрастырудың арқасында Мәпен[Мафрухан] Нұрғалиқызы аталарын тапқан сияқты. Бұл да бір жеңіс. Өзірге былай тұжырымдадық: Әлеуке, одан Өтеу, одан Жанмырза, одан Қарымсақ, одан Жамбыл, одан Бибол, одан Нұрғали, одан Әділғазы, Мафрухан мен Бейілғазы. Мұның өзі аталар арасына Жанмырзаны Қали Танаұлының қосқанынан туып отыр. Қалидың аталары Бостаннан бастау алады. Егер Маңғытайдан Есенғұл, одан Нарбота, одан Әлеуке десек, сонда Ақбайдың ұрпағын санағандай он екі буын шығады. Маңғытай мен Ақбайдың әкелері ағалы-інілі, яғни біріне бірі немере. Жоғарыда аталған Бибінұр Масақбайқызы мен Үмітқан Қалдыбайқызы Өтемістен тарайды екен.

Әлеукенің үрім-бұтағын іздестіруде Мәпен Нұрғалиқызы көп талпыныс білдірді, білетінін айтты, туыстарынан сұрастырды. Өз аталары туралы да аздап біледі екен. Биболдың жауырыны жерге тимеген палуан болғанын, әкесі Нұрғалида да сондай қасиеттің болғанын айтты. Ол: “Әкем палуан болған адам. Бір ерекшілі бар-тын. Қолы ауыр еді. Малды ұрса, мал тұрмайды екен. Сосын балаларын да ұрып көрген емес, тек қателіктерін ғана айтатын. Қолына қолғап киген емес және кеудесі қыста да, жазда да ашық жүретін. Ұзын бойлы, денелі, зор кісі болды. Сөзді көп сөйлемейтін. Кіші ұлым сол атасына тартқан,” – деді бір әңгімелескенде.

Енді ойымызды қайта шегіндіріп, болған мәжіліс қортындысына қайта оралайық.

Отырғандар бір мәмлеге келген соң әр адам өздері өткен, ел аузында бар жер-су аттарын бірінен соң бірін атап жатты. Бәрі де көпшілікке мәлім екен. Солардың ішінен жиірек аталғаны Қалба тауы мен Қызылсу, Шар өзендері.



- Ертістің сол жағалауы жазық келеді, суы мол Қызылсу мен Шар өзендерін бойлап орын тепсек дұрыс болады, - деп ұсыныс жасады Амалдық.

- Мен Шардың оң жағалауын таңдадым. Кейін талас болмасын, - деді Ақбура, қамшысын көтеріп, бәрінің назарын аудармақ болғандай.

- Жассың ғой. Келешегің алда. Кейін сенің атыңмен ұрпақтарың аталарын ағайтын болады. Құп алдық. Айтқаның болсын, - деді күле сөйлеген Нарбота.

- Менің ауылым Қызылсудың төменгі ағысына қоныстанады, - деп қосылды Маңғытайдың Арыстаны. [Арыстанның санаулы түтінді ұрпақтары Қызылсудың Ертіске құятын жерінен орын тепті. Оның Қарске мен Шорасынан тараған ұрпақ әлі де қанатын сол жерде жайып келеді. Соның бірі Қарымсақовтардың әулеті. Олар Маңғытайдан тарайды. Маңғытайдан Арыстан, одан Қарске, одан Бәйтей, одан Боранбай, одан Мәстек, одан Сарымсақ пен Қарымсақ би, Сарымсақтан Әубәкір, одан Тоқтар, одан Орынбай, Орынғазы, Әділғазы, Бикәмәл, Нұржамал. Қазір жетпістегі Тоқтар ақсақал баласы Орынбай мен келіні Бибігүлден Динара, Дәурен деген немерелерін сүйіп, Динарадан Жәнел деген шөбересін көріп отыр.]

Мәжіліске қатынасқан адамдардың сөз бағыты бір жерден шыққан соң:

- Ақбура мен Арыстанның айтқандарының мәні бар шығар. Ең алдымен аман-есен жетіп алайық. Ертіс бойына жеткен соң жерді көріп, кісі саны мен мал басын есепке ала отырып орналасамыз. Менің ұсынысым – көш басын Ертіс жағасына барып тіреуіміз керек. Себебі ел басына қауыпты жағдай туа қалса, бізді тез табады. Ертіс жағасына жеткен соң хан ордасына да, Ер Жәнібекке қоныстанған жерімізді айтатын бір кісіні жіберуіміз керек. Менің байқауымша бәріміз





бір шешімге келдік. Енді әр ауылдың жүретін бағытын анықтап, көшті қорғайтын қарауыл тағайындаңдар, - деп қортынды сөзді төреші боп отырған Маңғытай түйіндеді.

Сөйтіп, жүктерін түйе мен атқа артып, арбаға тиісп, жаяулы-жалпылы малдарын айдап, кері қарай байырғы найман жеріне қоныс аударуға бет бұрды. Бірнеше тарам жолмен жүріп, көштің алды-артына, бүйіріне қарауыл қойғызған көшбасшылар шаршап-шалдығып, алыс жолдың зардабын көрген бала-шағаны, шал-кемпірді Ертіс жағасы мен Қызылсу-Шар бойына жеткізіп сусындап, естерін жиғызды. Ұзын жолда көз жұмған туыстарына, шейіт болған сәбилерге арнап ас берілді. Аллаһ Тағаланың қолдауын сұрап хатым түсіртті. Ас соңында ақсақалдар алқасы ендігі ерікті балаларына беретіндерін айта келіп:

- Сендер де жігіт жасына жеттіңдер. Арттарыңда ерген ел, ер жеткен балаларың бар. Келешекті ойлап, кейінгі өскен ұрпақ тарылмайтындай болып жер бөлісіндер. Қонысқа жері жайлы, малға өрісі кең болсын. Артта қалған біраз көш бар, оны да ұмытпандар. Олар да бүгін-ертең келіп қалар, - десті қариялар.

- Алла Тағала қолдап, жақсы орналассақ бізден кейін келетін ата балалары болады, - деп қосты Амалдық.

Жуынып-шайынып дегендей, мал басын түгендеп, жыртылған киімдерін жамап, естерін жиганша ауыл азаматтары жан-жақты аралап, жергілікті тұрғындардың ақсақалдарымен келісе отырып жаңа қоныс іздестірді. Әрбіреуі өзара сөз жығылыстыра келіп “осы жер қоныс тебуге ыңғайлы-ау” деген мәмлеге келіп, ет жақын туыстарын алып әр ауыл басшылары көзделген жерге кетті. Әбетей ауылы болып біріккен үш ауылдың бірінің “Қоныстану” аталуы сол кезден қалса керек. Алтайдан Көкшетауға, Көкшетаудан Қалба тауының сілеміне жеткен көш басы





Ертістің сол жағасына келіп тоқтап еді. Осылай Маңғытай, Ақбай, Дәуей мен Кәрікұлақ бастап келген көш үлкен кеңістікті иеленді: оңтүстікте Көктау, шығыста Қызылсу, батыста Шар бойын ала орналасты. Бұл жер киелі болып, ұрпақтары өсіп, малдары өріске толып, жоңғарлармен өткен соғыстың зардабын көрген ел құлаштарын жайып, дархан далаға көсіліп емін-еркін орналасты. Жай отырмай, Ертістің төменгі ағысындағы жауды қууға қатынасты. Орталарынан елім деп аңыраған жігіттер шығып күш жинап, қол құрып, ентелеген жауға қару алып қарсы шығып, өздері көшіп келгенде қоныстанып отырған қалмақтарды қоса қуды. Осылай ата жауы болған, үш ғасыр бойы жаугершілік өмір сүрген Ақымбет ұрпағының бір тарауы, қалмақтардан қазақ жерін түгелдей тазалауға үлесін қосты. Мамыражай өмір сүре бастады. Арттарынан қоныс аударып келушілер де болды.

Жеңілген жау жараланған жыртқыштай қайсарлық көрсетті. Жылдар бойы иемденіп келіп, ұрпақтары орналасып қалған жерден айрылғысы келмеді. Ел намысы мен ер намысын ту еткен терістанбалыдан Жарылғап, керейден Төбет, сибаннан Құттыбай батырлар, матайдан Тәйке батыр мен ержүрек Бекжан сынды жігіттер шығып қол жинап, жаумен Көктаудың баурайындағы алқапта күш сынасты. Тек бұл жерде ғана емес, жау қосымша күш жинап қанды шайқасты Ертіс бойының бірнеше жерінде өткізді. Тәуелсіздікке, егемендікке, Отанға деген рух әр азаматтың жүрегінде қайнады. Бойларында қасықтай қаны қалғанша жаумен ұрыс жүргізе отырып, оны өз жеріне дейін қуды. Туған жерді жаудан, бұрынғы қоныстанған қалмақтардан түгелдей тазартты. Елінің қиын-қыстау кезінде бар күш-жігерін салып, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп, қол жинап қолына қару алып, азаматтарды жауға қарсы қоя білген тұлғалар туралы қанша жазса да, аз емес. Халық



оларды жадында сақтауда. Қазіргі ұрпақ сол бабаларға арнап ас беріп, бастарына кесене орнатып жатыр. Соның бірі Қостөбенің қасында өткізілген Жарылғап батырға арналған шаралар. Ол батыр туралы әдеби шығарма да жазылыпты.

Көктаудың бауырын мекендеген тілес матайда Жалаңаш батыр болған. Ол батыр тұлғалы, алып күштің иесі және ержүрек болады. Бір ерекшелігі: анандан он екі айда жалаңаш туады, сондықтан аты осылай қойылыпты; Жалаңашта кірпік болмай, басына шаш шықпапты. Алғашқы көзге ілінгені: жас кезінде балшыққа батып бара жатқан атан түйсені суырып алып шыққандығынан басталыпты. Ержан Сағындықұлының жазғанына қарағанда Жалаңаш Аягөз түбінде қырғыздармен болған ұрысқа қатынасыпты. Әулиелегі де болған екен. Жалаңаш батырды артындағы ұрпағы аталарын пір тұтады. Біздің қосатынымыз: оның туған жері Қызылшілікте 2006-шы жылдың 18-ші шілдесінде Марат, Талғат және Гүлнар Резуан балалары Дүйкеновтер Жалаңаш батыр[1752-1839] мен үлкен аталары Өтепке арнап құлпытас орнатыпты.

Мінеки, бұрын аттары аталмаған аталарына артындағы ұрпақтары осылай құрмет көрсетіп жатыр!

...Янушкевичтер қазақтың жоңғарлармен өткен ұрыс даласымен өтті. Қазақ сарбаздарының қаны төгілген жерді басты. Керуенкөл маңында өткен ұрыста қол бастаған батырлардың ішінде осы жердің тумасы Бекжан батыр болды. Ол туралы мәліметтер көпшілік қауымға әлі мандып тараған жоқ. Қазіргі жас ұрпақ жөнді білмейді. Бекжан туралы деректерді Ержан Сағындықов жинап, мұрағып тастап кетті. Соған сүйене отырып біз де бере кетейік. Бекжанның арғы атасы Тілес. Тілестен Құттымбет, одан Ерназар, одан Бекжан. Құттымбет Алаша ханмен тізе қосып жаумен соғысыпты. Құттымбеттің ерен ерлігіне тәнті



болған хан сарбаздарының алдында Құттымбетке үстіндегі тоғыз қабатты ақ сауытын шешіп, үстіне кигізіпті. Атадан балаға мұра боп қалған сауытты жас Бекжан қалмақтармен белдескенде киіпті. Ол Алтай жерінде ұрыс алдында өткен жекпе-жекте жаудың батырын жеңіпті. Батыры өлген қалмақ құрамасы кейін шегініпті. Осы ұрыстардың бірінде Бекжан кезінде өзін өлтірмек болған Делбенің басын алыпты. Осылай жас сарбаз батыр атаныпты.

Бір ой келесісін қозғайды деген осы. Керуен көлінен басталатын Делбегетей тауының тумасы Бекжан батырдың тағдыры осылай болыпты. Қалмақтармен соңғы соғыс болар алдында Бекжан жолдастарымен балгерге барыпты. Балгер оған ертең екі кісінің көзі жұмылатынын айтыпты. Батырдың қаруластары солардың атын атауды өтінгенде, балгер Бекжанның атын атапты. Екіншісін сұрағанда, үндемей, жерге қарап қалыпты. Мұны естіген жолдастары Бекжанды келесі күнгі ұрысқа алмайды. Шыдай алмаған Бекжан ұрыстың қызған кезінде қарала атын ойнақтатып жаудың ортасына кіріп, тың күшімен қарсыластарын қыра бастайды. Батырдың бұл қимылы қаруластарының рухын көтеріп, ұрыс жеңіспен аяқталады.

Ұрыс біткен соң қазақ қолы елге бет алады. Қашқан жауды көрмек болған Бекжан қарауыл төбеге шыққанда жаудың жансызы оны көздеп, оғын дәл маңдайына тигізеді. Осылай ардақты қазақ батырының сүйегі Алтай тауының бір төбесінде қалады. Балгер атамаған екінші кісі оның өзі болып шығыпты.

Бірақ соғыса жүріп орнатқан тыныштық көпке созылмады. Жоңғарлардың жеңілгенін күтіп отырған солтүстіктегі корші жүрегінің түбінде жатқан ойын сыртқа шығарып, баяғыдан бері ішінде жегідей жеп жатқан құрты тесіп шығып, жаңа жер кеңістігін іздеген отарлаушыларды алып





келді. Жерін жерлеп, суын сулап отырған Ертіс, Қызылсу мен Шар өзендерінің бойында отырған қазақтарды жер бетінде суы жоқ, шөбі сирек, селсулі алқапқа ұрып-соғып, зорлық-зомбылық көрсетіп қуады. Қарсылық көрсеткен ер азаматтарды жарақаттап, өздеріне өлім төндірген ержүректерді жабыла жүріп өлтіреді. Күш тең емес еді. Келген орыс солдаттары қылышпен, пистолетпен, мылтықпен қаруланған болатын.

Сол кездегі зорлық пен зомбылықты өз көзімен көрген жергілікті ақын Абсалық Күнғожаұлы [1852-1912 ж.ж.] тұрған жерін:

*“Болғанда Семей уез, Аршалы елім,
Офицер войсковой тұрған жерім.
Қазақты орыс алды бек байланып,
Қазақ тұр қалмайын деп ыңғайланып.
Тоқтарын қайда барып Құдай білсін,
Кетті зой дүние шіркін шыр айналып.
Басында қарай салдық не керек деп,
Қатайды жыл-жыл сайын төңіректен.
Тұрамыз орыс көрсек басты шұлғып,
Жылқыдай жселідегі бүделектен”, -
деп халқының мүшкіл халін көрсеткен.*

Айтқанға көнбей, қуғанға жүгінбеген халыққа Семипалат қорғанына мұздай қаруланған әскерін қойып, Уба өзенінің Ертіске құятын жерінде жаяу әскер мен әскери техниканы өзеннен өткізетін әскери-инженерлік фортификациялық бекетті салып, оған Уба Форпост {ауыл аты әлі күнге дейін бар} деп ат қойып, Қызылсу бойына Митрофан ауылын құрып, оған қаруланған взвод солдатын орналастырды. Осыдан кейін Ертістің жағасында тұратын жергілікті тұрғындарды он шақырымға қуып, олардың орнына Ресейден келген мұжықтарды қоныстандырды.





Әскери губернатордың қарулы күшіне қарсы қоятын сойылынан басқа қаруы жоқ қара халық не істесін? Алғашында ашу-ызаға мініп күш көрсеткен олар, зорлық-зомбылық көріп, соққы жеген соң, қолдарынан түк келмейтін олар біртіндеп көне бастады. Жаңа жерге орын теуіп алған орыстар, қастарында қорғайтын күшке сеніп өздерін еркін ұстап жергілікті халықты басына бастады. Өткен ғасырдың басында туған Тоқтасын Қабдоллаұлы: “Қазіргі Ұзынжал, бұрынғы Карповка ауылын орыстар мекендеген. Егер Карповка ауылымен келе жағқан қазақтың өгізі жапалап қойса, көріп қойған орыстың әйелі болсын, еркегі болсын оны тоқтатып жәбірлеп, балағаттап ұрысып тазалатқызатын” деген. Көрпе ауылының тұрғыны Қабдрақман Торғайұлы: “Қабиғожа атам “Красноводск” деп аталатын орыстың деревнясын қазақтар “Жаман Қала” деп атады. Оның себебі бар. Бірде сондағы орыстардың малдары жоғалыпты. Таба алмаған олар кімнен көретіндерін білмейді. Кектерін алу үшін сол ауылдың үстімен өтіп бара жатқан Қайыптың Қожаны ауылының тұрғындары Қаумен, Долдаш деген екі аңшыны ұстап ап өлтіріп, аттарына таңып қоя беріпті. Содан қазақтар Красноводскіні Жаман Қала ауылы деп атап кеткен екен” деген деректі айтты. Әрине, мұның бәріне арқа сүйенерлік Ресей патшасының жүргізіп отырған саясаты болды. Жаманқала ауылының орны Семейден Өскеменге кетіп бара жатқанда Қызылсудың үстінен салынған көпірдің сол жағында. Өзеннің оң жақ жағасында. “Красноводск” деп орыстардың атап жүргені “Қызылсу” сөзінің аудармасы. Осындай неқақтан өлген адам туралы айта кетейік. Бақы Матайда Сағындық, Сақпан деген ағайынды жігіттер болыпты. Георгиевка жақтан белгісіз ұрылар орыстардың жылқыларын барымталапты. Мұны көрген иелері арттарынан қуады. Ентелеп жетіп қалған орыстарды көрген ұрылар:





“А, Құдай, сақта!” деп қашыпты. Бұлардың сөзін қате естіген орыс қасындағысына: “Сақпан деген атын естідік. Енді бұлар ешқайда кетпейді. Қайтайық” деп аттарын кері бұрады. Енді өздері білетін Сақпанды қыспақ болады. Сол күні түнде Сақпанның бәйбішесі түс көріпті. Түсінде орыстар Сақпанды өлтіруге келіпті. Осыны айтып бәйбішесі Сақпанның біраз күн үйде болмауын өтініпті. Оған Сақпан: “Түс түлкінің боғы. Ештеңе болмайды” деп үйінде жата береді. Түнде орыстар келіп есікті қағады, бірақ ешкім ашпайды. Терезені қағады. Тағы солай. Осы әредікті пайдаланып Сағындық пен Сақпан іш киімдерімен қой қораға кіріп, тығылады. Орыстар есікті сындырып кіріп үйден оларды таба алмаған соң қой қорадан іздейді. Таба алмайды. Сосын қойларды бір-бірлеп шығарғанда тауып алады. Сақпанды ұстап алып, өзінің жаратып қойған атының құйрығына арқанмен байлап сүйреткізіп өлтіріпті. Патша өкіметінің жүргізген өктемдік саясатының нәтижесі осылай болыпты.

Жоғарыда аталған Көрпе ауылының аты - кісінің аты. Шежіреге сүйенсек Көрпе амалдық Жолбықайдың баласы. Мұндай есім екінші рет еш жерден қайталанбады. Тегінде Көрпе сол жерді мекендеген, соның атымен ауыл аталған. Осылай болса Көрпе беделді кісі болғаны.

Красноводск поселкесінің болғанына “Прииртышская правда” газетінде 1928 жылы 10 ақпанда жарияланған “Кулакамн избит комсомолец” деген мақаладан көз жеткізуге болады. Онда комсомол ұйымының жиналысынан келе жатқан Леонтьевті Горохов бастаған кулактар ұрып, жарақаттапты. Леонтьевтер жиналыста көктемде себетін астықты дайындау, өзара салық салу және өкіметтің салығын төлеу туралы талқылап, науқанды мерзімінде өткізу туралы шешім қабылдапты. Комсомол мүшелері ұсыныстарын жергілікті партия ұйымына ұсынбақ бо-





лыпты. Мақалада тек орыстардың фамилиялары ғана аталғандықтан, тұрғындардың тек бір ұлтты болғаны ғой. Демек, орыс мекені болғаны. Красноводск поселкесі шама-сы өткен ғасырдың отызыншы жылдарының аяғына таман тұрғындарының біртіндеп көшуімен жабылып қалған болуы керек.

Красноводскіден орыстар көшіп кеткен соң ол ауылды қазақтар мекендеді. Кейіннен Азов кеңестік шаруашылығының бөлімшесі болды.

Көшіп келушілер жанадан салған елді мекендерінде үйлерді көшелеп тұрғызды, мектеп пен кеңсесін де ұмытпады. Осындай деревняларды қазақтар "қала" деп атады.

...Янушкевичтерді Семейге барып қарсы алып, Қаққа алып келген, Құрсары Керейдің Сибан тармағынан Қанай деген кісі. Ол елге силы, аты осы өңірге мәшһүр, сөзге шешен адам болған. Сибан елі Нартайлақтармен көршілес қазіргі Таврия ауданын алып жатыр. Қанайдың көрші рудан скенін Янушкевич те жазыпты. Ұлан ауданындағы Айыртау тауының қасында Қанай атты елді мекен бар. Біздің ойымызша сол ауыл құрметті Қанайдың атымен аталған ба деп отырмыз. Оқырманның есіне сала кетейік: Айыртау тауы Әзілхан Нұршайықов ағамыздың "Махаббат жыры" повесіндегі негізгі кейіпкері Әділжанның жері. Өскеменнен батысқа қарай отыз шақырым жерде тұр.

Сибан Керей Құттыбай батырдың ұрпағы Құрман Жұмағазыұлы Қанай шешеннің "бес бақытын" 2000 жылы 18 наурызда Бетқұдықта кездескенде былай деп айтып беріп еді:

Астыңдағы атың жүрдек болса – жалғанның пырағы.

Алғаның жақсы болса – үйің мен досыңның тұрағы.

Әкең – асқар тау, шешең – қайнар бұлақ.

Балаң жақсы болса – екі көзіңнің шамшырағы.





Ел арасы – таусылмас бұлақ деген осы.

Осы тұста оқырмандарға айта кетейік: Рақыш деп атап отырғанымыз Есенғұлдың Нартайлағынан тарайды. Болыс болған, қажы. М.Әуезовтің “Абай жолы” романындағы кейіпкерлердің бірі. Рақыш Ертіс өңіріне ісімен де, сөзімен де белгілі, Аршалы болысының төре бни болған кісі. Біз осылай деп ел арасынан естісек те, ұлы жазушының шығармасында Рақыш жағымсыз кейіпкер болып суреттеледі. Оны да ұғуға болады – заман талабы солай болды. Болыс пен билерді елге құбыжық етіп көрсету әдебиеттегі үрдіс еді ғой. Рақыш өз туыстарына керейден қыз алдыртпапты және оны қадағалап отырыпты, деп айтылады ел аузында.

Енді Янушкевичтің жазғанына қайта оралайық.

Старшина Тоқымбай Қойшыбайдың кемшіліктерін тізбелеп жерден алып, жерге соғады.”Сүйегіңе біткен қадір-қастеріңді жақсы біліп, біз сенің сағынды сындырдық... Қайткенде де біздің елдің билеушісі болғың келіп, Омбыға барып, шекаралық бастықтың, Тұрдыбек пен Құрбанақтың босағасын тоздырған сенсің. Ертістің арғы бетінде тұрып орыстарға шыбындап бас изегенде, мандайың жерге тиеді. 20 сомға сатып алған қылышты мықынына байлап, мойнына ағаштан жасалған орден деген бірденені тағып, елден ерек бір мырза болып, маңғазсып, күпінесің де жүресің”...

Тоқымбайдың сүйегінен өтетін тіліп салма мінездемесін мойындаған Қойшыбай кірерге тесік таппай, айтар сөзі қалмай, үндемей қалады. Қып-қызыл боп кеткен ол тұқырып жерге қарайды. Бұл жерде Қойшыбайдың басқа жұрт өнеге алатын - сөзге тоқтайтын қасиетін атап кеткен абзал.

Тоқымбайдың осы сөзінен кейін жасы үлкендер үн қатып: “Бәріміз де Бейсекеге ризамыз, басқа ел билеушінің керегі жоқ” десіпті.

“Осыдан кейін Қойшыбайды жақтаушылар - елуге





тарта қазақтар, басы үш старшина болып дауға шықты. Олар өздерінше Бейсекенің әділетсіздігін дәлелдеп, оның биліктен кетуін, қайтадан сайлау өткізуді талап етеді. Киіз үй іші азан-қазан, у-шуға толды.”- дейді Янушкевич.

Осы жерде Янушкевич билік айтып отырған, жалпы жұрт сыйлайтын болыс Қанайдың рөлін айтып, оның дау шаужайын тартып, тоқтамға келтіруге дәнскер болғанын айтады. Өлген адамның да құнын бір ауыз сөзбен шешетін қазағымның сөзді сыйлай алатынына көзі жетеді.

“Даудың өрбігендігі сонша, жиналысты далада өткізуге тура келді. Мұнда да толастамай Тоқымбай қайтадан қаһар шақырып, Қойшыбайға дүрсе қоя берді. Тіпті ол Тоқымбайдың алдында тізе бүгіп, бөркін алып кешірім сұрады .

Жиналыс келесі күні жалғасын тапты. Бұл күні Бейсекені жақтаушылар тобы саны жағынан басым түсті. Олар: “Біз Бейсекенің ісіне ризамыз! Ол біздің жарылқаушымыз. Бізді бұдан былай да соның басқарғанын тілейміз!” десті. Ортаға шағымды жазған Ақыш молланы әкеліп, жалған қойылған қолдарды мойындатты. Айызы қанып, мәртебесі өскен Бейсеке жиналғандардың ортасында жүріп, әрқайсысының қолын қысты.

Осының бәрі өтіп жатқан кезде киіз үйдің келесі сыртында Қойшыбайды қолдайтын старшина Ералы бастаған жаңа саяси топ құрылып жатқан-ды. Бұл топтың алға тартқан дәлелдері негізсіз болып шықты.

Сосын екі топ ата-бабаларын еске алып, бұрынғы өкпелерін жаңғыртты. Дау сарқылып толастаған кезде жеңілгендігін сезген Қойшыбай өзі көшіп-қонып жүретін Қызылсу өзенінің оң жағасында диірмен тартып, қазақ жылқыларына шөп беріп, шаруалар мен казактарға ақшадай жәрдемдескенін, патшаға қызмет көрсеткенін айтып ақтала





бастады,” - деп баяндайды Янушкевич.

Янушкевичтің осы жазғанының жалғасы іспеттес мына әңгімені келтірейік.

2002 жылы сол ауылдың бұрынғы тұрғыны Опаш Уәшев Қойшыбайдың Мұқаметжанының баласы Байнияз туралы мынаны айтып еді: «Байнияз 1932 жылғы ашаршылықта бір ауыл жанды қыстан алып шығыпты. Предгорное селосынан мұжықтар ат-шана керуенімен Семейге базарға азық-түлік тартады екен. Кезінде олар сонда барған қазақтарға талай қорлықтарды көрсетсе керек. Байнияз бастаған топ керуенді тонап, ұндары мен бидайын, тамақтарын алып үйді-үйге бөліп беріп отырыпты.»

Ел аузындағы естелікке назар аударсақ, Қойшыбайдың өзі айтқанындай, ол патша өкіметіне сенімді адам болыпты. Көрші ауылдарда болатын тойлар Қойшыбайдың рұқсатынсыз өтпейді екен. Ол қару-жарағын асынып ресми түрде тойға қатынасып, тәртіпті қадағалайды. Егер ұрыс-қарыс, дау-дамай, төбелес бола қалса, көрші ауыл Митрофановкада тұрған арнайы взводтан солдаттарды шақыртып, тәртіпті орнататын болыпты. Қойшыбайға арналып сыбаға асылады екен. Ол өзін осылай қадірлетіпті.

Енді Қойшыбайдың ата тегіне тоқтала кетейік. Оның әкесі Бексейіт Дәулетұлы. Дәулет Нартайлақтың ұлы Айтпайдың баласы. Бексейіттен Қойшыбай мен Тайшыбай деген екі ұл болыпты. Қойшыбайдан Смағұл мен Мұқаметжан. Мұрағат деректеріне сүйенетін болсақ Смағұл Семей облысы әскери губернаторының бұйрығымен 1887-1890 жылдары тоғызыншы ауылдың биі болған. Осы бұйрықпен Рақыш Төтиұлы да төре би болып бекітілген. Смағұлдан Нұртаза, Кәнеш, Сапа, Уәли мен Рақым туған. Нұртаза жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдарының басында Соцшығыс ауылында дүкенші болып қызмет





атқарды. Қанатты арбасына кері биісін жегіп Ақтастағы орталық дүкеннен тауар алып қайтатын. Күн кешкіріп қалса, жүкке толы арбасымен келіп әкемдікіне қонып кетіп жүруші еді.

Бір жылы қыстың боранды күндерінің бірінде Қойшыбай адасып кеткен солдаттарды тауып, үйіне әкеліп жылытып, тамақтандырады. Осылай оларды аман-есен алып қалады. Сол үшін патшаның орденимен марапатталыпты, деседі көнекөз қарттар.

Янушкевичке тағы сөз берейік. Қойшыбай өзінің істеген жақсылықтарын айтып бітіргенше Бейсекенің зығырданы шығады. Қолындағы қамшысын көтеріп, тоқтауын өтінеді. Қойшыбайдың ауыз жапқаны сол еді, ол бірден дүрсе қоя береді: “О, Қойшыбай! Сенің әкең орыс тезегін былшылдатып шайнаған, ал менің әкем суыр аулап күн көрген... Сен жоргекте жатқанда, мен жылқы ұрлайтын едім, менің де жылқымды басқалар ұрлайтын, әкемде түк те болмаған, менің сенді мың жылқым бар, ұрлауды да қойдым... Сен орыстарға қарағай бөрсенелер тасығанда, көп болса, мандайынды бұтақ жыртқан болар, ал мен өз мандайымды жүз рет темірге тостым. Сан рет шайқасқа түстім. Менің денемдегі жараны байқап көр, бәрі де айбалтадан. Ағайын-тума, жолдас-жора арасында өзімді-өзім даңққа бөледім, сол себепті де мен олардың басымын. Ертістің осы бетіндегілерден сұрап көрші, менен күшті, менен батыл адам бар ма сен?..” деп кедейлерге көмек көрсетіп келе жатқанын айтады. “Жалба-жұлба, шокпыт-шокпыт кемтарларымды көремісің, жұртым? Мен болмасам, олардың көрген күні не болмақ? Ал сенді Қойшыбайдың адамдарын көрдіңдер ме? Ішсе асқа, кісе киімге жарымаған кілең кедей... Оларға ешкім де тамақ тауып бермейді. Бейскенің кім екенін Семейден Бұқтырмаға





шейін көрінген адам біледі, қолымдағымды қақ жарып беретіндігімді бәрі де айтады. «Бейсеке ұры!» дейтіндер де болар. Сонымен бірге олар: “Бейсеке адал, парасатты, адамгершілігі мол” деп те айтар.

Осы жерде Бейсекенің өзі мойындап отырған ұрлығын Омарбек Ғалымжанұлының 1972 жылы айтқан әңгімесімен дәлелдей кетейік. Ол: “Бейсеке ұры ұстапты... Шыңғыстаудан жетпіс бес биені айғырымен алып келген...”

Семейдің Әкеми Әбдіжамал деген байының Қытайға саудамен кетіп бара жатқан тоқсан түйеден тұратын керуенінің жүгін түйелерімен қоса тартып алады. Керуен басынан құжатын алып, жүгін Қытайға апарып өткізіп, сауда жасап, мүлік алып, қалған ақшасымен елге оралыпты. Әкелген заттарын ауылдастарына бөліп беріпті. Керуеннің отыз жігітін керуенбасымен қоса отыз жыл жер астында ұстапты...

Бейсеке бір кедейдің жетім баласын қолына алып өсіріпті. Ол ер жеткен соң Бейсеке қалың малын беріп үйлендіреді. Жеке отау үй етіп шығарғанда жігіттен: “Тағы не аласың?” деп сұрағанда: “Шұбар атыңды бер” деп қолқалапты. Бейсеке шұбар атымен Семейге бір күнде барып қайтады екен. “Орынсыз жерден пышақ салдың, балам. Бере алмаймын” депті. Өкпелеген жігіт Бейсекенің ұрлықтарын көрсетіп патшаға шағымданады. Патша екі жүз әскер жіберіп Бейсекені Семейдің ақ түрмесіне жатқызады. Онда Ырғызбай мен Жігітектің арасында наразылық болып Құнанбай да жатыр екен” деген еді қарт.

Бейсекенің басқа да ұрлықтары болған шығар, біз оларын білмейміз.

Омарбек ақсақалдың Бейсеке туралы тізіп айтқаны осы.

...Жарыссөзде қызып алған қарсыластар сол қолдарына умаждаған бөріктерін, оң қолдарына қамшыларын ұстап





алған. Шапан етектерінің жайылып кеткеніне қарамай, ұшатын құстай қомданып, жүрелерінде отыр. Шабыттанған шешендердің беттері қызарып, көздері оттай жанып, мойын күре тамыры мен қол тамырлары адырайып кеткен. Маңдайларынан шып-шып шыққан терлері көрінеді. Қайсы болсын қамшысын қысып ұстап, сөз реті келіп қалса, қарсыласын тоқтату үшін “Дат тақсыр” деуге дайын отыр.

Келесі сөзді алған Қойшыбай көпшіліктің алдында өзінің сыйлы адам екенін тәптіштеп: казак полковнигінің үйінде қонақ болғанын, генералды қолын қусырып қарсы алғанын, князьдің шыбықты трубка сыйлағанын алға тартады. Оған Бейсеке “полковниктеріңнің, генералдарыңның, князьдеріңнің қолтығының астына кіріп, достаса бер, ал мен қазақпын және қазақ болып қала беремін” дейді.

Бейсекенің бұл сөздерін ел аузында қалған деректер дәлелдейді. Семей өңірінде Қойшыбай туралы емес, көбінесе Бейсеке туралы жиі айтылады. Ол барымташы болыпты. Алған малдарын ауыл тұрғындары қара сіңір кедейлерге бөліп береді екен. Осындай ұрлықтарының бірінде ол ұсталып Семейдегі түрмеге қамалады. Құнанбаймен бір камерада кездескенін жоғарыда Омарбек Ғалымжанұлының сөзінен келтіргенбіз. Екеуі де ел билеушілері, арттарында ел-жұрттары бар. Тергеу барысында екеуі де сотталатын болыпты. Енді олар кеңес құрады. Бейсеке тұрып: «Екесуміздің біреуіміз ғана сотталайық. Қалған біреуіміз екі елге де қарайтын болайық» депті. Содан екеуі келісіп, Бейсеке сотталып итжеккенге кетпек болады. Олар үстерінен жүріп жатқан іспен таныспақшы болып, тергеушіден томдалған істерін алдыртыпты. Ұзын бойлы, алпамса денелі, аққұба өңді Бейсеке шенеуніктің қолынан Құнанбайдың ісін жұлып алып, жанып тұрған пештегі отқа салып жібереді





де, ұмтылған шенеунікті қырдың көкжалды бөрісіндей қасқая қарсы алып, жеп қоятындай сомданып пешке жолатпайды. Бейсекенің түрінен шенеунік көзі алайып қорқып, не істерін білмей аңтарылып тұрып қалады. Құнанбайдың сыртынан жүргізілген соттау қағаздары лапылдап жанып кетеді. Тергеу қайтадан басталғанда Бейсеке бар қылмысты өз мойнына алады. Енді Құнанбайдың қылмысы дәлелденбей, түрмеден босап шығады. Бейсеке болса, бас бостандығынан айырылып Үркітке жер аударылады. Барған жерінде сотталу мерзімін өтеп жүрген, түрмені бір жұдырығында ұстап тұрған, сондағы баскесерлердің басшысы қандыкөйлек татар бар екен. Ол патшаға қарсы іс-әрекеттерімен бас бостандығынан айырылыпты. Түрмеде Бейсекенің кім екені туралы қауесет тез тарап кетеді. Татар жігіті оны өзінің бақталасы деп таниды. Ол туралы Бейсеке де естиді. Онымен кездеспек болған Бейсеке татар жігітін үйіне қонаққа шақырады. Әңгіме-дүкен құрған олар жақсылап танысады. Таза тыңдап отырған татар кетерінде: “Бір шалуыма жарарсың” депті шығып бара жатып. Бейсеке куғында жүріп орыс әйеліне үйленген екен. Сол әйелі: “Бұл сені өлтірмек болып кетті. Дайындал!” депті. Сонда Бейсеке: “Ендеше бүгін емес, ол ертең келеді. Қарсы алуға дайындалайын” деп әйелінің айтқанын қостапты. Бейсеке айбалтасын қайрап, дайындалыпты да, келетін күні түнде терезесін ашып қойып, күтіп отырыпты. Айтқанындай сол күні түнде татар жігіті терезеден басын сұға бергенде, аңдып отырған Бейсеке, желкеден шауып басын түсіріпті. Едендегі бас: “Осылай болатынын біліп едім” деп екі қайталап, домалап барып төсектің астына тоқтайды. Татар жігітінің басы соңғы сөзін айтып, үнсіз қалыпты. Бейсеке өлген дене мен басты қапқа салып түрме бастығына апарып беріпті. Бейсекенің бұл ісін ерлікке бағалаған түрме





басшылары оны марапаттауға патшаға ұсынады. Сөйтіп, Бейсеке капитан шені мен орден алып түрмеден босап шығады. Еліне көп олжамен оралады. Пароходпен әкелген жүгін керуенге артқанда Семейден Жармаққа дейін созылыпты. Ол ел-жұртын жинап, үйлерінің ішіндегі жаман киімдерін, төсек орындарын түгелдей шығарып, жағып жіберуді бұйырады. Оның орнына өзі әкелген киім-кешек, көрпе-жастық пен матаны бөліп беретінін айтады. Осылай ол керуен жүгін ауыл-ауылға бөліп береді. Сөйтіп халқын бір сілкіндіріп тастайды.

“Керуеннің ұзындығы Семейден Жармаққа дейін созылыпты”, десседі айтушылар. Осыншама жүктің болғанына сене қою қиын. Өйткені осы екі ортаның қашықтығы сексен шақырымның маңында. Бұл сол кездегі адамдардың, кейінгі ұрпағының Бейсекені сүйгендігінен немесе абыройын көтермек болғандарынан туған қиялға ұқсайды. Осылай ақиқат миф пен аңызға айналып бұрмаланады. Бейсенбайды Бейсеке деп аталуы халқының еркелеткенінен болуы керек.

Айдаудан келген Бейсекеге сәлем беріп келушілер көп. Бірақ оның ішінде Құнанбай жоқ. Бейсеке жоқта оның еліне Құнанбай көмек көрсетпегендіктен адамдары жүдеп-жадап, азып-тозып кетіпті. Осыған өкпелеген Бейсеке Құнанбайдың кісіге, қасқырға алдыртпайтын шұбар айғырының үйірін жігіттерін жіберіп алдыртады. Оларға: “Айғыр айбат жасап алдарыңнан шығады. Тебеді, тістейді. Сонда әдіс тауып, айғырды басынан сойылмен есінен тандыратындай етіп ұрындар. Сонда айғыр құлайды. Есін жиғанда ерттеп мініп алындар. Айғырдың артынан үйірі қалмай еріп отырады,” деп ақыл беріпті. Барымташылар солай істепті. Үйір жылқыны іздеп келген қырық жігітті Бейсеке қыс бойы жер астындағы үйде ұстапты. Олар жылқы





туралы неше рет сұраса да, бір жауап алады екен: “Іздеп жатырмыз. Табылады.” Мал сойып, тамақтарын беріп күтеді. Астарына көрпе салып, шынтақтарына жастық береді. Осылай қыс өтіп жаз шыға бастайды. Жатудан жалыққан “қонақтар” босатуларын өтінеді. Бейсеке “қонақтарын” елдеріне жібермекші болады. Ол тұтқындарына: “Қайда болсандар да, менде болғандарыңды айтпаңдар!” депті. Тұтқындар бірауыздан: “Айтпаймыз!” деп ант береді. “Жоқ, айтып қоясыңдар. Белгі болса, кімнің айтқаны анықталады” деп құйрықтарына шақпақ таңба басып қоя беріпті.

Осы әңгімені 1975 жылы ақпан айының кешінде Жарма ауданы Құрықшар ауылының тұрғыны Сыздық Тоқсанбаев ақсақал айтқан еді. Ол аңызға айналған бұл әңгімені Бейсеке ауылымен көршілес тұрған Қызыл Құйған ауылының тумасы Жұмағали Хамидоллаұлының аузынан естіпті.

Бұдан бұрын кедей Бейсеке Тілес Матай Садырбаймен Алтайда шахтада істепті. Екеуі бірнеше килограмм алтын табады. Қалай тапқандары бізге беймәлім. Алтынды Бейсеке іске асырып байиды. Ол Садырбайдың үлесін жыл сайынғы соғымымен қайтарып отырыпты. Бұл аманатын баласына да тапсырады. Осылай Садырбай көзін жұмғанша жалғасыпты. Мұны Садырбайдың шөбересі Жұмағазы Тоқтасынұлы айтқан еді.

“Бейсекенің ұлы Шоң барымтадан ұсталып сотталып, Үркітке айдалыпты. Ол да аман-есен еліне оралыпты” дегенді бір естіп едік. Енді қарама-қайшы келесі деректі келтірейік. Мұны Орал Рәмияұлы айтты: “Әкемнің айтуы бойынша Шонды іздеуге Бейсекенің екінші баласы Қалдыбай жолға шығыпты. Новосібірге жеткенде қатты ауырып Қалдыбай атамыз елге қайтыпты. Онан кейін Шонды іздеп Сібірге ешкім бармапты.” Енді Оралдың





шығу тегіне келетін болсақ, Нарботадаң Шерін, одан Ерен, одан Бейсеке, одан Қалдыбай мен Шоң, Қалдыбайдан Ма-мырбек пен Сабал, Сабалдан Балтабай мен Қасен, Балта-байдан Ысқақ, одан Қанапия, Рәмия және Қания, Қасеннен Омарбек, одан Шекен мен Қапиза. Орал Рәмияұлы әкесінен естігенін тізбелеп: "Қақ Бейсекенің ауылы болыпты... Жәдіктің қыстауы Ақдәулет қыраты мен Ақбейіт ауылының дәл ортасында... Менің малым Тереңқұдықта..." – деп әңгімемізді толықтырды. Әкем Ахмар 1974-ші жылдың 18-ші қарашасында: "Бейсекенің ауылы Ақбейіт, Қаққа Үркіттен келгеннен кейін көшіп барыпты" деп еді. Ахмар ақсақалдың айтуы мен Оралдың сөзінде бір айырмашылық болып тұр. Ахаңның айтуы бойынша Қалдыбай Шоңның баласы. Осы дерек дұрыс сияқты. Себебі Рәмия ақсақалдың ой жүйесіне қарағанда Қалдыбай Шоңнан бсрірек өмір сүргенге ұқсайды. Айта кету керек, Рәмия ағаның әкесі Ысқақ ерте дүниеден қайтыпты. Ауылда Ысқақтан қалған балаларды әкесінің атын атамай шешесі Сағнайдың бала-лары дейтін. Әкеден ерте айырылған бала аталары тура-лы деректі қате ұғынуы мүмкін. Бейсеке Үркітте жүргенде орыс әйеліне үйленіпті дегенбіз. Сол әйелінен екі қыз көріпті, бірақ олар сол жақта қалыпты.

Жиналыс соңы Қойшыбайдың шаршы топ алдында Бейсекемен шапан ауыстыру нисті бар екенін жария сту-мен аяқталады. Екі басшы шапандарын ауыстырып киіп, бір шарадан қымыз бөлісіп ішіпті. Сөйтіп дауды Бейсе-ке ұтып, ол болыстық орнында тағы үш жылға қалыпты. Осылай болыстыққа таласудың дауы Омбыдан келген комиссиянің беделімен шешіліпті.

Әкімдікке таласқан көрші ауыл азаматтарының табан тіресулері осылай аяқталыпты.

Бейсеке болыстықтан түсіп, саясаттан кеткен соң қоныс





аудармақ болды. Ол шөбі мол, ауасы таза, өзі Үркіттен келгенде тоқтаған, елін жинаған жазық Ертіс жағасын таңдап алды. Жазғытұрым Ертіс жайылып, қыраттан ағатын қар мен нөсер жауын суы осы ойпатқа жиналады. Ылғалы мол жер көктемде құлпырып шыға келеді. Маусым айында жетілген гүл мен шөптің жұпар нісі мұрынды жаратындай алқап көздің нұрын алады. Бейсеке үйінен шығып Ертіс жаққа көзін тіккенде алдында гүлді текемет жайылып жатқандай болып көрінетін. Алқаптың шеті өзен бойындағы зәулім биік теректерге тіреледі. Ит тұмсығы өтпейтін ну орманнан әрі өтсе маңғазданып, суын жайып тастап ағып бара жатқан сайын даланың еркесі Ертіс көрінеді. Сол жерде өзеннің батыс жағасы тік, шығыс жағасы жайпақ, шілденің ыстығында арқа төсеп жататын сары құм. Өзеннен ескен самал желге Бейсеке талай төсін төсеп тұрушы еді. Ертістің жағасы мен Бейсекенің үйінің дәл ортасындағы жазықта бес терек өсіп тұрды. Мұнда кезінде бір үй де болыпты. Онда Ертісте жүретін пароходтарға түнде жарық беретін бағдар шам қоюшы бақыншы тұрыпты. Ақбейіттен Қызыл Құйғанға баратын жол сол бес теректің қасымен жүретін. Сол жерді Бестерек деп те атады.

Жаздың жаймашуақ күндерінің бірінде Бейсекеге сәлем беріп, қымыз үстінде өткен-кеткенді есіне алмақ болып ел сыйлысына бір замандасы келеді. Кпіз үйдің қабырғасын көтеріп қойып, қолтықтарына жастық алып Ертіс жаққа көз тігіп, табиғаттың көрінісіне таң қалып екі дос уақыттың қалай жылжып бара жатқанын байқамай да қалады. Түс ауып, көлеңке ұзарған кезде әлгі досы үй маңайына жиналған сарбас жыландарды көзі шалып қалады. Сосын: “Бейсенбай үйіңнің сырты толған сарбас жылан. Жаман жерге қоныстанған екенсің” депті. Осы хабарды көптен күткендей Бейсеке абыржымастан салқын





дауыспен: “Жасым жетіп қалған екен ғой. Осы сарбас жыландардың басы мен едім. Жұма күні жамбасым жерге тиеді екен. Бәйбіше, дайындал” депті. Солай болыпты. Бейсекені таза жуып, арулап келмес сапарға шығарып салуға жан-жақтап Арғын, Найман, Уақ пен Керейдің игі жақсылары, туыстары мен елі жиналыпты, деген сөзді Қызыл Құйған ауылының тумасы Сартай Қапасұлы айтып берді. Ол бұл әңгімені Бетқұдықта тұрғанда ауылдас Меңдібайдың әйелі елі керей Кәткеннен естіпті. Кәткен апа Ақбейіттікі болатын.

Бейсекенің сол ауылы Ақбейіт пен Жармақтың ортасында болды. Ауылының шетіне жерленсе керек. Бейітінің басында тікенек ағаш өсіп тұрды. Бірде жол үстінде: “Анау Бейсекенің бейіті. Байқайсың ба, балам! Басқа бірде адамның бейітінің басында ағаш өсіп тұрған жоқ. Тек Бейсекенің басында ғана тікенек ағаш өсіп тұр” деген әкем Ахмар, Жармаққа арбамен бара жатқанда. Басқа жұрт та Бейсекені қадірлеп, басына құран бағыштап жүрді. Шүлбі су электр станциясы салынғанда зират тұрған ойпаң жер су қоймасының астында қалды. Жер тазартылғанда Бейсекенің сүйегі Баженовтегі зиратқа әкелініпті.

Бейсекенің өзінің айтқанына қарағанда, 1846 жыл оның кемеліне жеткен кезі. Түрмеде отырып шығып, мал мен мүлікті жинап, алдына мың жылқы айдаған бай. Олай болса, елудің арғы немесе бергі жағында. Демек, он сегізінші ғасырдың аяғында немесе он тоғызыншы ғасырдың басында туған. Қартайған шағында елінен бөлініп, сөзден, өсек-аяннан аулақ болу үшін жаңа қонысқа көшкен. Яғни, оны он тоғызыншы ғасырдың соңында, жасы жеткенде дүниесалды деуге болады.

Бейсекенің дүниеден өткеніне ғасырдан бірталай артық уақыт өтті. Бірақ оның істеген ісі, елі мен жұртына





істеген жақсылықтары әлі де халықтың жадында сақталып қалды. Тындап отырсаң оның арты аңызға, істеріне мифтік мағына қосылып кеткен.

Қазақ даласында мұндай даулар жиі болып тұрса да, шағымды шешуге Омбыдан осындай арнайы топ жиі келе бермеген. Мүмкін осындай комиссия Ертіс өңіріне бұрын-соңды келген де болар, бірақ қағаз бетіне түсіп, елге танымал болғаны осы ғана.

Бұл әңгіме ер азаматтар мен ақсақалдар жиналған жерде жиі айтылып жүр. Мінеки Янушкевичтің еңбегінің арқасында шағым шешімі анықталып, оның жазғанын толықтырып, қағаз бетіне түсіріп, жария етуге мүмкіншілік алып отырмыз.

Жұмыстарын бітірген Виктор Ивашкевич тобын Бейсеке сый-сияпатын көрсетіп, жора-жоралғысын беріп, сәйгүлік аттарын мінгізіп шығарып салды. Топ Шардан өтіп Терістаңбалының үстімен Сасықкөл арқылы Семей-Шәуешек керуен жолына түседі.

Қазір Терістаңбалы ауылы да, Сасық көл де бар. Біз Терістаңбалы ауылында болғанда, бұл елді мекен туралы сұрадық. Біледі-ау деген ақсақалдары білмейтін боп шықты. Кейіннен білдік, Терістаңбалы ауылы осы аттас ауылдың қасында болған екен. Қазіргі тұрған ауыл кеңес өкіметі кезінде салыныпты. Екі ауыл біріне бірі тиіп тұр, Шардың сол жағасында орналасқан. Сөз түбіріне келетін болсақ, бұл жерге бір кездерде Найман руының Терістаңбалы тармағынан тараған бір ауыл қоныстанған екен. Аумалы-төкпелі "ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама" заманында найманның бір ауылы көшпей, отырған орнында қалса керек. Сол ауылды Найманның беделді "Терістаңбалы" руының атымен атапты.

Біз көптен ойлаған өз мақсатымызды орындап Семей-





ге оралдық. Арқамыздан ауыр жүк түскендей болды. Көп нәрсені көрдік, бірсыпырасын аштық. Келешекке қомақты азық қалтыратындай еңбек еткендей болып көңіліміз тойғандай сезімдеміз.

В.Ивашкевичтер 1831 жылы құрылған Аягөз округының аға сұлтанды сайлауына қатынасады. Округты басқаратын аға сұлтан өз құзыретін приказ арқылы жүргізетін. Омбыдан келген ресми топ сайлаудың мәртебесін көтеріп жіберіп еді. Патша өкілдері мұндай саяси науқандарды қызықты өткізуге тырысатын. Мұндай оқиға бір жағынан патша өкіметінің күшін көрсетсе, екінші жағынан жергілікті байларды сайлауға тарту еді. Сайлауға дайындалу барысында Ивашкевичтің тобы үгіт-насихат жұмысын жүргізген болатын. Осындай қауырт жұмыспен жүрсе де, Янушкевичтің көңілі әлі де Қақта болды. Ол 12-ші маусымда, тіпті жиырма шақты күн өткен соң, жазған хатында: “Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры есітпеген шешендерге таң қалып, қол соққанмын,..” деп осы оқиғаның әсерінде жүріп, жанында сақталғанын білдіреді.

Қазақ халқының суырып салма ақындар өнеріне тәнті бола келіп: “Сонда бұлар тағы, жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған маңдайына түкке тұрғысыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-оқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына осыншама қабылет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады! Сормаңдай құл-құтандарды менсінбейтін Үндістан жоғары касталары сықылды өзіне жоғарыдан қарайтын халықтар арасынан бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі





келеді...” депті халқымыздың келешегіне көз жүгірткен поляк өкілі Адольф Янушкевич. Бұл ойына түткіл болған Қақтағы шешендердің айтысы.

Тәуба! Қазақ елі Қазақстан мемлекетін құрып, егменді ел атанды. Дүниенің төрткүліне өзін танытып жүзден аса мемлекеттермен дипломатиялық, мәдени, экономикалық қарым-қатынас жасауға қолын жеткізді. Экономикасы дамып, мәдениеті өрістеп өркениетті елдер қатарынан көрінетін жылдар да көкжиектен көріне бастаған сияқты.

Қазақстан таяу жылдарда әлемдегі дамыған өркениетті елу елдің қатарында болмақ. Қазіргі ұстанған бағыт осы. Оған сенім мол. Халықтың жағдайы жылдан жылға жақсарып келеді. Көшеде бұрын көрмеген ағылған шетелдік машиналар. Көптігі соншалық, тіпті биыл, 2007-ші жылы Семейдің орталық көшелерінен машинамен өту қиын. Бағдаршам алдында тіреліп тұрған екі-үш кварталға созылған автокөліктерді кездестіруге болады. Мұндай көріністер Семейде бірінші жыл.. Мұның өзі халықтың тұрмыс жағдайының көтерілгенінің көрсеткіші емес пе!

Кезінде Жер шарының алтыдан бір бөлігін алып жатқан алып мемлекет Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы тарағанда Қазақстан өз бетімен өмір сүре алмайды деген пікірді бұқаралық ақпарат құралдарынан, Мәскеудің лауазымды адамдарының аузынан естіп, көріп жүрдік. Осы пікірде болған олар кеңес кезінде үкімет, облыс, тіпті өндіріс пен ауыл шаруашылық басшыларын Қазақстаннан тыс жерден әкелетін. Сол кезде Янушкевич жазған “бақташыға ғана жарайтын” қазақ енді әлем санасатын мемлекетке айналды. Сонда бұрынғы пікір қалай болған? Әлде бұрынғы қазақ қайтадан туды ма екен? Осының бәрі жоғарыдан жүргізілген саясаттан болды. Мұны біле тұра ешкім ештеңе істей алмады. Басымызды





бұққан бойы жүре бердік. Сол менталитет жоғарғы буын өкілдерінде мәңгі сақталып қалды. Ендігі заманның иесі - жаңадан келген ұрпақ. Ол біздей болмайды. Елімізді оркендетіп, өркениеттікке сүйрейтін солар деп сенеміз!

Сөйтіп біздің топ Янушкевичтердің ізін қуалап жүз жиырма шақырым ғана жол жүрді. Бірақ алған әсеріміз зор болды. Бұл сапар біздің туған өлкемізді аз білетіндігімізді дәлелдеді, осыған көзімізді ашты. Сайып келгенде: біз поляк Адольф Янушкевич бастап берген зерттеуді бірінші болып жалғастырдық, шамамыз келгенше толықтырдық. Халқымызға белгісіз боп жадымыздан шығып бара жатқан адамдардың аттарын жеткіздік, деректерді қағаз бетіне түсірдік. Осылай өз тарихымыздың белгісіз беттерін өзіміз жаздық.

Қортындылай келгенде мынандай тұжырымдарға келдік.

Янушкевичтің күнделігінен халқымыздың кемеңгерлігін, сөзді ұғып тоқтайтын жерде тоқтап, қатесін мойындай алатындығын аңғарамыз.

Осы бір жарым ғасырдың арасында қоғам екі мәрте ауысып, адамзат цивилизацияның жоғарғы сатысына көтеріліпті.

Табиғаттың өзгерілуі. Өзендердің суы азайып, көлдер жоғалып, бұлақтардың көздері жабылып немесе арналарының қысқаруы.

Бірсыпыра елді мекендердің құрып, кейбіреулерінің пайда болып, қайтадан жоғалып кетуі.

Қазіргі заманда бұл өңірде Тоқымбай мен Бейсеке сияқты сөз шеберлері жоқтың қасы. Шешендік сөз құдіретін бағалаудан кешен қалып бара жатқанымыз ойландырады.

Орта жастан асқан ақсақалдардың тек өздерінің жеті атасын білуімен шектелуі, кейбіреулері оны да білмейді.





Білсе де аталарының ауыз толтырып айтарлық істері мен олардың өнеге боларлық қасиеттерінің ұмытылып қалуы, сайып келгенде, өз өңірі мен жерінің тарихын терең білмеулері. Осындайда әңгімешіл, өңірдің тарихын білетін тұнып тұрған шежіре ақсақалдарды халық аңсайды, шаршы топта тыңдағысы келеді! Сондай адамдардың жоқтығынан ауыз әдебиетіміздің рухани құлдырағаны ма деген ой тудырады. Әрине, қазіргі, отызыншы жылдары туған ұрпақты кемітуге болмайды, себебі Кеңес өкіметінің тәрбиесі солай болды. Жеті ата туралы айтуға болмайтын, батырлар мен билерді ауызға алуға тыйым салынды. Олар туралы білмедік. Сөйтіп мәңгүрттікке жетеледі. Ана тілімізден айырылып қала жаздадық.





АДОЛЬФ СΙΑҚТЫ ХАЛҚЫН СҮЙГЕН АЗАМАТТАР

Поляк Адольф Янушкевич халқымыздың дәстүріне, ерекшелігіне, оның келешегі мол екеніне, талантына тәнті болып қазақ халқы туралы Европаға жария етті. Халқымыздың бетке ұстар азаматтарымен таныстырды. Кеңес өкіметі болып тұрған кезде әлем халқы тек Ресей мемлекетін, орыс халқының бар екенін білді. Қазақтың, халық аттас республиканың бар-жоғын білмеді. Янушкевич тәрізді демократиялық ілімі бар европалықтар жазба түрінде жариялады, бірақ бұл жеткіліксіз еді. Әскери адам ретінде айта кетерім: Адольф Янушкевич сияқты бұрын Қорғаныс Министрлігінің әр саласында қызмет атқарған қазақ офицерлері де қазақ елін жүрегінде сақтап, халқының намысын ту етті. Олар КСРО-ның барлық республикаларындағы әскери округтарда, шет елдерде қызмет атқара жүріп өздерін тек үлгі ретінде көрсетті. Басымнан өткендіктен айтайын: шет жүрген қазақ офицері өте намысшыл болады. Сондықтан өздерін, өз бөлімшелері мен бөлімдерін тек жоғарғы әскери дайындықта ұстады. Мақтанышпен кейбіреулерін атайын. Олар бұрын полковник жұлдыздарын иықтарында жалтыратқан, қазір кейбірі тірі, кейбірі дүниеден озған. Кезінде Түркістан Әскери округінде мотоатқыштар взвод командирлігінен бастаған, Семей облыстық және Алматы қалалық Азаматтық қорғаныс штабтарын басқарған, республикада белгілі басшылардың бірі болған Әнияр Жауынғаров. Адамгершілігі мол, мейірімді аға қасына қазақ жігіттерін топтастыра білді. Керек уақытта бәріміз Әнекенің жанынан табылушы едік. Қазақ офицерлері пір тұтатын пол-





ковник Бауыржан Момышұлы қайтыс болғанда, Әнекен бастаған қазақ офицерлері коштасуға бардык. Ол өзінен кішіге ақылшы және жәрдемші болды. Американың дәл жанына барып Куба кризисін шешуге үлесін қосқан ракетші Серік Күзденбаев, Байқоңыр космодромында зымырандарды ғарышқа ұшыруға дайындаған ракетші Мұхит Құлымғариев, Орталық Азия округінің штабында, республикалық Азаматтық Қорғаныс штапта лауазымды қызметтерді атқарған, Хабаровскіде жоғарғы әскери училищеде дәріс берген әскери инженер құрылысшы Қайыркен Нұрсейітов. Белорусия округінде ракета дивизионының командирі болған, округте үздік офицер санында өзін көрсете білген, кейінгі кезде Алматы қалалық азаматтық қорғаныс штабының бастығы болған Совет Жантеміров, Монғолия елінде болған кеңес әскери құраманың және кейіннен республикалық Азаматтық Қорғаныс штабының кадрлар бөлімдерін басқарған десантшы Ділден Рахимов. Сөйтіп олар да қазақ деген халықтың бар екенін және оның ұлдары да күрделі де жауапты қызметтерді ойдағыдай атқара алатындарын көрсетті. Бұлардың бәрі де шет жүргенде қазақ халқының намысын жоғары ұстап, қазақ жігіттерінің басқа халық өкілдерінен кем түспейтіндерін дәлелдеді. Ұлтшылдық деген ұғым жүрегінен кеткен емес. Яғни, ұлтымызға айтылған кез келген кемсітушілікті өзімізге бағытталғандай қабылдап, соған сөзбен де, кейде теке тірестікке дейін барып, қарсы тұрдық. Мұндай келіспеушіліктер жиі болмаса да, жас кезімізде бірен-саран кездесіп қалатын. Жоғарғы офицерлер санатына енген соң, лауазымды қызметтер атқарған кезде мұндай сөздер мүлде болған емес. Халыққа айтылған кемшіліктерді өзіндікі деп қабылдауды ұлттық намысқа жатқызамыз.





Әскери өмірімізде біздер өз халқымыздың ерекшелігін айтып, жазушыларымыздың шығармаларына сілтеу жасап, мақал-мәтелдерді келтіріп қазақ халқының өкілі екенімізді қызмет атқарған жерлерімізде білдіріп жүрдік. Мінбеден сөйлейік, жай әңгімелесейік: "Егер қазақ халқын білгіңіз келсе, Мұхтар Әуезовтің "Абай жолын" оқыңыз" дейтінбіз. Кейбір кезде сол кітапты сыйлық ретінде де беріп жүрдік. Талай жылдар артта қалды. Қайсібірде өткен өміріңе шолу жасайсың. Халқыма жаманаттығымды көрсеткен жоқпын ба? екен деп ойлайсың. Арыңның таза болғаны қандай жақсы! Құдайға тәуба дейміз, халқымыздың атына бір де бір жаман сөз айтқызып, естіп те көрген жоқ екенбіз!

2007 жылдың соңында жол түсіп Алматыға бара қалдым. Бұрын қызметтес, жолдас болған офицерлермен кездескім келіп телефон шалдым. Бұрынғы нөмірмен тапқаным тек полковник Нұртаев Саясат Бегалыұлы болды. Ол жүрегі ауыратындығынан жолдастардан қол үзіп қалыпты, телефондарын іздеп таба алмады. Сәкең бұрынғы офицерлердің бірсыпырасының дүниеден өткенін айтып қынжылтты, жүректі ауыртты, босаңсытты. Нұртаев өткен ғасырдың орта шенінде сонау Кавказдағы Армавирде әскери байланыс училищені бітірген. Сосын жас офицер қызметін Қарақалпақстандағы Тахия Ташта ракета полкында байланыс взводының командирлігінен бастапты. Содан Таразда ракета полкы құрылып, бөліммен бірге Ақтөбеге ауысады. Мұнда басқару батареясында байланыс взвод командирі болады. Білімпаз, ұқыпты, мұнтаздай таза боп жүретін офицерді курсанттар ротасының командирі етіп жоғарылатады. Айта кетейік: мұндай қызметке әділ, жүріс-тұрысын тек әскери жарғылардың талабымен ұстайтын офицерлерді, бір сөзбен айтқанда үлгілі





офицерді тағайындайды. Өзін тек жақсы жағынан көрсете білген офицер Қостанай облысындағы Державинск қаласында орналасқан ракета дивизиясының байланыс торабының командирі болып, бірден подполковник орнынан шығады. Бұл дегеніңіз бүкіл дивизияның байланыс торабы майор Нуртаевтың қолында деген сөз. Тегінде мұндай қызметке әскери байланыс академиялық білімі бар офицер тағайындалуы керек. Жұмыс өте жауапты. Бүкіл ракета дивизиясын басқару ара қашықтығы сексен шақырым екі байланыс орталығы артқылы жүргізіледі. Байланыста демалыс жоқ, күнде де, түнде де дайын болуын талап етеді. Егер дабыл қағылып, бұйрық жетпей қалса, Нуртаевтың басы ұшып тұр дей беріңіз. Бұл орынға Нуртаев кездейсоқ келген жоқ. Талай тергеулерден, сынақтардан өткен. Ракета бөлімдеріне қабылдаудың ерекшелігі осылай еді. Ол бұдан бұрын әскери қызметін Кеңес өкіметінің Германиядағы әскери тобында бастаған, Венгриядағы көтерілісті басуға қатынасқан, Орынбордағы Тоцк полигонында ядролық сынақты өткізуде болған. Ракета құрамалары Кеңес өкіметінің ең алдыңғы шептегі қарулы күші болды. Стратегиялық ракеталар мүмкін болатын жау елдердің маңызды әскери және азаматтық объектілеріне ұшыруға дайын тұрды. Және Жер шарының екі жағынан да жете алатын. Ол кезде ракета бөлімінде қызмет атқаруға Отанына нағыз берілген ажырек офицерлер ғана алынатын. Сондықтан ол құпия тексерілетін. Ракеталық бөлімдерде негізінен орыстар ғана қызмет атқаратын. Кейбір халықтар өкілдері ракета әскеріне мүлде шақырылмайтын. Шектеуге қарамастан қазақ офицерлеріне рұқсат болды. Бұл қазаққа деген сенімнің болғаны деген сөз.

Подполковник Нуртаевтың артында жиырма жыл





офицерлік уақыт қалыпты. Ракета бөлімінде сегіз жыл өмірі өтіпті. Ойланатын мезгіл де жеткен сияқты. Елге, қазақтарға көңіл ауа беретін болды. Ылғи орыстармен жұмыс істеген жалықтырғандай болды. Ол Алматыға тура тартты. Республикалық Азаматтық Қорғаныс штабының бастығы генерал Әлібесковтің алдынан бір-ақ шықты. "Неге ауысқың келеді?" деп сұрады генерал-майор. "Қазақтың ішінде жиырма жыл болмаппын, аға. Сағындым," деді подполковник. Саясат Нұртаевтың "қазақты сағындым" деген сөзі оның жүрекжарды сыры еді. Қатал генерал подполковниктің дербес ісінен бір сөгісті көзі шалып, Нұртаевты қабылдамай қайтарып жіберді. Алған бетінсн қайтпайтын Нұртаев дивизияның штаб бастығына барып мән-жайды айтып еді, дивизияның байланыс торабының командирін жақсы білетін полковник Василий Колмаков істің арасынан әлгі бетті жыртып, лақтырып жіберді де: "Жауапты жұмыста сөгіссіз болмайды. Мә, ісіңіз. Қанша алғыс керек, сонша жазып әкеліңіз" деп қоя берді. Екінші рет келгенде ғана генерал келісімін беріп, подполковник Нұртаев жаңа салаға ауысты. Мұнда да өзіне тән ұқыптылықпен әскери қызметті өз мамандығы бойынша атқарып, отыз жылдың төбесіне шыққанда запасқа кетті.

Полковник Нұртаевты әдейі мысалға келтіріп отырмыз. Жоғарыда аталған офицерлердің бәрінің де әскери жоғары білімі болды. Тек қана әскери орта білімі бола тұра полковник дәрежесіне жету ілуде біреу. Кеңес заманы кезінде Қорғаныс Министрлігінде қызмет сткен барлық офицерлердің бес-он пайызы ғана осы офицерлер иерархиясының шыңына жететін болса, Саясат Бегалыұлының полковник атағын алуы ауызға аларлықтай болғаны. Бұл жас офицерлерге өнеге. "Талап - темір үзеді"





деген сөз осындай адамдардың өмірде болғандығынан айтылған болар.

Кезінде офицерлер өзара жолдастық, қызметтік қатынастан әрі аспады. Сұрасаң, облысын сұрайсың. Осы жолы ғана білдім Саясаттың қазіргі Маңғыстау облысының Құрманғазы ауданындағы Талды Арал ауылынан екенін.





ЖАҢАДАН ОРАЛҒАН РУХ ПЕН ДІН

Осы, екі мың жетінші жылдың бесінші қыркүйегінде Ертіс өңірінде елеулі оқиға болды. Осы жерден бір ғасыр бұрын қуылған қазақтар аруағының рухы жаңадан салынған мешітпен бірге оралғандай болды. Себебі бұл жерге патша әскерінің отставкаға шыққан офицері Баженов туыстарымен келіп орын тепкен екен. Енді орыстар азайып, дені қазаққа айналған елді мекен ділін өзгертті. Бұл күн тек ауыл тұрғындары емес, бүкіл маңайдағы ауылдарға да келелі оқиға болды. Әдемі киінген жұрт көршілес Бұлақ пен Жаңа Жол ауылдарынан да келді. Ауыл ортасындағы еңселі мешіттің ақ мұнарасы анадайдан “мен мұңдалап” тұр. Іші кең, ауылға лайықты. Үлкен залы, имам бөлмесі бар. Ғимараттың жан-жағы қоршалып, құнарлы топырақ төгіліп, жолдары асфальттанған. Қортындылап айтқанда – көпшіліктің көңіліне тоятындай жұмыстар атқарылыпты.

Ашылу салтанатына жиналғандардың көпшілігі сонша, мешітке симағандықтан мәжіліс далада өтті.

Мешіттің іші мен сыртынан ұқыптылықпен істеген қолдың жылуы көреген көзге білініп-ақ тұр. Осындай әдемі, ауылдағы ең әсем ғимаратты салуға “Даңқ” компаниясының президенті Балтабек Мұқашев пен осы компанияның бас директоры Аман Әділхановтар қол ұшып беріпті. Бұл жігіттер үшін мешіт салу жаңалық емес екен. Жаңасемейдегі “Шағыл” мешітін де өз қаржыларымен салдыртыпты. Ал енді осы мешітті салу барысында жерін заңдастырып, жобасын жасатқызып, құрылыс жұмысын басқарған осы ауылдың бұрынғы тұрғыны Кенжеғазы Өзханов. Оқырманға бұл азамат жоғарыдан таныс. Ол Янушкевичтің ізімен жүргенде жол бастаған.





Заманшын өзгергенін мына бір жаңашылық көрсетті. Мәжілісті Семейдегі Латиф Мусин атындағы тас мешіттің имама Нұрбек Нәзірұлы жүргізді. Ерекшелігі сонда, ол құттықтауға келген адамдарға сөз берер алдында, лауазымына сай діни мысалдар келтіріп айтып тұрды. Салтанат соңында мешіт салу барысында ерінбей еңбек еткен ауыл азаматтарының иықтарына шапан жабылып, сый-сияпат жасалды. Осыдан кейін Кеңес Одағының батыры Айткен Ибраев атындағы орта мектепте аруақтарға арналып ас берілді. Далада өткен мәжілісте де, ас беру барысында да мешіттің ашылуына байланысты жылы лебіз білдірушілер көп болды.

Бәрі де айтарлықтай өтті. Шеттен келгендер де, жергілікті тұрғындар да мұндай салтанатты мәжілісті осыған дейін көрмегендерін айтты. Бірақ көкейді жеп тұрған бір мәселе болды. Ол – қазақ ауылының орысша аталуы. Осы жерге алып келіп, ұрпақтарын өрбіткен Амалдық Ақбайұлының рухын соңына дейін сыйлау үшін, ауылдың атын Амалдық ауылы болып өзгертілсе деген ұсыныс болды. Жаугершілік заманда туған баланың атын Амалдық деп, сірә, тегін қоймаған болар. Халқының басына төнген қиыншылықтан, бала Амалдық ер азамат болып өскен соң, бір амалын тауып құтқарар деген үмітпен атаған шығар. Сол Амалдық елінің үмітін ақтап, қиыншылықта амал тауып, жұтаған халықты осы жерге алып келіп өсіп, өндіртті. Қазіргі ұрпағы ауыл-ауыл болып отыр. Олай болса, ауылдың аты соның атымен аталса, “нұр үстіне нұр болар еді”, деген сөз мағынасына сай боп дөп түсер еді.

Айта кету керек: осы мешітті салысуда Кенжеғазы Өзхановқа оң қолы көмекшісі болған Нарботадан бастау алатын Нұрахмет Ақтайұлы Нұрпейісов.





Елінің зауал шақ кезеңінде халқының қасіретін адами қасиетімен көтеріп, елі мен жұртына пана, қорған болған, қиыншылықты бірге кешіп, күрделі боп байланған түйіндерді шешіп, қолбасшы, көшбасшысы болған, қазір ұрпақтары осы өлкеде отырған Есенгүл, Амалдық пен Тойшы сияқты нар түйедей елінің жүгін көтеретін қазақтың ұлдары көбейе берсін дер едік. Сондай адамдардың ұлы істерін дәріптеу, ұмытпау артындағы ұрпақтың үлесінде.

Сапар барысында біз халқымыздың өткенін бүгінгі күнмен жалғастырдық. Өткенді жаңғырту болашаққа бағдар, келешекке кемел қадам жасау. Ұрпағы бардың – ұланы бар, ұланы бардың ұлылығы ұмытылмайды.

Соңы.

Семей-Керуснкөл, Торғай - Ақтұмсық -
Талдықорған - Жаңажол - Эбетей - Қақ - Семей
3 шілде 2003 жыл – 7 желтоқсан 2007 жыл





МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
Янушкевич келер алдында.....	9
Сөйтіп, Семей туралы не жазды екен?.....	20
Торғай ауылы.....	27
Ақтұмсық.....	47
Талды Қорған.....	49
Қақ.....	58
Адольф сияқты халқын сүйген азаматтар.....	96
Жаңадан оралған рух пен дін.....	102

Калиакпаров Шаймардан Ахмарович

ПО СЛЕДАМ АДОЛЬФА ЯНУШКЕВИЧА

исторический очерк

/на казахском языке/

Басуға қол қойылған күні 12.03.2008 ж.

Пішімі 60x90/16. Офсеттік қағаз

Шартты баспа табағы 6,9. Есептік баспа табағы 6,4

Таралымы 100. Тапсырыс № 1

071400, Семей қаласы

Шугаев көшесі, 4

«Интеллект» баспа үйі